

БІРІНШІ БӨЛІМ

ПОЭМАЛАР

ҚАРА ЖАРТАС ХИКАЯСЫ

(Поэма)

ТІЗГІН ҚАҒАР

Абай айтса:

«Жартасқа бардым,
Күнде айғай салдым,
Одан да шықты жаңғырық...»
Мұхтарға жартас қарайтын еді паң күліп.
Шыңғыстың сырты, Бөкенші асып, бір күні
Ахмет пен Мұхтар сейілге шықты аң қуып.
– Сонау бір жартас... Жанына жақын баралық.
Қарайды Мұхтар қарадан-қарап қабарып.
– Шыңғыста не көп, жартас көп, Мұхтар, қойсаңшы,
Жайлауды қара, жайнаған жасыл, таранып...
– Жоқ, ана жартас... кәрі апам айтқан сөз қайда!
– Көп сөзі ұмыт. Уақыт, шіркін, озбай ма.
– Ұмыту оны мүмкін бе? – дейді жас Мұхтар.
Кәрі апам сөзі көнеден бір сыр қозғай ма...

КҮМӘНДІ КҮНӘ

Шыңғыстың тауы жас та, тасы кәрі,
Аң-құсы тәмам жұртты асырады.
Тарихтың талай көші өтсе-дағы,
Шоң жартас шер-құпия жасырады.

Баз кешіп жалғыз ұлдың өлімінен,
Бел буып қалың елден бөлінуге,
«Қодар шал зор күнәға батқан, – дейді, –
Қыстауда қалып қойып келінімен».

Азадан кезіп кетпей Арқа белін,
Атасын қалқа тұтып Қамқа келін,
Тағдырдың тәлкегіне көнген дейді,
Басына үймелетіп бар пәлені...

Жұрт гулеп: «Шал бұзылды, келін азды»,
Сұмдықтың бүкіл ата тегін қазды.
Күйдіргі сөз жайылды өрт тигендей,
Бір ауық бүкір өсек белін жазды.

Білмеді ел шыны қайсы, өтірігі,
Көлкіді көлгірліктің көпірігі.
Біреулер отқа майды құя түсті,
Кеудесін кернеп кектің кекірігі.

«Сұм келін атасынан жүкті!» деді,

«Шал – залым, құдай атсын, тіпті!» деді.
Ағайын арасына ши жүгіртіп,
Сыпсың сөз бір сойқанға түрткіледі.

Қазақтың дәстүрі бар, салты да бар,
Дәстүр, салтын сақтайтын қалпы да бар.
Әмеңгерлік жүрмейді әйтсе-дағы
Ата менен келінге. Ар кінәлар.

Отырғызып күнәнің арбасына,
Екеуін жақындатты жар басына.
Мың саққа жүгіртеді ұзынқұлақ,
«Махаббатты» мынадай қорғасын ба.

Тағдырдың өзі теріс бата беріп,
Мазакқа ұшырады ата, келін.
Ескі жұрт та қайсы бір пана дейсің,
Бауырынан жыландар жатады өріп.

Соңынан әр пенденің сөз ереді,
Сары бел сазбеттеніп безереді.
Құлап жатып, күлетін сүрінгенге,
Бұл да бір күдіс қабақ кезең еді.

Ғұмырды кім түсінер, кім ұғады,
Тірінің түбі бәрі тынығады.
Қу нәпсі неге сонша аран ашып,
Қу құлқын неге сонша құнығады...

Мысалы Қодар ұлдың жылын күткен,
Қаусаған терекпін деп күнім біткен.
Жас қайың жапырағын жаяр, бәлкім,
Жанына сая тапса, бір үмітпен...

Ағайын өш ала ма бұлай күндеп,
Алладан сұрады ма жылаймын деп.
Ашынып айтып қалған бір сөзі еді:
«Кәрінен де қорықпаймын Құдайдың» деп.

Сұққылап суық секем миын ептеп,
Қол сілтейді бәріне күйінед те.
Қарашоқы маңында қара жартас,
Қара жартас түбінде жиын өтпек...

ЖАНАЙҚАЙ

Жартаспын мен, кереңмін,
Жаңғырығым қаңғырған.
Жан құсаға өлеңмін,
Жалғыздығым тағдырдан.

Жаңбыр жуса жүзімді,
Жон арқамды жел осты.
Талай ғұмыр үзілді,
Тұра берем мен өстіп.

Қара суық қар ұрды,

Қара нөсер шелектеп,
Жасырамын зарымды,
Тіс жармауым керек деп.

Жемтік әкеп бөктергі,
Қонақтады желкеме.
Көрмес көзім көп көрді,
Көрмесем де еркелеп.

Жалын құштым, жанбадым,
Жер сілкінсе құламай.
Жұмбақ өлең арнады,
Жаны жара ұлы Абай.

Заман көшті басымнан,
Түйдек-түйдек бұлт боп.
Қайғы алып ғасырдан,
Қала берем ұмыт боп.

Жартаспын мен, түнерем,
Жалғыз тұру жанқайғы.
Төбесі көк тіреген
Ақ шың басын шайқайды.

Тым болмаса мұз қамап,
Ақ сәукеле кимедім,
Қан шеңгелді мұзбалақ
Қарар еді именіп.

Құм жиылып тас болсын,
Тас болғаннан не пайда.
Қара жартас бас болсын,
Бас болғаннан не пайда.

Шекемді күн қыздырсын,
Тәнім суық, тоңамын...
Шексем-дағы жүз бір сын,
Елемеген боламын.

Жартаспын мен суықпын,
Пана тұтпақ қай мұндар...
Күн артынан қуып күн,
Қалыңдайтын қайғым бар.

Менен медет сұрама,
Жақындама маған көп.
Айналып өт, сірә да,
Алысқа кет, аман кет...

ЖАЛАЛЫ ЖАЗА

Қара жартас қасында қара жиын,
Тік шаншылып барады қара құйын.
Қодар менен Қамқаны алып келді,
Бастарына қабағат зауал үйіп.

Қылмыс тауып елде жоқ, жаза кесті,

Бастан дәурен жалт етіп озады өстіп.
Қара нарға екеуін асқан кезде
Дем таусылды, жан шықты, тозаңы өшті.

Қарашоқы шошынып құлақ түрді,
Қара тобыр жапты да шұбап қырды,
Қаумаласып Қодарды алып шығып,
Қара жартас басынан лақтырды.

Қырық ру кісісі кесек атып,
Кесекке қосып тағы өсек атып,
Қодар менен Қамқаны өлтіріпті,
Жауап жоқ, кім кінәлі десе Уақыт.

Біреуіне адамдар бірі кекті,
Бірі келіп өмірге бірі кетті.
Қара жартас сол күні қақ айрылды,
Қара тасты от жасын тіліп өтті.

Қара жартас қаһарлы күркіреді,
Қара жонда топ киік дүркіреді.
Батыс жақты өртеген қып-қызыл күн,
Көзінен аққан қанды іркіп еді.

Қара жартас көп тұрды есеңгіреп,
Қайтарамын қайткенде есемді деп,
«Қодарды осы өлтірген!..»
Сыбыр-күбір,
Айдар тағып, ат қойды «кеселді» деп.

Аласасы бар және асқағы бар,
Сала берер өзгеріп қас қағымда.
Ақталғысы келеді қалай, сонда,
Арта салып адамдар тасқа кінә.

Кір жуытпас тіпті де аппағына,
Батып жатып өмірдің батпағына.
Тастан қару жасаған сол пенделер
Басқа қару түрін де таппады ма.

Қара жартас түңіліп, қамығады,
Түңілгені түрінен танылады.
Қарақошқыл реңін көрген кезде
Тіл қатудан пенделер жаңылады.

Қара жартас қоймайды қарамасқа,
Қарғыс айтты бір дұға араласқан.
«Ей, пенделер, зар шегіп мен сияқты,
Айналыңдар сендер де қара тасқа!..»

Ғасырлардың балаққа шаңы жұқты,
Қара жартас шынымен шағыныпты.
Іңірдегі, апыр-ай, айтқан сол сөз
Құлағына құдайдың шалыныпты...

ЖАҢҒЫРЫҚ

Сен – жартассың, жел – жауың,
Сен жартассың, күн жауың.
Мүмкін емес болжауың,
Тағдыр қатал таразы,
Өзекті жан наразы,
Өз ортасын жатсынар.
Байлық сұрар, бақ сұрар,
Көз көруге тоймайды,
Қол алуын қоймайды.
Бәрін басып баурына,
Билеп-төстеуді ойлайды.

Іргеден жау іздейді,
Төбеден тау іздейді,
Жалғыз қалып соңында,
Жалмап оңын, солын да,
Қара тасқа айналмақ,
Жартас болып ойланбақ.

Сен – жартассың, дарасың,
Сен – жартассың, мығымсың.
Жұрт таңданып қарасын,
Не түсініп, ұғынсын...
Мелшиесің міз бақпай,
Ерімейтін мұздақтай,
Бетке ұрып ызғарың,
Мысыңменен басасың.
Құпиянды жасырған
Кімге қашан ашасың?!.

Сен – жартассың, досың жоқ,
Сен – жартассың, жоқ бауыр.
Атанға артар қосың жоқ,
Алыс-жақын жатбауыр.
Жартас – жалқы, жан – жетім,
Жазықты деп жасқаман.
Жалғызсырап ер жеттім,
Жақынырақ тас маған.

Сен – жартассың, қаталсың
Қайғысына басқаның.
Жолдар қайда апарсын,
Сенсің бауыр басқаным.
Жартас – тағдыр, жат көрме,
Жайымыз бар ұғысар.
Жаз дәуренді жалт берген,
Жан табылмас қуысар.

Абай болып алыстым,
Ақиқаттың жауымен.
Аз шыдамды тауыстым,
Там-тұм төзім тауып ем.
Сен – жартассың, үндеме,
Жаңғырығың мендік қой.
Жалғыз қалған күнде де
Жанбағысқа көндік қой.
Жан сырымды жайдым-ақ,

Жынды ма дер жәдігөй.
Бейіт көрдім айқұлақ,
Таныс бейіт еді ғой.
Қодар менен Қамқадай
Қор болғандар қаншама!
Өмір жолы әрқалай,
Бірдей емес баршаға...
Сен – жартассың, түбінде,
Жабырқама, жасыма,
Кездерінде түңілген,
Мені шақыр қасыңа...

Сен – жартассың, тірінде,
Баста бақыт тұрмайды.
Қолдан келсе сүрінбе,
Қол созымда тұр қайғы.
Шалқайма да еңкейме,
Жартасқа бұл жараспас.
Қапа болам мен кейде,
Бордай тозса болат тас.
Сен – жартассың, тозасың,
Мүжілесің, құлайсың.
Сөздің несін созасың,
Менен несін сұрайсың...

ТІЗГІН ТАРТАР

– Сонау жартас маған көп ой салады...
– Қайсы?

– ...

Жайлау қандай, Жаз қандай. Мұнар қандай.
Жан-жағыңа қарайсың құмар қанбай.

Ахмет, Мұхтар аңызға тұзақ құрды,
Қара жартас қасында ұзақ тұрды.

– Абай ағам туралы жазсам деймін...
– Жартастың оған қандай қатысы бар?..
– ...

Сол жартас қой ой салған... сенсеңіздер,
Мұхтардың жасы сонда он сегізде!

– Кәрі апамның әңгімесі есінде ме?
– Қай әңгімесі?
– ... «Баяғы жартас...».

АҚ ТҰМА

(Поэма)

«Жаспыз ғой, десек-дағы, жаспыз әлі,
Келешекке керуен көш те ұзады.
Жүрегіне жүк арту, әйтеуір бір,
Өмірдің өзгермейтін ескі заңы.

Замандаспыз екеуміз, бірақ, біздер,
Жасқа жеттік жұмбақпыз, сұрақпыз дер.
Әркім де өз өмірін бұл тірлікте
Қуаныш пен қайғыдан құраппыз дер...».

Осылай деп бастады ол әңгімесін,
Жайып салып алдыма жан дүниесін.
Жүрегiнiң дүрсiлiн тыңдай бердiм,
Жалғандықсыз, риясыз сендiргесiн.

* * *

– Тiршiлiк толқынында ерен, өктем,
Жаңқалар жандалбаса көлең еткен.
Дәрменсiздiк торына шырмалса да
Қуат алған жастық шақ кереметтен.

Тiрлiгiнде дамылсыз дедектеген,
Пенделер бар, бiлмеймiн, себеп неден.
Кейде, осы, барлық адам мен сияқты,
Кейде, осы, барлық адам бөлек менен.

Ғаламат сырлары көп ғасыр мынау,
Ғасырым талай сырды жасырдың-ау,
Ақ жарыла сөйле деп Замана тұр,
Айтарың болса, қане, жосыл, жырау.

* * *

Сан сауал бар тосатын күнде алдымнан,
Бiрде мұңлы, бiрде шат тыңдадым ән.
Жауап күттiм үдерген жылдарымнан,
Бас айналды өмiрдiң жұмбағынан.
Ең ләзатты қуаныш өнерде ме,
Табамын ба жан дауа жыр бағынан.

Көңiл қалып өзгеден, өзiмнен де,
Көңiлсiздiк салқыны сезiлгенде,
Ұйқы қашып, төсектен безiнгенде,
Жоғалтқанда ең жақын досымды да,
Жоғалған жоқ сенiм мен төзiм менде.

Бала кезден жақсыға елiктедiм,
Табиғатты танудан зерiкпедiм.
Ғашық болып көрсем деп армандаушы ем,
Достым, сен ғашық болып көрiп пе едiң?!

Бала қиял жанымды нұрға бөлеп,
Нұрға бөлеп тұратын, жырға бөлеп,
Өмiрдi әдемі өлең деп ойладым,
Бiлесiң бе, адамға бұл да керек...

Махаббатты мәңгiлiк армандадым,
Жек көрдiм, десе бiреу, жалған, бәрiн,
Кiм бiлген сол шақтарда, өз алдымда
Қаншама тайғақ кешу жолдар барын.

Сыр ғой бір, зауқың соқса, тыңда, достым,
Ақ сезімді жасымнан жырлап өстім.
Құрбыларым қалжыңдай бастап еді,
Мен бірден-ақ бұлтақсыз шынға көштім.

Күндер келді жаңбырсыз, алабұлтты,
Сәт сайын сынап көңіл алабұртты.
Жастық шақ әнін айта бастағанда,
Жоғалтып алыппын ғой балалықты.

Бүгінде түс сияқты соның бәрі,
Бекет пе аялдаған жолымдағы.
Басқа жақтан іздепін арманымды,
Байқамай бақытымды қолымдағы.

* * *

Бұлдырайды көз алдымда ескі күн,
Бұзау іздеп шығатынбыз кешқұрым.
Бұзау емес, Айнұрды іздеп табам деп,
Талай рет апамнан сөз естідім.

Тұтам төзім таусылғандай болғанда,
Тағы бірде жолығысып сол маңда.
Хат беріп ем бір құпия сыр айтып,
Тап болып ем сұрағы көп орманға.

Жазған едім ғашықтықтың қиялын,
Бойды билеп бұрқанысты күй ағын,
Қүдіретті сезім аунап жатты ғой,
Құрамында хат жазған көк сияның.

Күні-түні жауап күттім елеңдеп,
Көңіл күйім жүрді түсіп, төмендеп,
Бір ай өтті, екі ай өтті, үшінші...
Емексимін «Ертең жауап берер» деп.

Балалықпен басталса да бұл бірақ,
Ақ тұмадай мөлдір, таза бір бұлақ.
Тағдыр дейтін таудың төсін тепкілеп,
Таңырқатты құлап ағып, құлдырап.

* * *

Ол кезде әнім менің Айнұр еді,
Әр күнгі қуанышым, қайғым еді.
Ал қара аспанымды жарық қылған
Айнұр маған аяулы Ай-Күн еді.

Ойлаймын, онжылдықтың кезін әлгі,
Көгілдір көркем дүние көзім алды.
Білмеппін байқаусызда жүрегіме
Орнағанын бір ыстық сезім мәңгі.

Кезінде бұл жайға кім мән береді,
Ескерусіз ұмыт боп ең керегі.
Жылдар жылжып өткенде есіне алып,
Қас қағымды ғұмырға теңгереді.

Мектептегі күндер-ай, арман бүгін,
Аңғармаған жалғанның жалғандығын.
Бал бұлақтай сылдырап ағушы ең-ау,
Сонымен-ақ талайды таң қалдырдың.

Күндер талай ұсынар сыйын бізге,
Қиындыққа әуелден үйірміз бе.
Көктем еді дүние көгорайлы,
Жолықпаған кез еді шиырлы ізге.

* * *

Онжылдықтың ақырғы күндерінде,
Шалыс бастым,
Білдім бе, білмедім бе.
Айнұр менен алыстап бара жатты,
Жан қалауы өзі деп жүргенімде.

Елемеді ол мені, көзге ілмеді,
Сыр бермеді өзгеге, сездірмеді.
Сездім дедім мен одан салқын рай,
Етжүректі ертерек езгіледім.

Сырларымды неге ол түсінбеді,
Тәтті күндер өткерген түсім бе еді.
Мезгілсіз махаббат деп ойлады ма,
Мазалай бергендігім үшін мені...

Сірә, мен жаңылдым ба соқпағымнан,
Адастым алабұртқан шақтарымнан.
Мен барғанда шықпайды бұрынғыдай,
Тұрып-тұрып қайтамын қақпа алдында.

Түн қойнында мен жалғыз қалған едім,
Түсінсең ғой жайымды сонда менің.
Алғаш рет мен сонда жаурағанмын,
Алғаш рет мен сонда тоңған едім.

Бұлай жүру тым ауыр, қиын еді,
Көңіл жүдеп, көкірек күйінеді.
Ең соңғы рет баруым бұл көктемде,
Ең соңғы шешілмеген түйін еді.

Жоғалды ма, сонымен, жоқ па арманым,
Қарсы алдымда күз-қия, жақпар қалың.
Бір асығыс шешімге келдім-дағы,
Екінші рет мен оған хат жолдадым:

«Қоштасамын көктемде тағдыр солай,
Арманым ең аңсаған бақ құсымдай.
Кінә артпаймын мен саған еш уақытта,
Бақытты бол өмірде бұдан бұлай!..»

* * *

Білім қуып мен келдім астанаға,

Айнұрды күтіп алды басқа қала.
Бірге жүрсек ұғысып кетер ме едік,
Жолайырық іздедік босқа ғана.

Қала өмірі қым-қуат, тірлік бөлек,
От-жалынға жүректі жүрдік бөлеп,
Ұйқы жоқ, таң атқанша таласушы ек,
Студенттік ортада сыр бүкпеп ек.

Лапылдаған кез еді ерек мүлде,
Кедергі жоқ бойдағы жел екпінге.
Өзің үшін өлшеусіз өмір екен,
Қазір соның барлығы керек кімге.

Бұйығылау болсам да басқалардан,
Алау еді мендегі асқақ арман.
Түні бойы оқимын дастандарды,
Тамшылатып отырып жас жанардан.

Сағыныштың баурайды мұны мені,
Тіршіліктің заулайды күні ілгері.
Мектептегі күндерім еске түссе,
Ұзақ таңға кірпігім ілінбеді.

Әр нәрсемен өзімді алдандырып,
Шуақ шашты алдымнан тандар күліп,
Жүрегімнің жарасын кім түсінсін,
Сыр сандыққа кілті жоқ салған құлып.

Жақ ашпадым ешкімге өмірімнен,
Жұмбақ санап жүрді олар мені мүлдем.
Сонда-дағы барлығын сусындаттым,
Сезіміммен, секемсіз сеніміммен.

* * *

Жамалыңда ойнаса жастық нұры,
Жүрегіңде туындар достық жыры.
Доспен өткен бір күнге татымайды
Тірлігіңнің мәні жоқ босқын күні.

Жас кезінде шешілмес түйін бар ма,
Жас дәуреннен артатын сыйың бар ма.
Жиі-жиі достармен барып жүрдім,
Жырқұмарлар бас қосқан жиындарға.

Өтті күндер осылай дүрмекпенен,
Түк емес қой тірлігің тірнектеген.
Мағынасыз санадым жылдарымды
Арманыммен – Айнұрмен бірге өтпеген.

* * *

«Жиырма беске жетпеген құрбыласым,
Өміріңді өлшеусіз жыр қыласың.
Жүзіңе мен қараймын көзімді алмай,
Бәрінен де бір сезім тұрды басым.

Бірақ, бірақ... сен қазір, тегі, мүлде,
Бейімдеусің біртүрлі егілуге.
Өмір күрес екенін білесің ғой,
Болатыны жеңу де, жеңілу де...».

Тізгінін бұл ойымның ұстап қалып,
Айтуға үш оқталып, үш тоқталып,
Өміріңнен іздеймін өзгеше сыр,
Өзіңмен ұқсастықты түстеп-танып.

* * *

Айлар, жылдар ақырын өте берді,
Біреулерге бақыт та төте келді.
Аспанымда бір жарық жұлдыз қалды,
Менің өмірімдегі жеке белгі.

Жігіттер де үй болып, бөлектенді,
Өмір заңы, өсту де керек пе енді.
Айнұрменен жолымыз түйіспеді,
Кімге айтуды білмеймін мен өкпемді.

Іздесем бе өмірден басқа бір ән,
Жан жарасын жасырар жас қабылан.
Қайғыдан қайық жасап алмақпын ба,
Қайтадан келмейтұғын қас қағымнан...

* * *

Көктем кезі. Думанға жол ашқанбыз,
Туған күннен таң ата тарасқанбыз.
Қолтықтасып құрбылар кетіп жатты,
Барлығында жайдары жарасқан жүз.

Бірге қайттым сол күні Толқынменен,
Толқи бастап едім ғой ол күнде мен.
Екеуміз де қауіпті от-сезімнің
Тұтандырдық, білмеймін, өртін неден.

Жанарына құмартып қарай берем,
Қабағынан шуақты арай көрем.
Кей кездерде ойлаймын бекер ме деп,
Қас қабақтан ұғысу оңай деген.

Жанарына тым ұзақ тесілдім мен,
Жеткізер деп неңдей сыр есіл күннен.
Тағы да жолығыстым тосын мұңмен.
Сезімімнің алдында тосылдым мен.

Баурағанын байқадым мені бірден,
Сезімге мен де ес-түссіз беріліп ем.
Тәтті еді,
Тәтті өмірге елігіп ем,
Ең алғаш сүйген кезде ерінінен.

Болған бір түсініксіз жай бұл өзі,
Қыз еді ол инабатты, бай мінезі.

Бақыт көрдім мен оның жанарынан,
Маңайымды жүргенде қайғы кезіп.

Жүреді күнде менің көз алдымда,
Қолымды енді соған созамын ба.
Сан алуан ойлардың бұлты болып
Көк сағым күтіп тұрды кез алдымда.

Әрдайым бірге қатар ойнап-күліп,
Жүректегі сырларды ойлап, біліп.
Ұсынады ол күн сайын кездескенде
Тәтті әзіл, бал қылығын қаймақ қылып.

Ойланамын кей-кейде жеке қалып,
Селт етемін өзімнен секем алып,
Осы күнге дейінгі айлар, жылдар,
Көз алдымнан жайымен өтеді ағып.

Тоқтау салмай тентектеу бір сезімге,
Тіке, тура қараймыз күн көзіне.
– Ұқсамайсың ешкімге, – дейді Толқын,
Күлемін де қоямын бұл сөзіне.

– Жырларыңның барлығы неге мұнды,
Шаттықпенен жырлашы келер күнді.
Махаббаттың айтатын мәңгілігін
Жаттап алдым, – дейді ол, – өлеңіңді.

Жырға құмар жүрегін аяладым,
Бірге кездік жастықтың сая бағын.
Жарасымды басталған жарастықты
Қалай, қалай үземін, жоя аламын.

Келгенменен өзімді алыстатқым,
Дегенменен өзге бір өріс таптым.
Бала кезден басталған болашаққа
Мен өмірде жалғыз-ақ жол ұстаппын.

Мен өмірде жалғыз-ақ жол ұстаппын,
Жалғыз арман кеудеме қоныстаттым.
Мен – өзенмін, арнамда асау ағын,
Теңіз толқындарымен тоғыспақпын...

* * *

Арман, арман әрдайым жетеледі,
Жастық жылдар жайымен өте берді.
Айнұрменен жолығар күнді аңсадым,
Өмірдің де мәні сол екен енді.

Қабағымнан ұғатын сырды бөтен,
Толқын да бұл халімді білді ме екен.
Мұң байқадым мен оның жанарынан,
Оңашада жылап та жүрді ме екен.

* * *

Алматыға көктем келді көк шұға,
Көп сырды айтып, өпті лебі, тек, шыда.
Бәрі жақсы-ау, бірақ та мен ұқсаймын
Белгісізді іздеп жүрген жоқшыға.

Алматыға келді көктем төгіп нұр,
Өрен болсаң өрнекті жыр өрілдір.
Өткен өтті-ау, әйтсе-дағы көңілден
Кетпейді ғой сонау көктем көгілдір.

Алматыға көктем келді. Келеді,
Күн артынан күн қуалап жөнелді,
Орала ма сол бір көктем, білмеймін,
Бұрымды қыз түске жиі енеді.

* * *

Көктем кезі. Толқып-тасып жүргенмін,
Көркем дүние, көз алдымда түрленді.
Көктем-дәурен көп тұрмасын басында
Күнілгері болжаумен білген кім.

Толқынды мен жолықтырдым көңілсіз,
Жанарында сәуле ойнайды сенімсіз.
Өлеңімді қайтарды да өзіме,
Бүктелген бір қағаз берді ол үнсіз.

ХАТ

«Қуан, саған рахмет бәріне,
Сүйемін деп жыр жазарсың әлі де.
Шын сүйгенің бола алмадым мен сенің,
Оған сені кінәламан, әрине.

Қиялыңмен жырдан өрнек тоқыдың,
Дейтін едің: «Ыстықсың сен, о, Күнім!».
Өзің берген жыр дәптердің ішінен
«Айнұрға» деп жазған жырыңды оқыдым,

Күтпеп едім сенен мұны, шыным бұл,
Келер күндер кейде маған бұлыңғыр.
Екіұдай екеніңді айтсаң ғой,
Сұрағанда мен өзіңнен бұрын бір.

Әлде, бұған, өзім шығар кінәлі,
Ақ сезімнің айтылмады шын әні.
Саған сеніп бір биікке шыққан ем,
Сол биіктен көңіл құсым құлады.

Махаббаттың жоқ екен ғой тұрағы,
Жүрек жалқы. Табылмады сыңары.
Оңаша ғап есіме алсам өткенді,
Сенің бейнең көз алдымда тұрады.

Қош бол енді, қанатымды күйдірдің,
Кінәлісің, еркімнен тыс сүйдірдің,
Қош бол енді. Саған бақыт тілеймін,
Бар сөзімді осы хатқа сыйдырдым».

... Толқын хаты көп толқытты, қинады,
Тағы да бір айықпас мұң сыйлады.
Серпіле алмай сауалдардан сан қилы,
Сезінемін сол бір қиын күйді әлі.

Қарауытып тұрды орман тым қалың,
Көп тыңдадым бұлақтардың түнгі әнін.
Толқынды мен қиып кеттім, қайтейін,
Сыйладым да қайғы, азап, мұң – бәрін.

«Толқын!
Қазір мені кінәлауға құмарсың,
Сырларымды жырларымнан ұғарсың.
Батар күнді шығарып сап, қамығып,
Бейуақта мені еске алып тұрарсың.

Көз алдыңнан кетпей қойсам, кешір, сен,
Жоғаламын жүрегіңнен өшірсең.
Суретімді алып таста альбомнан,
Сол суретті сақтамақсың несін сен...

Мен сезімді жеңе алмадым, жеңбеймін,
Саған емес, мен өзіме сенбеймін.
Көп ойлама, көп ойлама сен мені,
Бірақ мені түсінеді сендей кім...

Бірге қатар күліп-ойнап жүргенде,
Бақытты шақ өте шықты бір демде.
Көп жылама, көп жылама түндерде,
Үйренсең де жылап өмір сүргенге.

Жұдырықтай жүрегімде жетер мұң,
Ағыстармен алыс ағып кетермін.
Баяны жоқ бақытымды ойлармын,
Ойлай-ойлай өмірден де өтермін...».

* * *

Қысқа ғұмыр толған егес, досым-ай,
Қанша тағдыр қалып жатыр қосылмай.
Ұмытарым, ұмытпасым – белгісіз,
Жолдарымыз екі айрылды осылай.

Сынап сәттей сырғып өткен, айхай, күн,
Өте шықты деп басымды шайқаймын.
Сәтсіздіктер сырын іштей сезсем де,
Мойындағым келмейтінін байқаймын.

Беу, алғашқы махаббатым, аяулым,
Жүрегіме салдың өшпес қаяу, мұң.
Сенде қалған күндерімді ойлаумен,
Мына қысқа ғұмырымда ояумын.

Махаббат боп жанған, менің жұлдызым,
Мәңгі сөнбей қалған, менің жұлдызым.
Жалт беретін жалған ба едің, жұлдызым,

Алыстағы арман ба едің, жұлдызым!

* * *

Тұтқынында жүрдім ойдың әр тарап,
Қайтсем ғана жүрек шері тарқамақ.
... Айнұрменен жолығуға бекініп,
Жолға шықтым үлкен үміт арқалап.

...Күтіп алды үлкен қала үн-түнсіз,
Түнгі оттар жымындасып тұр тілсіз.
Түнгі вокзал қату қабақ танытып,
Түнереді дейтұғындай: «Сіз кімсіз?».

Айнұр тұрған жатақхана жанына,
Келдім, міне, от тұтанып қанымда.
«Шыға келсе, шыға келсе ол қазір,
Шынымен-ақ мені жазбай таныр ма?».

Көп жыл өтті көрмегелі ол мені,
Өзі жаққан сезім оты сөнбеді.
Ал ол бәлкім, ұмытқан да шығар-ау,
Сан сауал кеп мені тағы тергеді.

Жөнін сұрап құрбыластан тыстағы,
Ішке кірдім, дұрыс шықты тұспалым.
– Ол осында тұрады, – деп жымышп,
Бір-екі қыз тура есікті нұсқады.

Бөлмесінде ақсары қыз әдемі,
Қарсы алып тұр. Ашық, жарқын сәлемі.
«Сізді сырттай білемін, – деп қояды,
Танысқан соң, – Айнұр қазір келеді!».

Жатырқамай бейтаныс деп көрмеген,
Ақ жарқын қыз сөз сабақтар әр неден.
Айнұр жайын айтып жатыр тоқталмай,
Сұрақ қойып үлгермедім мен деген.

«Айнұр сізді көп айтатын жыр қылып,
«Досым» – дейді бір мұңайып, бір күліп.
«Ақын» – дейді, ал сонан соң үндемей,
Іштей тынып отырады сыр бүгіп.

Жастық шақта алда алуан тұрар сын,
Көп емтихан тапсырарсың, шыдарсың.
Осы аптада тойы болды Айнұрдың,
Ұзатылды. Естіген де шығарсың?!..»

Әлдебір сөз тамағыма кептеліп,
Ә-деумен бе, е-деумен бе, шектеліп,
Тастай қатып тұрып қалдым орнымда,
Өң мен түстей халді бастан өткеріп.

Батып бара жатқан жандай құрдымға,
Бір теңселіп, бір шайқалып тұрдым да,
Шықтым-дағы жүре бердім беталды,

Шадыман жүз жандар қалай жүр мұнда?!

Айнұр... Айнұр... бұлай болар демегем,
Бізге тағдыр қатал еді не деген,
Ойыма да келмепті ғой бұл өзі,
Жолықтыру сені бөтен кемеден.
Бізге тағдыр қатал еді не деген!

Айнұр... Айнұр... бітпейтұғын арман-ән,
Аяулы арман – Петрарка толғаған.
Махаббаттың мұңы неге мәңгілік,
Ғашықтардың жолы неге болмаған?!

Ертең тағы атады ма таң күліп,
Көктем тағы келеді ме жаңғырып,
Дала кезіп кетейін бе қаңғырып,
Бақыт құсы күлер, бәлкім, әңгүдік.
Баянды ма, баянсыз ба – басқасы...
Махаббатым,
Махаббатым – мәңгілік!

* * *

Көп жыл бұрын осыдан,
Мен тыңдаған тосын ән,
Құдіретті әуеніңе қосылам.

Аппақ сезім – ақ гүлі махаббаттың,
Біреуде ерте, біреуде кеш гүлдеді.
Біреулерге беймәлім ес білгелі.
... Сол бір әуен жадымда ескірмеді,
Сол бір әуен қайтадан естілмеді...

ШЕР-ШЕМЕН

(Поэма)

Ұйқы ұйығына батқан ел,
Қаннен қаперсіз жатқан ел,
Етек-жеңі де жиылмай,
Өз сыбағасы өзіне бұйырмай,
Жемі болыпты айланың,
Сыпырып алып қаймағын,
Сорлатқан тағдыр-талайы,
Әкім болып әлдекемідердің малайы,
Әңгіртаяқ орнатыпты басына,
Өмірдің өгей ұлындай жасыған,
Қайран қазақ, осыған!

Ағайын арасы – кикілжің,
Азамат арасы – ит ыржың.
Бір күнде жүз құбылады құйқылжып!
Бір кездегі мәрттігінен қалмаған жұқана,
Рухани дүниесі жұтаған.

Қарашада өмір тұр...

Абай.

Оян, қазақ!

Міржақып.

Асудан асқандай астамсып,
Күпінген –
Аттап өтсе бойы бір қарыс бұтадан!

Ақсақалы дінін ұмытқан,
Атқары мінері тілін ұмытқан,
Атұстары ділін ұмытқан,
Білімге емес, көлденең көк тиынға

кұныққан,

Қызыл өкшесі жылтылдап жыртық жұлықтан
жүрсе де елемеген күліп паң,
Ескінің бәрін көне деген,
Жаңаға жаны қас,
Алдына келмесе – Атасын танымас,
Буынсыз тілі бұралып,
Айдаһарға амалсыз арбалыпты бір алып...

Асыл сөзді ұқпаған,
Арзан сөзді құптаған,
Арғы тегі болмаса да түп надан,
Желді күнде жылқы құсап ықтаған,
Мойынсұнғыш тағдырының тезіне,
Түк көрінбей көзіне,
Ноқта салып сезімге,
Бұғау салып ақылға,
Ақырында аласұрып қапылған...

Сана соқыр, ал зердесі тастүнек,
Асқазаны ұлығанда ас тілеп,
Мәз болыпты тапқанына қарманып,
«Өзімдікі!» деуге, тіпті, арланып,
«Біздікі!» деп бас шұлғыпты басқаға,
Ал басқалар баса-көктеп, масқара,
Босағадан сығалатып қойыпты,
Бұйырмапты астанадан баспана!...

«Тегің кім?» деп сұрамапты, тегінде,
Сызат түсіп кетеді деп сенімге,
Емеурінге ерінген!
Астындағы сүрінгенде ақсақ ат
Қайта мінген қатты тартып айылын,
Қара жолдағы қазан шұңқырға жауып

айыбын.

Төре-тәңірден күткен қайырым.
Жалтақтаған, жан-жағына алақтап,
Ойға шапқан, қырға шапқан далақтап,
Жел гулеген жырым-жырым балақтан,
Жар болар ма Жаратқан?!

«Дайын асқа тік қасық»,
Тау қопармаған жұптасып,
Кең дүниенің жалт-жұлтына керенау,
Іргесі бүтін ел болу осы керек-ау
демеген!
Жатып ішер, жалқау еді не деген,
Батпан құйрық, телмірсе, түсетіндей төбеден,
От басында шалқып-тасып, шіренген,

Кұтыла алмай жүрсе де
 мойнындағы шынжырдан,
 аяқтағы шідерден!..

Толғандырмай ұлыс қамы,
 ұлт қамы,
Қисапсыз көп құрғанынан – құртқаны.
Ата дәстүр, әдет-ғұрып сырт қалып,
Әуес болып жылтыраққа жұрттағы,
Әлі күнге әрі-сәрі тірлігі,
Азайған соң бірлігі,
Аһ ұрмаса жарар еді бір күні!..

Буырқанған батырлары қалмаған,
Ақындарын жүрек дерті жалмаған,
Ордасына ойран салып оңбаған,
Отын жағар ошағын –
 атом жарып қорлаған,
Ашық күнде қаратүнек орнаған,
Торлап қайғы-қасірет,
 соқа басы сорлаған!..
Сайын дала жаралы –
 ит талаған тулақтай,
Сорлы қайың солады, қурап-семіп,
тіл қатпай.
Сарыарқаның үстінде сары сағым көшеді.
Сән-салтанат кешегі –
 көрген түстей деседі.

Сары жаңбыр сіркіреп,
Қызыл бұршақ ұрады,
Күннің көзін тұмшалап,
 кап-қара бұлт қабарып,
 қабақ түйіп тұрады...

Жаулаушысын жарылқаушы санаған,
Құрақ ұшқан тамыр деп,
Қонақжайлық ақ ниетін таныр деп,
Бірақ, байтақ кең мекені тарылды,
Бір шіріген жұмыртқалар жарылды,
Монтаны жүз мүләйім меймандары қағынды,
«Бұл далада көшпелілер
 қуып жүрген сағымды...»
деп бал ашқан сәуегейлер табылды.
Енді есі кіргендей есіл елім,
 елеспекшеп бағуда,
Неден жазды, жаңылды...

Үшке бөліп ағысын,
Үш өзен боп сіңіп жатыр шағылға,
Дарияға айналатын шағында.
Суға толып арнасы,
Нуға толып жағасы,
Ұлы, Орта, Кіші өзендер ұласып,
Айдынына қаз қонатын күн қайда,
Бала-шаға мәз болатын күн қайда,
Жан жадырап жаз болатын күн қайда,

Қайран қайсы мұндайда?!

Қадау-қадау екен-ау ақылгөйі,

данасы,

Бірікпейді бастары,
Айшылық жол арасы.
Билік десе тызылдап бишікештің жарасы.
Сүйек тастап сырт адам,
Бұлар соған таласып,
ырылдасып,
Сол бұрынғы бейдауа дерт,
Қарашы!..

Бас-басына ғұлама,
Жеке-дара дүр бастық.
Дүр бастығы халыққа бір жақсылық қылмас түк,
«Кабинеті – ғанибет»,
Аяғыңды сүртіп кір,
Жалтыраған айнадай
жып-жылмағай бір түкпір,
Ыңыранған, ыздиган атакқұмар байғұстар
«Ұлттық мүдде» дегеннен
қарадай-ақ үркіп тұр!..

Бірді мыңға баламай,
Бір-бірінен күдіктеніп қарадай,
Бір-бірінен секемденіп қарадай,
Жұрағаттан жау іздейді жағалай,
Дертелерге дәнекер болмаған соң
доғадай.

Дүрдараздық дендейді,
Дертін қалай емдейді,
Өзіне өзі сенбейді,
Обал-ай!..

Қызғанышы – қызыл ит,
Іштарлығы – сала құлаш сұр жылан,
Бауырымен жылжыған.
Ағайынның аты озса да,
Ауылдастың аты озса да –
шаужайына жармасқан.
Қызыл ит пен сұр жыланның
шауып түсер бастарын
Қынабынан суырылмай алдаспан,
Азапты жол жалғасқан...

Иланбайды иманға,
Құнығады тек көмейге құйғанға,
Қайта құрып қызметін, достарын,
Ыңғайлайды саудаға күнкөрістік жоспарын,
Қара қазан қайнайды –
қайнағаны қымбаттап,
Бәсекеге бәс беріп,
базар бармақ бұлғақтап,
Пайда тауып қас қағым,
Қолдан келсе сатпақшы
қара судың қаймағы мен қаспағын?..

Бозбаласы бозөкпе,
Бойжеткеннің бойтұмарын сөз етпе.
Булығады бір өкініш өзекте,
«Түнгі көбелектерді» жазып жатыр газет те,
Би, музыка, видео – бәрі батыстық,
Азын-аулақ алған білім атүсті,
Күнкөрістің тәсіліне қатысты,
Тар өрісті, шектеулі,
Уағыздайды ақыл азабын шекпеуді!..

Қасиет тұтпай киені,
Өсиет тұтпай жүйені.
Ата салтының алтын арқауы кесілген,
Дүбәра ұрпақ өсірген,
Дүдәмал күйге есірген,
Ортайған теңізді толтырмақ болады
Шелекпен су тасып түбі тесілген!..

Көзінде тұман – күлмес түк,
Кеудеде күмән – білмес түк.
Талай рет жарға жықса да опынбады.
Әлемге ортақ күннен де мін табады,
Өз мінін жасырмақ болып, қымтанады,
Күндестік – қазақтың қылтамағы!..

Қарадай көлеңкесінен қорқады,
Ұлан-ғайыр кең өлкесінен қорқады,
Жат жерде жүргендей жалтақтап,
Жалаңқия жартастар үстінен
жол таппақ,
Жанкешті бейнеті желге ұшады,
Маңдайының соры бес елі,
Кереғар әрекетінің кеселі –
адымын тұсады!..

Жазықсыз шырылдаған боздағын,
Бозторғай ғұрлы көрмей.
Қарамай...
Оққағары болуға жарамай,
басынан дәурен озғанын,
Дәрменсіз халін
дәлелдеу керек пе...

Мойнына жүктеп өз қанын!..
Қайырымы – бір тұтам,
Қолғабысы – бір шөкім,
Мейірімі – бір мысқал
Бір-біріне дегенде,
Жоғарыға бір шықса –
қарамайды төменге!
Өгей қыздай жәутендеп жүр өлең де!
Күрсінеді түндерде,
Мұң шағады кімдерге,
Қайран жүрек сыздайды
шыдамай шер-шеменге!..

Қара қылды қақ жарған

Мұң шағамын кұшақтап қарағайды.

Кейбір кезде елеусіз, ұмыт қалдым,
Ұлықталдым демеймін, құлыпталдым.
Шуылдасқан тобырдан шеттедім де,
Бнтымағын шерткемін шілік, талдың.

Ат біледі батқанын артқы айылдың,
Ақиқатты айтқанда шалт қайырдым.
Аяулымды көргендей күй кешемін,
Ақ білегін ұстасам ақ қайыңның.

Бауырында отырмын көлеңкелеп,
Басқаға сөз, ал, маған өлең керек.
Ағаларым секілді асқақтайды,
Көкке қарай ұмтылған емен, терек.

Туған жерге тағзым ет тусаң дара,
Көңіл кірі кете ме жусаң ғана.
Бұлдыраған сағымның ар жағында –
Бұрқыраған иісі жусан дала.

Жазықсыз да ет жүрек жараланбақ,
Жүзден озып, шын жүйрік дараланбақ.
Сездіреді тірліктің баянсызын
Сайға қарай домалап қара қаңбақ.

Мың күн жанған шырағың бір күн сөнер,
Жаратқанмен оңаша кім тілдесер.
Ұйқың шайдай ашылып кетері хақ,
Үй шатырын ұрғанда түнгі нөсер.

Бәрі жұмбақ бұл өмір, бәрі күмән.
Тау шыңдарын бүркейді сары тұман.
Өкініштің өксігі естілгендей
Сарқырама өзеннің сарынынан.

Жапырақты жыңды жел ала қашты,
Қуанышқа қайғы-мұң араласты.
Белгісіз құс сайрайды не жайында,
Бұтағына қонып ап қара ағаштың.

Қылыш пенен қамшыны қойдым бірге,
Домбыра тұр шанақта ой күмбірлеп.
Әлі күнге келеді тамсандырып,
Тіл үйірген дәмімен қой бүлдірген.

Ғұмыр жалға, жолыңды сызып ал да,
Қызыл-жасыл тіршілік қызығы алда.
Қыз анары секілді құпия ғой,
Уысымды толтырған қызыл алма.

Табиғатта тылсым көп жырға нұсқа,
Қыз қолыма су құйды құмған ұстап.
Көмек күтіп тұр ма деп қарайладым,
Басын иген шартабақ күнбағысқа.

Ойын соғып, қайтушы ек мәз боп үйге,
Сурет салып содан соң сөзбен ирек.
Ұшып-қонған қиялдың құсы екен ғой,
Көлге келген кешқұрым қаз бен үйрек.

Жар жағалап, құм кешіп, торға түстім,
Жыққан жоқпын ақ туын ар-намыстың.
Сыбызғыма қосылып сыңсығанын
Саздаудағы көрсең ғой нар қамыстың.

Құба белде жүйткіді құртқа киік,
Көрінердей кей төбе жұртқа биік.
Абайсызда ақ мақта тұтанғандай
Батқан күннің бояуы бұлтқа тиіп...

II.

Балауса дәурен,
Балалық шағым,
Бал күнім.
Тау-тасты кезіп,
Табаным тозып қаңғыдым.
Жәудіреп көзім,
жүретін кезім шапқылап,
Жадымда менің тұрады дәйім жаңғырып.

Ауылдың маңын,
Шилі өзен бойын,
Аңғарды,
Шарлап та жүріп,
Шолып та шығып бар маңды.
Алдандым таулар қол созым жерде екен деп,
Бұлбұлдың даусын естіген сәтте таң қалдым.

Ауладық балық,
Ұстадық қоян,
Тұзақпен.
Қиянат жасай бастадық,
білмей, біз, әттең.
Құлшындық сонша дүние сырын ұғуға,
Күлімдеп көктем,
Жайдары жаз бен күз өткен.

Жайлауға шығу,
Бүлдірген теру,
Тай міну.
Балалық көңіл білмейді жасу, қаймығу.
Дүние түгел түрленіп тұрды, малынып,
Балаға бірақ оңай ма барлық жайды ұғу.

Күзеттік жылқы,
Жұлдызды санап,
Ай бағып.
Батырлар жырын жатқа оқып, қару сайладық.
“Болатын бала алысқа қарайды!” дегенде,
Алысқа қарап, қалушы едік ойланып.

Қойлы ауыл кеші,
Шопандар тойы,
Ән-думан.
Көш-керуен болып өтеді көзім алдынан.
Балуан күрес, ат жарыс – бәрі қызық қой,
Ал, мені сонда қыз қуу естен тандырған.

Ақбоз ат қандай,
Бозбала қандай,
Қыз қандай!
Қарайсың қалай қызықпай әрі қызғанбай.
Ойласам қазір, болмаса егер осы ойын,
Санамнан өшіп қалар ма ед бәрі із қалмай.

Содан соң, тағы,
Есімде қалды,
Апырым.
Ауылдан ұзап шыққанбыз бір-ер шақырым.
Қар басқан дала, сонадай жерден ит көрдім,
“Ит емес, көкжал!” деді әкем сонда ақырын.

Қасқырға қарап,
Қорықтым, әлде,
Құмарттым.
Көзімнің алды буалдырланып, мұнарты.
Сол қасқыр менің түсіме кіріп жүреді,
Көкжалды көру айықпас маған мұң артты.

Көк бөрі десек,
Көк түрік десек,
Елердік.
Ұлт үшін рухпен сіңетін бойға өнер құт.
Көкшулан қасқыр көрінген шығар ырымға,
Күтетін шығар бабалар бізден көп ерлік.

Қуанған кезде,
Қайғырған кезде,
Қиналған.
Жанымды емдер құлағымда бір күй қалған.
Мәткәрім күйші домбыра шертсе іңірде,
Кәрісі-жасы ауылдың түгел жиналған.

Көне бір сарын,
Жаңа бір сарын,
Алмасқан.
Буыршындардың бұйдасын кескен алдаспан,
Селеулі дала үстімен өткен керуен,
Өнердің жолы –
өмірдің жолы жалғасқан.

Күйдегі сарын,
Үйдегі сарын,
Түздегі.
Көктемнің лебі, жаздағы әуен, күз демі.
Мәткәрім күйші басымнан сипап қоятын,

Шер кеуде, бірақ, тек күйден медет іздеді.

Патефон тыңдап,
Радио тыңдап,
Күнде біз.
Көршілерменен жақындап кеткен іргеміз.
Балалар сонда жиналып алып басқа үйге,
Үлкендер болып ойнағанбыз да күлгенбіз.

Арбайтын сонда
Бір шуақ пенен
Бір арай.
Еске алсақ қазір езіліп жүрек тұрады-ай!
“Енесін атып, содан соң ұстап алдық” деп,
Аңшылар маған сыйлайды жетім құралай!

Жаз бойы бақтым,
Еліктің жәудір
Ылағын.
Қамыстай сүйрік қайшылайды қос құлағын.
Құралайменен суды да бірге ішемін,
Құралайменен қырға да бірге шығамын.

Мойнына тақтым,
Арнайы өрген,
Жібек бау.
Жәудіреп үнсіз жанымды менің жүдетті-ау.
Құралайымды қорғаштап ит пен құстан да,
Ұйқымды ұрлап қаншама түн мен күн өтті-ау.

Шілдеде ыстық
Шалғында жаттым,
Шалқалап.
Аспаннан жерге от шашқан Күн де шартабақ.
Құралай қайда?
Орнымнан атып тұрғанда,
Үрікті байғұс...
Алдында үлкен жарқабақ...

Қуып та келем,
Өкпем де өшіп,
“Тоқта!” деп.
Құралайымды тоқтатар бір күш жоқ па деп.
Су ішкіздім ғой,
Жем де бердім ғой қолымнан,
Неге қашады?
Қайда қашады өкпелеп?!

Құралай, сонда,
Жарқабақ аса
Қарғыды.
Бұғауда болу екен ғой оның бар мұңы.
Бостандық алып, боз дала кезіп ол кетті,
Ұқтырып маған басқа бір әлем барлығын.

Еңіреп келем,
Езіліп келем,

Енді не...
Жоғалтып алдым ең қымбатымды мәңгіге.
Сыбдырлап қамыс, сыңғырлап бұлақ сыр айтты,
Сынына тағдыр көндіге бер деп, көндіге...

III.

Алдамшы фәни үлдемен және бүлдемен,
Тіршілік мәні емес қой бірақ бұл деген.
Балалық шақты сағынам, сонша аңсаймын,
“Қимайтын нең бар?” дейтін де шығар білмеген.

Балалық шақта бізге тым қымбат күлкі бар,
Жұлдызды түнде, жусаған шақта жылқылар.
Алтыбақанда... ақ сүйек ойнап адастық,
Адасып жүріп табысу салты, ғұрпы бар.

Балалық шақта естіген қызық ертегі,
Балшырын сезім жандырды сонда, өртеді,
Ертеді қиял елсізге, шетке, қиянға,
Ерекше күйді, ғажайып сырды шертеді.

Балалық шақта... біз үшін қымбат пәк сана,
Ақылын айтқан аяулы еді жақсы аға.
Тәттіге құмар болдық қой, жалғыз кінәміз,
Біз ұрлық жасап түссек те талай бақшаға.

Балалық шақтың түндері мақпал, күні ыстық,
Болсақ та бала қас пенен көзден ұғыстық.
Ойнағанда біз: қыз алып қашып ойнадық,
Соғысқанда біз: ақ таяқтарды қылыш қып.

Балалық шақта естіген есті әңгіме,
Есіңнен шықпай қояды екен мәңгіге.
Ыңылдап іштей жүресің дәйім қайталап,
Сызылтып салған тойларда әсем әнді де.

Балалық шақта хат жазушы едік қыздарға,
Сөйлесу қайда сотовыйменен ызвандап...
Хатыңа жауап күту ғой дүние қызығы,
Айналаң жанған сырғалдақ пенен қызғалдақ.

Балалық шақтың бір күні мыңға татымақ,
Көршінің қызын көзбенен жүрдік бақылап.
Бұрымнан тартып жылатушы едім қыздарды,
Әй, аңғал басым, әй, аңқау басым, ақымақ.

Балалық шақта біз бағаламаған бақыт бар,
Бұтарлап-талдап беруге қазір уақыт тар.
Көп жылдар бойы жаныма маза бермейді,
Жарқ ете қалып жоғалған лағыл, жақұттар.

Балалық шақта біз аялаған үміт бар,
Табылса кілті ашылар барлық құлыптар.
Күліп бар дейтін жұмсаса әжем бір жаққа,
Ешкімге бірақ болмағын дейтін кіріптар.

Балалық шақта таулар да биік, дала кең,
Жаңбырдан кейін ашады ауыл жаңа өң.
Бірақ та біздер ойлаған жоқпыз сол кезде,
Сағынамыз деп, сарғаямыз деп санамен.

Балалық шақта арманың асқақ, өр кеуден.
Қашпайсың ешбір талқыдан яки тергеуден.
Қолыңда барды шашасың досқа алғаусыз,
Тұрасың даяр ал деуге және бер деуге.

Балалық шақта ойламайды адам өш-қастық,
Өңмендеп саған өткізбес сөзін еш бастық.
Білмеймін қалай, қай күні және қай жерде,
Балалық шақпен, базарлы шақпен қоштастық.

Балалық шақтың ауылы енді жырақта,
Жадыңнан мүлде шықпайды екен бірақ та.
Сұраққа жауап табасың қазір қиналып,
Ғасырдай ұзақ көрініп кейде бір апта.

Балалық шақтың ауылы енді қалды алыс,
Сатулы көңіл, саудагер өмір, жанбағыс.
Арзандап, сірә, кетпесе дейсің ар-намыс,
Қазаққа қазақ жасаса дейсің қолғабыс.

Балалық шақтан бір белгі болса қалатын,
Ол – арман шығар күйдіріп алған қанатын,
Ол – аңсар шығар, көзінде құрбыларымның,
Кездескен кезде жарқ ете қалып жанатын.

ІҮ.

Қоңыр ауыл
Бүйірдегі бөлімше,
Біреулерге қиян шет боп көрінсе,
Ылғи соған бұрып тұрар бүйрегім,
Ыстық нүкте сол әлемде, меніңше.

Қоңыр ауыл,
Балалық шақ өткен жер,
Базарлы шақ, балауса, гүл-көктемдер.
Қалалардың қанатында жүріп мен,
Жырақ кетсем,
Оған айып етпеңдер.

Қоңыр ауыл,
Жұлдыз тамған аспаны,
Ұмытпаймын,
Ұмытсам да басқаны.
Кеше ғана шаңдатып ек көшеңде,
Қаншама жыл өте шыққан қас қағым.

Қоңыр ауыл,
Жүрегіме жақынсың,
Бір түкпірде бұйығып-ақ жатырсың,

Бәрібір сен
Сыздатасың сағыныш,
Жаңа шаһар,
Шақырымдар шақырсын.

Қоңыр ауыл,
Ашық еді ақ таңың,
Мархабатым,
Мәртебем де мақтаным.
Адамдарың аңкылдаған ақ жүрек,
Мейірімнің
Маздақ оты жаққаның.

Қоңыр ауыл,
Шилі өзенің іргеңде,
Бақытты едік балық аулап жүргенде,
Білгендей-ақ,
Ұзақ жолдың азабын,
Біз есейіп кетіппіз ғой бір демде.

Қоңыр ауыл,
Жанған ошақ түнімен,
Бекер жазып отырғам жоқ мұны мен.
Алтыбақан, асық ату, ақсүйек,
Ақ қайыңның айтқан сырын ұғып ем.

Қоңыр ауыл,
Арманымның бастауы,
Айтсам бүгін түсінер ме жас қауым.
Ақ әжемнің ертегісі есімде,
Алдына алып айтқан тесік астауын.

Қоңыр ауыл,
Қой күзеткен түн есте.
Кемпір-шалдар ұмтылады күнеске.
Азаматы алты қадам ұзаса,
Амандығын,
Есендігін тілескен.

Қоңыр ауыл,
Ағайынның ортасы,
Ақ мектептің
Атым қалған партасы,
Қазақстан картасында жоқ ауыл,
Бәрібір сен мені өзіңе тартасың.

Қоңыр ауыл,
Құрдастардың құшағы,
Құшақтардан ұштым талай күш алып.
Сары қымыз,
Ақ ірімшік,
Бауырсақ,
Айқындайтын ажарын сол үш анық.

Қоңыр ауыл,
Сырнай сазды кештері,
Сол кештердің жаққан оты өшпеді.

Байқамаппыз,
Жаз бенен қыс алмасып,
Басымыздан
Талай дәурен көшкенін.

Қоңыр ауыл,
Аязды қыс. Ат-шана...
Бәрін тізіп еске алуға жоқ шама.
Алма бет қыз қар лақтырды бақшама,
Алма сатып алдым алғаш ақшама..

Қоңыр ауыл,
Бөртостаған бүйірде,
Отыз шақты үй. Қой-ешкісін иірген.
Диірменге ұн тартады үлкендер,
Балқаймақтың дәмі тілді үйірген.

Қоңыр ауыл,
Жаһандағы жақыным,
Көп еді ғой батырың мен ақының.
Саған қайта бір оралу ойымда,
Соған әзер жетті, сірә, ақылым.

Қоңыр ауыл,
Күре жолдың бойында.
Осы күнде бір шықпайсың ойымнан.
Үлкен, үлкен қалаларда өтуде
Қуанышым,
Қызығым да,
Тойым да.

Қоңыр ауыл,
Көп көремін түсімде.
Жол түспеді. Өкпелісің. Түсінем.
Мен барғанда шығар ма екен алдымнан
Сол баяғы қасқа құлын кісінеп...

Ү.

Жадымызда тек елес,
Жаңғырады,
Өшеді.
Аз да емес,
Көп емес,
Кешкен бейнет кешегі.

Жадымызда көп елес,
Жаңғырады,
Өшеді.
Аз да емес,
Көп емес,
Көрген қызық кешегі.

Ғұмыр мәнін ұқпайды,
Барша адам,
Бақ сынар.
Жадымыздан шықпайды,

Жаны жайсаң
Жаксылар.

Қайран қалам,
Кейде, осы.
Жақының да алыстар.
Ұмытылар бейнесі
Бейтаныстар,
Таныстар.

Қайран қалам,
Кейде, мен.
Алыстағы жақындар.
Жанып,
Өшкен бейнелер,
Баяғы шоқ
Лапылдар.

Ұмытылды қаншама
Қайырым мен
Қолғабыс.
Қаракөз мұң қаршадай,
Тұтатады
Толғаныс.

Ұмытылды талайғы
Өштесу мен
Кектесу.
Енді көңіл қалайды
Болмағанын
От кешу.

Жатқызбайды жай, тегі,
Естеліктер
Жаңғырып.
Мұрсат берсе, қайтеді,
Оянғанша,
Таңғы үміт.

Зырылдайды дамылсыз
Уақыттың
Ұршығы.
Біздің сайран бақ үнсіз,
Жанардан жас
Ыршыды.

Өршеленіп соғады
Ғасырлардың
Дауылы.
Оған дауа жоқ әлі,
Қандай күйде
Ауылым.

Балалықтан бір белгі
Қалса деп ем,
Қалмады.
Кімдер кетті, кім келді,

Қу тіршілік
Алдады.

Бал дәуреннен баяғы
Бір үзік сыр
Жеткені.
Судың құрдым аяғы,
Бәрі өткінші,
Өтпелі.

Базарлы шақ тарқаған,
Қайта оралмас,
Не шара.
Орта шаруа.
Ортақ ән.
Орта көңіл бейшара.

Үңгіріңнен қорқасың,
Кеудең – үңгір,
Көз – үңгір,
Тізгініңді тартасың,
Солып қалып,
Сезім – гүл.

Үңгіріңнен қорқасың,
Кеудең – үңгір,
Көз – үңгір.
Өмір, өлім ортасын
Өзің ойлан,
Өзің біл.
І
зі жатыр ескінің,
Көзі қалып
Көненің.
Ілкі әуен естідім,
Сол әуенді
Бөгедім.

Табы жатыр ыссының,
Сыры қашып,
Сыны да.
Шолақ екен қысқы күн,
Кәрі қасқыр
Ұлыған.

Ерте деме,
Кеш деме,
Қызығы бар әр үйдің.
Жетпейді ғой ештеңе
Күлкісіне
Сәбидің.

Ерте деме,
Кеш деме,
Жөні бөлек жаңаның.
Жетпейді ғой ештеңе
Бақытына

Қайғым менің қап-қалың,
Жұбаныш қып жақсы өлеңді жаттадым,
Жырдан жақын таппадым.
Таңғажайып тамылжып,
 қарашы, таң атқанын,
Қызыл арай, өрт құшып,
 қарашы, күн батқанын.
Өлең мені,
Мен өлеңді сатпадым,
Талай сырды өлеңге орап сақтадым.

Ағын... Ағын... Ағын суды-ай ақ самай,
Ақ самайын күн сүйеді, тап солай.
Бұйырады адамға құбылмалы бақ-талай.
Бұрқыраған ақ көбік ақ мақтадай,
Көк теңізге жеткенінше,
Мына екпін,
Мына күш,
Еселене түсердей, еш тоқтамай.
Асау өзен аңғарынан
 саумал самал соққаны-ай.
Өмір жолы соқтықпалы, соқпалы-ай.
Түн ұйқыңды қашырады көп қалай.
Арман, сенім азаяды өзін-өзі ақтамай
Бір құпия ашылмайды
Қырық бірінші қақпадай.
Бар бояуды жиып алып,
 қызарып Күн батқаны-ай,
Бар бояуды шашыратып,
 ағарып таң атқаны-ай!

Ағын... Ағын... Ағын судың бойында,
Көп отырдым
Мұңайып та уайымдап.
Ағып өте шыққан айлар жайында,
Ағып өте шыққан жылдар жайында,
Ақылменен пайымдап.
Арғы бетте кісінейді құла қасқа тайым да,
Бергі бетте күрсінеді ақ балтырлы қайың да.
Өткен күндер – сағыныш һәм өкініш,
Келер күндер – бақ па, сор ма,
Келеді не дайындап?!

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Поэма

I.

Жұмбағын Желтоқсанның желден сұра,
Жер болған жаны жара елден сұра.
Жабығып, жүдеп-жадап жүрген жұртқа,
Жанайқай құлақ жара келген, сірә!

Белгісіз құпияны тау жасырған,
Алашта батыр жоқтай жау қашырған.

Апайтөс ағаларым бұғып қалды,
Сақина салатындай сау басына!

Қоғамның қитұрқысын шешкен бар ма,
Арқалап қапшығыңды, көштен қалма.
Батырын басбұзарға балағандар
Қарғаны қыран десе еш таңғалма!

Бұл оңай шағылмайтын жаңғақ екен,
Адамдар жел айдаған қаңбақ екен.
Қу басын сүйретеді ойға, қырға,
Кеудесі – сол ақиқат жанға мекен.

Ұшады жан кеудеден қалтарыста,
Хабарлап үлгермейсің әр танысқа.
Ақиқат айтылмаған бірге кетер,
Айбозың мерт болғанда арпалыста.

Уақыт жіберердей ұмыттырып,
Сыпайы танытады сынық қылық.
Шындықты қуған сайын жеткізбейді,
Өтірік қол ұсынар күліп тұрып.

Жасырдым тарихымды сақ қорғанға,
Біле алмай жақыным да, жат та арманда.
Дәл сондай күй кешемін енді өзім,
Желоқсан ақиқатын ақтарғанда!

II.

Дала суық. Қала қар.
Жауратады ызғырық.
Мұзға шөкті қара нар,
Үсік ұрып ізгі үміт.

Мұз үстінде қалдырған,
Ұл мен қызың жарадар.
Сараң екен тағдыр да,
Керең екен ағалар.

Қанша қыршын қазасы,
Анықталған жоқ әлі.
Кімде кетпек назасы,
Кімде қалмақ обалы?!

Қып-қызыл боп таң атқан,
Қиянат бұл тоқтай ма?!
Қасқыр-итке талатқан
Қанішерге сот қайда?!

Қан құсам да ашынам,
Тарқамайтын қайғым бар.
Қарындастың шашынан
Сүйрелеген қай мұндар?!

Емес еді күшім кем,

Тумады ма Ай жөндеп.
Інішектің ішінен
Тепкілеген қай жендет?!

Болмас мұндай ауыр күн,
Кекке жетпес ғұмыр-ай!
Бауырымның бауырын
Езгілеген сұмырай!

Өз арыңнан сұрашы,
Саған да сын, маған да!
Жастардың бар кінәсі –
Шыққаны ма Алаңға?!

Шыққаны ма шеруге,
Шырылдап үн қатуға!
Шын көзімен көруге,
Шыдамай құр жатуға.

Ерітсе де мұз-қарды,
Еріккен деп ойлады,ә!
Ер ұлдар мен қыздарды,
Есіркей де қоймаған!

Ептеу үшін көмескі,
Ендігәрі құрықтап.
“Елім!” деген сөз естіп,
Есер басшы үрікті, ә?!

Қалды қатып тас кеулім,
Қайтып мойын бұрмадым.
Ұмытам ба Мәскеудің
Қарақұстан ұрғанын!

Аядай ғып аспанын,
Құл ғып ұстап сан ғасыр,
Ұмытам ба басқанын
“Ұлтшылдық!” деп таңбасын.

Екі айырық жол үшін,
Содан көңіл суысты.
Ұмытам ба қол ұшын
Ұстатпаған “туысты”!

Күтіп қанша зобалаң,
Құдіретті құзырдан.
Көңіл алаң. Сол алаң,
Жатыр әлі сыз ұрған.

Қазып қойған көр мынау,
Азап кешпеу сертім бар.
Айға шабу ерлік-ау,
Айықпаған дертім бар.

...Тәуелсіздік! Жанды үміт!
Енді ешкімге бас ұрман!
Жыл өтеді жаңғырып,

Аунап түсті ғасыр да.

Сыпырсақ та томаға,
Біріксек деп бас құрсақ.
Көңіл алаң. Сол алаң –
Гүл өспейтін. Тасқұрсақ!

Ерімейді-ай мұз-қайғы,
Өткінші бұл өмірде.
Жүрек ылғи сыздайды,
Жетімсіреп көңіл де!

Көше ағын. Жол ағын.
Жаңғыртады тау-ішін.
Естігендей боламын
Құрбандардың дауысын!

Қасіретін біліңдер,
Ызғарымен қарыған.
Құлақ аса жүріндер,
Желтоқсанның зарына!

III.

Желтоқсанда. Жел өтінде.
Табаныңнан сыз өтті.
Намысыңды арың ғана күзетті.
Жасөспірім ұл-қыздар ең ізетті.
“Қазақ басшы!..” дей бергенде,
Мұзға тайып құладың,
Мұздай болып қаруланған
Солдаттардан: “кімсіңдер?” деп сұрадың,
Жұтып жатты сұр ағын,
Сонда жүрек тыз етті!..

Желтоқсанда. Түн ызғарлы.
Қалтырадың. Жаурадың.
Елемедің қылаулап қар жауғанын.
“Менің елім!” әнін шырқап,
Өршіл рух сазыменен баурадың.
Тіл қатпады тауларың...
Бұлақтарың күлмеді...
Партияның жендеттері
“Наркоман” деп, “бұзақы” деп тілдеді.
Неге бұлар саған сонша өшікті?!
Білмедің!

Желтоқсанда. Сұр Аланда
“Сен кімсің?” деп сұрағанға:
“Қазақпын!” деп қарап тұрдың қасқайып,
Бар ма сенде басқа айып?!
Қарындасың жылағанда,
Соққы тиіп, құлағанда,
Жәрдем көмек сұрағанда,
Атып шықтың атойлап,
Жанарыңда от ойнап,
Құдауанда, бұл – ерлік!

Неменеге аспан сонша түнерді,
Ұлттық рух асқақ әрі жігерлі!

Желтоқсанда. Жабырқадың.
Көш бастайтын серкелердің,
Көсемситін еркелердің
Көлгірсіген түрін көріп таңырқадың!
Тітіркендің. Өн бойыңды
Ыза менен намыс кернеп!
Түңілдің!
Алғаш рет өзіңе өзің үңілдің.
Азаттықтың туын ұстап жүгірдің,
Жақыныңа алақан боп жайылдың,
Жауларыңа жұдырық боп жұмылды!

Желтоқсанда жол іздедің.
Шығаратын түйықтан.
Мәскеу сонда күліп тұрды миықтан.
Басқанікі деп қарады басшылар
Бас домалап бара жатса иықтан!
Сол Алаңда қалды қызыл ұйып қан!
Басталды да құдалау мен жазалау,
Ұмытылды құрбандарды азалау!
Сонда неден қорықтың,
Сабаз-ау?!

Желтоқсанда. Жылда тағы.
Жараланған жастық рух тіл қатады!
“Тәуелсіздік таңы” атты деп,
Ескерткіш тұр сырға тағып...
Қып-қызыл Ай қара бұлттан бір шығады,
Бір батады.
“Содан бері қаншама көп жыл өтті.
Желтоқсанның зары бізді жүдетті.
Жүндей түткен екенбіз ғой жібекті!..

ІҮ.

Емдеуші кім, дейсің-ау, демдеуші кім,
Қағып па едің есігін сен көршіңнің.
“Кім үгіттеп апарды сол Алаңға?” –
Бұл – бірінші сауалы тергеушінің.

– Өзім шықтым. Намысым қамшылады!
Сорлы қазақ қашанғы жаншылады?!
Тілім, салтым, дәстүрім тапталғанда
Қорланғаннан көзден жас тамшылады!

Талай жылдар тарығып қиналғанбыз,
Жолдас дейді адамға иман жалғыз.
Үгіт емес, Үміттің жетегінде
Алып-ұшып Алаңға жиналғанбыз.

Өттең, біздер туыппыз бір ғасыр кем,
Кеш түсіндік рухты жырға сіңген.
Жалғыз барған жоқпын мен, бірге бардым
Бауырыммен, досыммен, құрдасыммен.

Бірге деңіз әніміз, бөлек деңіз,
Келіп тұрдық сол кезде көмекке біз.
“Жарайсыңдар! Талабың дұрыс!” деген,
Жылы сөзді, бір ауыз, дәметкенбіз.

Жалындаған жастықтың жалауымен,
Мұз үстінде лаулатқан Алауымен.
Келіп тұрдық жүректің әмірімен
Келіп тұрдық көңілдің қалауымен.

Асау толқын көне ме тоқта деуге,
Жайымызды ұғынар жоқ па пенде.
Түсінбедік, түнеріп, аспан-әлем,
Тасқа маңдай соғылды, оққа кеуде!

“Келеңсіздік күн сайын кезігуде,
Таусылады шыдамың, төзімің де!..”
“Ұлтаралық жанжалға от қойған кім?” –
Тергеушінің темекі езуінде!..

– Менің ұлтым сорлады өз жерінде,
Оған деген көзқарас өзгеруде.
Неге биік мінбеден өз елінде
Нар қазаққа болмайды сөз беруге!?”

“Неге оны ысырды, қақпайлады,
Орынын да төрдегі таппай қалды.
Қазақ қана жүрмек пе қой соңында,
Орыс, кәріс, басқасы... бақпай малды!?”

“Неге менің жабылды мектептерім,
Ана тілсіз көгеріп, көктеп пе едім.
Кемеңгерлік кеңестік демекпіз бе,
Қазақ тілін осынша шеттеткенін!?”

“Неге менің жерімде бекініс көп,
Өмірімде өлшеусіз өкініш көп.
Кеуде соққан кердеңдеп келімсектер:
“Құмға қарай көшесің!” деді күштеп.

Тың төсінде қаптатып кеңшарларын,
Есігінде қалдық біз ен шаруаның.
Елімдікі дейтұғын ештеңе жоқ,
Ең бомаса есекке ен салмадым.

Жолатпады оп-оңай билікке де,
Сияқсыз боп қалады сый күтпеген.
Мәскеу бұйрық береді баса көктеп,
Қай салаға партия килікпеген.

Неге керек намыссыз ұл болғаның,
Кім түсінді жайыңды, кім қолдады?!
Мұның аты: басыңнан бақ тайғаны,
Мұның аты: басқаға құл болғаның!”

“Сонда қазақ мүддесін кім ойламақ,

Брысымды неліктен ылайламақ?!.
Қазақ жері айналды полигонға!..”
...Сұрланады тергеуші сынай қарап.

Тазалық бар кіршіксіз тау суында,
Заңдылық бар жылдың төрт маусымында
“Солдаттарға Алаңда тас атқан кім?” –
...Тергеушінің төзімі таусылуда...

“Соның бәрін көзіңмен көрмеп пе едің,
Құлағымда тұншыққан жөргектегі үн.
Жастарымның жазықсыз қанын төккен
Құн төлесін алдымен жендеттерің!

Суық екен сол Алаң тас төселген,
Әкелінген әскерге әсте сенбен.
Қаруы жоқ жастарды қойдай қырған
Жаза қайда баукеспе, баскесерге!

Жаттап өскен ел едік ерліктерді,
Есемізді орысқа бердік, бердік...
Ұлдары мен қыздарын қорлаттырып,
Қазақ неге осынша зорлық көрді?!”

Тіміскіген тергеуші бір көріпкел,
Сұрақтарын самсатар түрленіп кеп:
“Барлық оқу орнында қазіргі күн
Қазақтардың саны көп! Бұл неліктен?!”

– Талай жылдап тұрды үй кезегінде,
Даласының терді ғой тезегін де.
Айға апарып баласын оқыта ма,
Қазақ білім алмаса өз елінде?!

Демеді ешкім қазақтың қалай халі,
Тандайға тұз татырды шөл аймағы.
Отанында тұратын қазақтарды
Оқытқандар орысша не ойлады?!

Өзге жұрттың тарихын ақтарыпты,
Шежіреге шетелдік шаттаныпты.
Миын шүкі берген соң миғұлалар
Мәңгүрт болып кетуге шақ қалыпты!

Қоршауына орыстың қамалдық та,
Одан шығар жол іздеп таба алдық па?!
Санда емес мәселе, сапасында,
Салт-дәстүрге, ғұрыпқа адалдықта!

Күңіреніп қайтамыз, күле барып,
Қазақ аулы тұр қазір жүдеп анық.
Өз елінде қазақтар оқымаса,
Жер қаза ма қолына күрек алып?!

Отаршылдық қысымы шектен асқан
Қалың қазақ жер ауып, шетке қашқан,
Ыбырай мен Ахмет әулие екен

Оқысын деп қазақтар мектеп ашқан!

Жата бермес қозғалмай тас та орнында,
Сұраққа мән бермеппін, жас болдым да!
“Басыңды неге жардың? Бас керек қой,
Алаңға шыққан кезде мас болдың ба?!” –

Тергеуші тапқысы кеп ілік қайдан,
Себептің жандай сырын біліп қойған,
Сұрайды білмегенсіп, мүләйімсіп,
Жастардың жан жарасын шын ұқпай ма?

– Алаңға біз барғанбыз ашынғаннан,
Таппадық тұтам пайда бас ұрғаннан.
Мас болып шыққан жоқпыз біз көшеге,
Серт бердік бастан сөзді асырмауға!

Жастарды жинағандай төпеп тойға,
Біреулер борыштарын өтеп қойған.
Тиелген арақ, сыра жәшікпенен
Әдейі мәшинені әкеп қойған...

Кеуілдің саясаттан қайтуы шын,
Сыбырлап қойды екен қай туысың.
Сәуегей кеңесшілер пиғылы бұл,
Алқаштар шеруі деп айту үшін!

Әртүрлі топтар, жіктер бар қоғамда,
Сондай-ақ біз шырқайтын ортақ ән бар!
Шындықты бүркемелеу үшін, тіпті,
Шықты деп жар салды ғой наркомандар!

Бұл өмір қайғысы көп, күлкісі кем,
Мұң-зарын қара халық кім түсінген.
Ішімнен тепті солдат етігімен,
Қарнымды жарды мылтық сүңгісімен.

Ертеңге сеніп ылғи жүр едім мен,
Несіне бұл өмірді сүремін мен.
Көзімді ісірді шор шоқпарменен,
Басымды жарды солдат күрегімен!

Тергеушінің сөзі көп бұра тартқан,
Сұрайды себеп іздеп бұл апатқа:
“Әр ұлтқа – өз көсемі!” деген сөзді
Кім жазды ұран қылып плакатқа!”

– Қорыққан адам ғана қымтанады,
Көк теңіз дауыл соқса буырқанады.
Кім жазса да, ол – нағыз патриот,
Бұл сөзден ерсілікті кім табады?

Жүрегің еріп еді тас болмаса,
Көсемсіз ел басқару бос далбаса.
Несіне ел болдық деп мақтанамыз,
Қазақты өз перзенті басқармаса?!

Есіл ер кемсітпейді ұлтын жатқа,
Қашанғы отырғызбақ құр тулаққа.
Қаймана біреу неге билік айтпақ,
Қазақтан ел басқарар ұл тумап па?!

Өмірдің бас иеміз тоқтамына,
Өз ұлың алаңдайды көп қамына.
Басқа ұлт өкілдері басқарды ғой,
Біреуі қазақ мұңын жоқтады ма?!

Тарихтан сабақ алар ұққан кісі,
Ұлт үшін атқарылсын ұтқан ісі.
Талайлар хан тағына көтерілген,
Тапталмау керек, әсте, ұлт намысы.

Ұлтшылдар намыс туын құлатпайды,
Қажет пе қиқым-сиқым құрап қайғы.
«Әр ұлтқа – өз көсемі!» деген сөзді
Пиғылы жат адамдар ұнатпайды!

Солдаттар мұз құрсанған бетімен кеп,
Кескенде қыңқ демедім етімнен ет!
“Кешірім сұра!” дейді сұм тергеуші
“Алаңға шыққаныма өкінем!” деп.

– Орысқа бодандықты ар санадым,
Осы жол – мақсатты жол! Жар саламын.
Ешқашан өкінбеймін өз ісіме,
Ереуіл – Азаттықты аңсағаным!

Жеңісім болар осы – жеңілісім,
Қолдауын табар ертең менің ісім.
Қорғаған ата-бабам ұлан-байтақ
Қазақтың елі үшін, жері үшін!

Көңілім Ертіс, Нұра, Еділ, Жайық,
Жансауға жасамадым жеңіл қайық.
Алаңға шыққан жоқпын атақ сұрап,
Шықпадым қайыр сұрап, қолым жайып.

Самұрық дәл төбемнен саңғымасын,
Жайымды айтам енді, жар құласын.
Төрімде келімсектер кеңес құрып,
Қаламда қандастарым қаңғымасын!

Маздауын ұнатпай ма жан отының,
Ұлтымның тағдырына ара тұрдым.
Бесіктен белі шықпай мерт болуда
Есіктен сығалаған Ана тілім.

Қайнайық бір қазанда, төгілсек те,
Жағадан алайық бір, жеңілсек те.
Жүздерін төмен ұстап ұл-қыздарың
Қашанғы жаутаңдайды келімсекке.

Жаралы жаным солай жетім деймін,
Жазалы болсам-дағы, кетілмеймін.

Сондықтан, ешқашанда, ешуақытта,
Алаңға шыққаным өкінбеймін!

Басымнан өтті талай бұлағай күн,
Аңшының оғы тиген құралаймын.
Сондықтан ешкімнен де, ешқашан да,
Бас иіп мен кешірім сұрамаймын.

...Білмеймін күн екенін, түн екенін,
Тергеушім жымияды, міне, керім:
“Өртеген өрт сөндіргіш машинені
Өтінем, өзің айтшы, кім екенін?!”

– Қаншама толғаттыңдар, толғандыңдар,
Осы істі бекер ғана қолға алдыңдар.
Ызғарлы Желтоқсанда сол Алаңда
Кім екен “өрт сөндірмек” болған мұндар?!

Түсінем, кімге жаның ашиды енді,
Тасмандай тапқан ақыл тас үйдегі.
Қателік жасадыңдар, мүлт кеттіңдер
Шақырып өрт сөндіргіш машинені.

Бұйрыққа жастар сонда бұрылмады,
“Аруақ қолдай көр!” деп ырымдады.
Ұмытып қалай ғана кеткенсіңдер,
Ұшқыннан өрт лаулаған бұрын-дағы.

Біз дәйім ақиқатқа жүгінеміз,
“Ауыр ғой соңғы түйе жүгі” деңіз.
Жан өртін өшіре ме суды сеуіп,
Жастарға қажет еді жылы лебіз.

Баскесер жаналғышты майда мақтап,
Болмақшы судан таза, айдан аппақ.
Жымыып тұрдың қарап сол жастарға
Жығылса мұз үстінде тайғанақтап.

Қазыққа қалыппыз ғой біз байланып,
Қалатын соңымызда із ғой анық.
Жастарға Алаңдағы су шаштырды,
Өлсін деп ойлағандар мұзға айналып.

Қашады қасиет те құрмет кетсе,
Көзімен көрер еді бір кеп кетсе.
Өздерін алып шығып сол Алаңға,
Аязда суға көміп дірдектетсе!

Басшылар қателікті түзер дедік.
Су бетінде көпіршіп жүзер көбік.
Өшірмек болғаннан соң өртімізді,
Су шашқан машинені біз өртедік!

Тергеушінің титықтар кезі келді,
Жауабы бар сұрақты өзі берді:
“Неліктен Желтоқсанға қатысқандар
Өздерін қаһармандар сезінеді?!”

– Ата-бабам дәстүрлі жол қалдырды,
Жастарда арман-аңсар болған нұрлы.
Оларды қара бастың қамы емес,
Қазақтың ар-намысы толғандырды!

Аланда мұрат-мүдде кезіктірді,
Заманның өзгерерін тез ұқтырды.
Кеңестік империя күйрейтінін
Бір тылсым түйсікпенен сезіп-білді!

Тағдырдың сабағына жетік пенде,
Оянды ойға сенім бекіткенде,
Алматы Алаңына Алатаудан
Самалы Азаттықтың лекіткенде!

Жаншыды талай басты ой салмағы,
Қарауыл қанша жерден қойсаң-дағы,
Талдырмаш қаракөздер, ерұландар
Танкіден жыланбауыр тайсалмады.

Елімнің ертеңі үшін ісім деген,
Ересен ерік-жігер күшін көрем.
Суретке қараңыздар, сотталса да,
Еңсесін жас қырандар түсірмеген!

Ана жер неге ойпат, неге дөңес,
Ер ұланға өмір жол, өлең емес.
Болса да таукіметтің бәрін тартып,
“Өттең-ай, шалыс бастым!” деген емес.

Кертолғау жаңа күйдің қағысын бас,
Батырға күрессіз күн бақ ұсынбас.
Желтоқсан – Қазақ рухы сыналған күн,
Рухы мықтылардың сағы сынбас!

Ү.

Ызғарланған тас қала,
Ызбарланған астана,
Суықсың сен өзіме,
Ыстықсың сен басқаға.

Ыза-кекпін қайнаған,
Ызы-қиқу айналам.
Мұз үстінде тайғанап,
Мұз үстінде ойланам.

Емексідім ентелеп,
Берердейін сен көмек.
Итерсең де кеудемнен,
Мен – жапырақ, сен – терек.

Бауырыңа тартпадың,
Бөтенсиді қарттарым,
Қабылдауға құлқым жоқ,

Қалалықтың шарттарын.

Тас көшеңде сандалдым,
Тас мейірге таңқалдым.
Тас қойныңа тартпадың,
Тас төбеңде самғармын!

Білдірерсің сырыңды,
Бекініссің бұрынғы...
Анталайды жырынды,
Алаулаттым жырымды.

Желтоқсанда жылаттың,
Желтоқсанда құлаттың,
Жазығы жоқ құрбанмын,
Жауабы жоқ сұрақпын.

Жаһандағы тірегім,
Жараланған жүрегім.
Қан жуғанда жүзінді,
Шалажансар жүдедім.

Ұмтыламын Алаңға,
Ұжымақ жоқ ғаламда,
“Ұлтшылсың!” деп ұрғаның
Ұмытылмас санамда!

Намысымды таптадың,
Басқыншыны жақтадың.
Жалаңаяқ жалдаттың
Желтоқсанның ақ қарын!

Саңыраусың таскерен,
Сап түзеген әскер ең...
Саған қолын созбады
Қасыңдағы Қаскелең...

Ақтүтекке айналдың,
Айбарыңа қайранмын.
Ебіл-дебіл жылармын
Жапырағың жайған күн.

Жамалымнан сән көшті,
Жүрегімнен ән көшті.
Жазған мұны деп түсін
Желтоқсандық жанкешті!

ҮІ.

Жас жүректің антымен,
Жансебілді құптаған.
Жас қайратқа тәнтімін,
Бас сауғалап, бұқпаған.

Көріне бер шыңдардан,
Төзім, шыдам – тас қайрақ.

Қиындықта шындалған,
Шамырқанған, жас қайрат.

Аярлықтан асты айбат,
Сандалтқанда сағым күн.
Жалындаған, жас қайрат,
Желтоқсанда танылдың!

Жас қайратқа не бөгет,
Жас өркенге қиын не?!
Жанұшырып керемет,
Жұдырықтай түйілген!

Орып түсті көк шалғы,
Тағдырды кім таңдайды...
Қанатыңды от шалды,
Тасқа ұрдың маңдайды...

Қыран қанат қомдаған,
Күрсінгендей кәрі қыр.
Жасымадың сонда да
Мұқалмадың бәрібір!

Атойладың, не дейін,
Ар сыналар тұсында.
Асып тұрды мерейің,
Басып тұрды мысың да!

Кім көндірер қақпайлап,
Жаһанға таң жақсы ісі.
О, Жас қайрат, Жас қайрат,
Азаттықтың ақ құсы!

ҮІІ.

Қар кешсең де кемді күн,
Қаһармансың сен бүгін.
Желтоқсанда жыл сайын
Жаңғырады ерлігің!

Тәуелсіз ғой ел бүгін,
Тізгін ұстар келді күн.
Желтоқсанда жыл сайын
Жаңғырады ерлігің!

Жеңілді кім, жеңді кім,
Жолың ашық кең бүгін.
Желтоқсанда жыл сайын
Жаңғырады ерлігің!

Ескеріліп ерлігің,
Танылуда теңдігің.
Желтоқсанда жыл сайын
Жаңғырады ерлігің!

Азапты күн – арғы күн,
Азаттығың – бергі күн.

Желтоқсанда жыл сайын
Жаңғырады ерлігің!

ҚОЖАГЕЛДІ БАТЫР

Поэма

*“Қазақстанда патша өкіметінің отарлық саясатының күшеюіне және ортаазиялық хандықтардың басқыншылығына қарсы халық бұқарасының наразылығы Кенесары Қасымов бастаған кең сипаттағы және ұзақ уақытқа созылған көтеріліске ұласқанға дейін-ақ біртіндеп күшейе түскен болатын”.
(Е. Бекмаханов “Қазақстан ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарында” – Алматы, Санат, 1994.- 416 б.)*

* * *

Қара боран соқса да сары дауыл,
Батыр туған қазақтың бағына бұл.
Қожагелді батырдың атыменен
Аталады осынау шағын ауыл.

Ауыл шеті құба дөң, биік қабақ,
Ғұмыр жолын кім қалай тұйықтамақ,
Қожагелді батырдың мазары тұр,
Қыш кірпіштен өрілген қиып-қалап.

Анадайда Барқытбел сілемдері,
Түйемойнақ талай сыр тұр өңгеріп.
Қалба таудың бауырын дүбірлеткен
Қабанбайдың қаһарлы түмендері...

Ақын аз ба қазақта, батыр аз ба,
Айтып-айтпа нақыл сөз ақылы азға.
Келер ұрпақ жадынан шықпасын деп,
Тасқа қашап баһадүр атын жазған...

Уақыт желі соғады тынбай тағы,
Мәңгіліктің таңбасын кім байқады.
Ата тарих жадында жаңғырмаса
Ұрпақ қалай танымын ұлғайтады.

Басына бұлт қонады Барқытбелдің,
Бағзы күннен шымшым сыр тартып көрдім.
Бабалардың киелі аманатын
Керуенге түйелі артып келдім.

Қалай? Қашан? Дейтін көп сұрақ тұрды.
Тау қабарып, төсінде бұлақ күлді.
Қожагелді батырдың ерліктерін
Естісем деп қарттарға құлақ түрдім.

Ұлылардан сөз қалған ұлағатты,
Қисайған қос дауылда құламапты.

Қожагелді батырдың өнегесін
Шерте ме деп ақтардым мұрағатты.

Маң даланы тек сағым деме кезді,
Ғасыр аунап, қаншама теңеу тозды.
Қожагелді батырдың шежіресін
Тарқатар деп тыңдадым көне көзді.

Бәрі кеше болғандай, бәрі кеше,
Кейуана Уақыт – кәрі шеше,
Елеп-екшеп, есінен шығармаса,
Тірілтеді тарихты әлі неше.

* * *

Қаракерей Қабанбай даңқыменен,
Бұл далада қазақтың салтыменен.
Сүйем жерді қорғауда шейіт болып,
Сүйіп өткен батырлар халқын ерен.

Анталасып жаулары әр қапталдан,
Жорық жолы сан тарау тармақталған.
Қу толағай жастанып, күн-түн қатып,
Байтақ жерді қайтарған қалмақтардан.

Байтақ жерді қорғаған күн-түн қатып,
Бабалардың мазары тұр тіл қатып.
Ұлан дала төсінен жау қашырған,
Ұрпағына бұйырар, мүмкін, бақыт.

Батырларды Найманға берді, тегі,
Қаптағайлап қашанда ер күтеді.
Қалың Назар ішінде Тоқабайдан
Қожагелді түп-тегін өрбітеді.

Жасынан-ақ жақ тартып, садақ иген,
Жалғыз ауыз сөзге-ақ бола күйген.
Тақымында қақпан бел ақбоз аты,
Найзагері намыстың содан үйрен.

Аң аулады, құс атып, бала жастан,
Көкпар десе көз жұмып араласқан.
Елдің шетін қорғады есер жаудан,
Аз ба, көп пе – санына қарамастан.

Кең жайды да қанатын, керегесін,
Араласты бел шешіп неге болсын.
Ақтап өсті атаның өсиетін,
Сақтап өсті ұлтының өнегесін.

Қожагелді бірбеткей батыл ерен,
Батырлыққа жаралған затыменен,
Маңай шолып, жер түстеп көп жүріпті,
Арда ақбоз астында атыменен.

* * *

Жаны түгіл, бермеген жатқа малды
Аз болмаған оғылан оқ қағарлы.
Ақ киізге көтерген қалың қазақ
Абылайдың заманы артта қалды.

Басындағы бағың да айнымалы,
Бөліскелі жеріңді – бай мұраны.
Көз алартқан шүршіт те, орысың да,
Бодандықта қазаққа қайғы қалып.
Бодандықты бұл қазақ сұрап алған,
Алаш! – деген ақ тулы ұран арман.
Азаттық пен қазақтың егіз деуге
Есе бермей әкетті мына жалған.

Өткен күннен жеткен көп өкініш те,
Жеріңді алды көп орыс өтіп ішке.
Қара шекпен шұбалтып, ішкерілеп,
Бекіністі жалғады бекініске.

Жетіскеннен демеймін жыр саулады,
Ата-баба шер-мұңын білсе-ау бәрі.
Қырға қуып қазақты, құмға қуып,
Қала салып орыстар құрсаулады.

Мыңғырған мал азайып қолаттағы,
Сызығымен шекара жолақтады.
Шүйгін шөпті жайлауын тартып алып,
Қаласына қазақты жолатпады.

Адам зарын ақ патша естімеді,
Отарлаудың алапат көшкіні еді.
Қарсыласқан қазақтың ер ұлдарын
Казактардың қылышы кескіледі.

Аңқау ма еді, өр ме еді тумысынан,
Қалай өтті Тескентау қуысынан.
Жайық бойы, Ор бойы, Ертіс бойы
Сусып шықты қазақтың уысынан.

Төте төнген бұл нәубет аянышты-ақ,
Бақытсыздың басынан баян ұшпақ.
Қайран қазақ ол кезде білмеді ғой
Жүген ұстап қаларын, таяқ ұстап...

* * *

Күндердің бір күнінде,
Күздің күңгірт түнінде,
Үш Боғастың бойында,
Қара обаның түбінде,
Қожагелді түс көрді:

Қой терісін жамылған
Көп қасқырды көреді.
Тек қой болған қорегі,

Құтырынған қорқаулар,
Бөріктіріп отарды,
Быт-шыт қылып бөледі.
Қан сасытып төбені,
Жын сасытып маңайды,
Тамақтайды, талайды,
Момын қойлар қырылып,
Тұяқ серпшей өледі...

Қой терісін жамылған
Кәрі қасқыр тоймады.
Көзінде от ойнады,
Базар, Боғас бойлады.
Қалың қамыс қойнауы
Жолбарыстар жоғалып,
Болған түлкі ойнағы.
Шұбар айғыр үйірін
Қасқырлар кеп қамады,
Ашылыпты араны,
Азудағы ақ алмас
Қыл сағақтан салады.
Буаз бие қарыны
Ақтарылып қалады.
Құтырынған қасқырлар
Тіпті еркінсіп барады.
Үйірінен бөлінген
Құлын-тайды жарады.
Көзінде от лапылдап,
Кәрі қасқыр өшігіп,
Ат үстінде отырған
Сонда бұған қарады.
Үстіндегі қой тері
Сыпырылып қалады.
Әлгі қасқыр дегені –
Қарашекпен жамылған,
Шәркейлері таңылған,
Иемденіп жат жерді
Қалу үшін ағылған
Қалың мұжық соңында,
Көк сүңгісі қолында,
Айбалтасы белінде,
Тыныш жатпай елінде,
Елеуреген, елірген,
Мойындары сорайып
Зеңбірегі көрінген
Орыс-казак боп шықты...
Өң мен түстің арасы...
Қожагелді қапылды
Бармақ шайнап аһ ұрды,
Жақындатып алысты,
Алыстатып жақынды,
Арғы-бергі заманда
Өткен барлық батырлар
Аруақтарын шақырды.
Құрды да көк шатырды,
Елге сауын айтады.
Жаудың бетін байқады,

“Қытай асып кетсек те
Құтылмаспыз бұдан!” деп,
Сонда басын шайқады.
Жүректің түбін қайғы алды,
Бас бармағы шайналды.
Айналыштық болған танадай
Бір орнында айналды.
Арқадан ауа көшкен ел
Тарбағатай баурында
Тыным, аял табар ма?!
Аспан сұп-сұр қабарған...

Қасым салған қасқа жол,
Есім салған ескі жол,
Ескірді ме немене?!
Елді даңққа бөлеген
Әз Тәукенің билігі,
Абылайдың амалы,
Қалай ұмыт қалады?!
Қоршап орыс қамалы,
Қазақтың кең жайлауы
Қусырылып барады.

Бауыры құт Барқытбел,
Бар ма сенен артық жер,
Байырқалап қонысқа
Тұрақтамау не нұсқа!
Бодан болсақ орысқа,
Таланғандай қасқырға,
Мал да құрбан, бас құрбан,
Батқаны ғой күніңнің,
Шықпағаны үніңнің,
Байсал орда, бай орда,
Қалай ғана бүліндің?!

Өң мен түстің арасы,
Қабысуын қарашы...
Қожагелді батырдың
Зығырданы қайнады,
Қайда кеткен қазақтың
Сүтке шығар қаймағы.
Жүдеп-жадап барады
Бүкіл ауыл-аймағы.
Сырқырайды сүйегі
Қозғалып дерт қайдағы.
Қайқы қылыш сермесен
Қолыңды кім байлады.
Алла деп қол жайғалы,
Бағынбадық кәпірге
Ата-баба байламы
Азаттығың еді ғой!
Ақ патша ма қамқоршың
Алпыс екі айдалы?!.

* * *

Қожагелді болжады бір қауіпті,

Жылжып өтіп барады зырлауық күн.
Бұл құрсаудан құтылар жол іздеді,
Сабағындай шырмаған шырмауықтың.

Өз жерінен қорлық қой ауа көшкен,
Мұздай темір құрсанған жау емес пе.
Бейбіт шешім болатын түрі жоқ қой,
Тым болмаса жеткізбей дау-егеске...

Көшкен қазақ соңында зары қалып,
Асқанға да бір тосқан бары анық.
Бір ғана жол қалғанын ұқты батыр:
Қарсы тұру, қолға тек қару алып!

Хабаршылар жан-жаққа аттанысты,
Тар кезеңде қайралар тап намысты.
Осы жерді сойылмен қорғап кеше
Отан үшін бабалар отқа түсті.

Көніп қалып патшаның алдауына,
Жер қалмады қазаққа мал бағуға.
Қорқып-үркіп қашанғы күн көресің.
Күндіз-түні жалтақтап жан-жағыңа.

Ошағында от сөніп ойрандалып,
Бодандыққа түсті ғой, қайран халық.
Ойдан-қырдан жиналған орыс-казак
Төрге шығып алды да тайрандады.

Қашан келіп бақ-дәулет құтаясың,
Үркіншілік биледі ұлт аясын.
Кең даладан жер таппай ұлтарактай
Қазақ көше бастады Қытай асып...

* * *

Замананың дауылы соғар қатты,
Бодан елге кім келіп бақ орнатты.
Қытай аса бастады қазақтар деп,
Патшасына орыстың хабарлапты.

Халық еді ән құшып, күй өңгерген,
Қайран қазақ зар болды сүйем жерге.
Орыс патша бұл жайлы ойламады,
Жер мен қоса елді де иемденген.

От қарумен қорқытып далалықты,
Қадалғанда орыстар қан алыпты.
Тосқауылға дайындап, аттандырды,
Көп әскермен офицер Хабаровты.

Көзге ілмей қазақтың батырларын,
Талап етіп жарлықты мақұлдауын,
Үш Боғастың бойына келген әскер
Құрып тастап, орнықты, шатырларын.

Тар өткелде танысың дос, бауырды,
Қалың әскер ылайлап бастауынды,
Тарбағатай тауының бойындағы
Асуларға құрады тосқауылды.

Ауыр болар демеген жол мұншама,
Кесірленді орыстар сол күн шыға.
Дүркін-дүркін оқ атып қайтарады,
Сардарларды жіберген шолғыншыға.
Тартып қатты Ақ боздың артқы айылын,
Қожагелді шешімді шалт қайырды:
– Соғысамыз! Сардарлар сап түзесін,
Басқыншыға жоқ кешу, жоқ қайырым!

* * *

Тар кезеңде кәрі де жас ойланған,
Қалай ғана қастандық жасайды адам,
Уаң деген бар еді төресымақ
Бес мың жылқы біткенге масайраған.

Қожагелді батыр ғой аңғал, арда,
Қатуланса қылышын қанға малған.
Ел бүйрегі көбірек соған бұрса
Уаң ылғи қызғанып сонда қалған.

Қожагелді қол жинап қамданғалы,
Сөнетіндей Уаңның жанған бағы,
Орыстармен қалайда тіл табысып,
Алдын орап кетуді армандады...

Хабаровпен жасырын жалғасады,
Екі жылан едәуір арбасады.
Момын елді айтқанға көндірем деп,
Көкейдегі тілекті дәл басады.

Сұлу сөзден сатқындық сезілмейді,
Қалмаңдар деп кешігіп безілдейді.
“Қожагелді батырдың басын алсаң,
Басқасын реттеймін өзім”– дейді.

Хабаровты көндірді ырғасып ап,
Белгі бермек болады қыр басынан.
Ақбоз атпен шығады Қожагелді,
Нар батырды таны деп тұлғасынан.

Қашан тұрған бұл дәурен озбай бастан,
Найзағайы шатырлап, боздайды аспан.
“Батыр деген бір оқтық, қорықпа” деп,
Әумесер мен әзәзіл сөз байласқан.

Қарауыл тұр қабақта көп қарайлап,
Опасыздық оянды отпен ойнап.
Есер Уаң күледі миығынан
Ел намысын берді де оққа байлап.

* * *

Көш жылжиды Шығысқа соқпақпенен,
Базарлы шақ басынан өтті, әттеген.
Бұйрық алған патшадан бұл Хабаров
“Қазақтарды қайтсең де тоқтат!” деген.

Ұлы дала ұласқан орманменен,
Қоршалуда бекініс, қорғанменен.
“Амал, айла, алдаудың неше түрін
Ебін тауып, қалайда, қолдан!” деген.

Келді бұлар ерекше тапсырмамен:
“Осал тұсын олардың тапсын!” деген.
“Қарсы шықса патшаға қайманалар
Сұрауыз да, сотсыз да атсын!” деген.

Ұлан-ғайыр көсілген далам жатты,
Қорғасын бұлт бір қауіп бағамдатты.
Қожагелді батырдың қол жинауы
Хабаровты тым қатты алаңдатты.

Бекер шыңар бұл халық төзгіш деген,
Секем алды иісті сезгіш неме.
Соғысқанда жеңуі екіталай,
Болса-дағы қарулы, аз күшпенен.

Бұрқырайды көк жусан, ермен керім,
Елестетті Хабаров төр мен көрін.
Қожагелді батырды өлтіруге
Дереу сайлай бастады мергендерін.

Боғас бойы қалың ши, қалың қамыс,
Сарбаздардың оятты бәрін намыс.
Қожагелді қол бастап келе жатты,
Шыға қашты қамыстан мәлін, барыс...

* * *

Қыздырмамен көңілдің таппас емін,
Нағыз батыр халыққа жақтас, тегі.
Қожагелді ойласа қара басын
Қара қоста бұғынып жатпас па еді?!

Алакеуім таң алды, Күн шықпаған,
Шырылдатып табылған шымшыққа дән.
Қожагелді мазасыз күй кешкенде,
Қалың елдің тағдыры тыншытпаған.

Басқыншыға қор болып жатыр елі,
Бір өкініш өртейді көкірегін.
Қожагелді – қорғаған ата жұртын,
Арыстандай ақырған батыр еді.

Батыр елден марқаяр тауып тілек,
Қара жаңбыр түнімен жауыпты көп.
Ақыл қосты кей жақын ағайындар

Ақ патшаға бағынбау қауіпті деп...

Қалың елдің көбейіп қарбаласы,
Ошақтағы төгіліп қалған асы.
Қожагелді қалайша құл болады,
Сыймайтұғын ноқтаға арда басы!

Басқыншының ізінде өрті қалды,
Неге тақты мойынға ер тұмарды.
Қалба таудан бері қарай асырмауға,
Қожагелді батырдың серті бар-ды.

Батыр еді таныған салқам дала,
Бар қаруы қылыш пен қалқан ғана.
Бұған дейін патшаның тосқауылын,
Быт-шыт қылып сан мәрте талқандаған.

Озатын ұл оң қолын созар туға,
Қалың қазақ жарайды сөз артуға.
Қожагелді бұл жолы қол жинады,
Ата жұртты жауынан тазартуға.

Ақ патшаның көбейіп тас қаласы,
Тұтас, түгел билемек аспан астын.
Батыр қазақ қалайша бұған көнбек,
Бүгінгі таң сол жорық бастамасы!

Ата көрген ұрпағы оқ та жонды,
Тапсырды да түгелдей хаққа жолды.
Қожагелді бастаған шағын қосын
Таң бозара тәуекел атқа қонды.

Тау суының жойқын ғой тасуы да,
Төтеу қиын халықтың ашуына.
Сүт пісірім уақта жетсек деді,
Хабаровтың бекінген асуына.

Ашық күнде найзағай шатырлады,
Басқыншыны ешкім де шақырмады.
Қожагелді оқ бойы алға шықты
Көрінгенде тосқауыл шатырлары.

Қамыс пен ши сыңсиды жағаласып,
Қапы қалып жүрмесін қара басып.
Айқындалып келеді айналасы,
Бірте-бірте жақындап арақашық.

Бір бүйірде қалың ши басын ырғап,
Тірлік күйі танытты тосын ырғақ.
Гүрс-гүрс еткен мылтықтың дауысына
Ұлып ұшты ескі әуен қосылып ап.

Ескі әуен – көне зар аңырады,
Қазақ аулы тағы да қаңырады.
Қожагелді батырың оққа ұшты,
Ортасына түсті де шаңырағы.

Қожагелді ақбоздың жалын құшты,
Сарбаздары байқады халін мүшкіл.
“Батырыңнан айрылдың қапияда!” –
Ұзынқұлақ хабарды алып ұшты.

Көбелекке айналып көркем үміт,
Көкжиекті қан жуды көмкеріліп.
Қожагелді қоштасып тіл қатады
Тарбағатай көзінде төңкеріліп...

* * *

“Айдабол, Шапат, Қожамжар,
Орысқа бодан болмаңдар!
Орысқа бодан болсаңдар
Құйрықтыда жал қалмас,
Өркештіде қом қалмас...”
Тарыла берер өрісін,
Ата-бабаң қан төккен
Ұлтарактай жер үшін.
Бодандыққа берме келісім,
Балаларым, ұғыңдар,
Бір Алла ғана саған жар!
Патшаның киме нөқтасын,
Болса да күші көп басым,
Ентелей бермей енді сол
Қалбадан өтпей тоқтасын!

Қамытын кесең бодандық,
Таппайсың енді одан құт.
Жолыңнан тайып адамдық,
Құл боласың нөқталы.
Көрге қарай бастайды
Бұл өмірдің соқпағы.
Арпалысқан жауменен
Атаңның бұл тоқтамы.
Бұзып-жарып топқа кір,
Бостандығың болмаса
Тіршілікте жоқ тамыр.
Шен-шекпенге қызықпа,
Залым патша амалы.
Тарбағатай төрінде,
Салынбасын қамалы.
Жер жаннатын тартып ап,
Ашылыпты араны.
Барған сайын сұғынып,
Ішке кіріп барады.
Өз жерінде кіріптар
Құл болмасаң жарады!

Тана мырза, Шерубай,
Тыңдап құлақ салыңдар.
Жасырынып атты ғой
Қаны қара залымдар.
Кегім кетті дұшпанда,
Кеңес құрып барыңдар.
Ата-жұрттан аумаңдар,

Айтатұғын зарым бар:
Азаттықтың алауын
Лапылдатып жағыңдар.
Қаракерей Қабанбай
Аруағына сиынып,
Қалың Мұрын жиылып,
Ту байлап бір тоқтамға,
Қолға қару алыңдар!
Тараған бір атадан,
Қазымбет пен Шақаман,
Бибатыр мен Тоғанас,
Кетіп барам қатадан...
Қалың Назар қорғаны
Боқбасар мен Тілеміс,
Болды білем шүлен іс.
Ақсарыбас атаған,
Тіздеп түйе матаған,
Артымдағы қалың ел,
Ағарып ем батадан!
Сәйдібек пен Қырықбай,
Ел ағасы сырықтай,
Қайтып тыныш жатасың
Басқыншыны құрытпай,
Айтқан менің сөзім бұл
Кезінде ажал тақаған!

Жылқыайдар мен Айдарбек,
Халқыңа тисін пайдаң көп.
Алыс пенен жақынға
Ақ найзамды айбар деп,
Аса биік ұстандар!
Ақылға серік айлаң тек,
Қалғымаңдар бейғам боп.
Бодандыққа бойсұнба,
Ойлан, ойлан, ойлан көп!

Қарғыба, Базар бойында
Артымдағы қалың ел,
Қарауыл төбе үстіне
Сүйегімді қойыңдар.
Азаттық үшін мерт болдым,
Алмас қылыш серт болдым.
Атажауым мойындар!
Өсіп, өніп, өркендеп
Кеңге қанат жайыңдар.
Тізгінің ие бол,
Кеудемде бір уайым бар.
Арыстандай ақырдым,
Ақырында аһ ұрдым,
Ұлтын сүйген ұрпағым
Парасатпен пайымдар!

* * *

Хас батырдың Қожагелді Атанұлы,
Қалың елді қазасы қапа қылды.

Қаракерей жақсысы хабарланып,
Өсиет еткен жеріне апарылды.

Би, төрелер жиналып кеңеседі,
Не болар деп бұл елдің келешегі.
Оққа тосқан кеудесін саңлақ ер,
Қожагелді жай батыр емес еді.

Қаракерей елінің төрелері
Бексұлтан мен Солтабай не дер еді.
Әбілқан мен Шотан да осы топта
Кеңеседі кеңейтіп керегені.

Шерубай мен Тананы, Ақтайлақты,
Айтам десе кім сөзден қақпайлапты.
Бөкбасар мен Шәкі би, Сүбебай би
Бүгін менен ертеңгі шақты ойлапты.

Семіз Найман саңлағы Бекбосынға,
Қыржы Қыстау, ер Күшік кеп қосылған.
Мәстек Шаян, Серікбай бәрі осында
Бейіл боп бір шешімге тоқтасуға.

Орыстарға қоятын шарт жасады,
Шығатұғын шығынды қапқа салды.
Арғы-бергі жағдайды талқылап кеп,
Айқасуға аянбай анттасады.

Шерубайдың бай ауыл атырабы,
Анттасуға көп елді шақырады.
Көкқасқа тай сойылып, би-төрелер
Жылы қанға қолдарын матырады.

Намысты ер жолы бұл ата көрген,
Небір қиын түйінді матап өрген.
Сорабына аңыздың сүйенсек біз
Сүбебай би мынадай бата берген:

“Ал, батамды берейін,
Бісмиллә деп, қол жайып.
Бір Аллаға бәрі аян;
Біз нені қалай болжайық.
Қаракерей – қалың ел,
Ғұмыр кешсін жарасып.
Ажырамасын ағайын
Жоқ нәрсеге таласып.
Ойлантады тізіліп
Он саусақтың саласы.
Қожагелді – хас батыр,
Орыстан келді-ау қазасы.
Мекен болсын мәңгілік
Үшбоғастың даласы.
Патшаның көз тіккені
Сарыарқаның саласы.
Қызығып отыр жеріме,
Ырысты шалқар көліме,
Құрып отыр ыңдыны

Қазыналы кеніме...
Ісім тура, жолым ақ,
Жәрдем берсін жалғыз Хақ.
Атам найман ұрпағын
Жебей берсін күллі аруақ.
Соғысатын кез емес,
Қолға шокпар, қару ап,
Сүйенгені көк темір
Патша кімді танымақ.
Елің менен жеріңе,
Шерубай, Тана иесің.
Қаракерей ұрпағы
Барлығы сені сүйесін.
Сөйлесіңдер жасқанбай
Істің тауып жүйесін.
Еркінді берсе өзіңе,
Көніңдер айтқан сөзіне.
Елдігінді аңғартып,
Бір көрсет жаудың көзіне.
Алмасын алым еліңнен,
Аудармасын жеріңнен.
Жалтақтамай, жасқанбай
Тұрыңдар берік сеніммен.
Сұраңдар ердің қазасын
Нақақ қаны төгілген.
Құрыш қорған берекең
Жау жейді елді бөлінген,
Аумин!”.

* * *

Дүркін-дүркін басқосу жиын болды,
Бір бітімге келу де қиын болды.
Қожагелді батырдың бұл қазасы
Дүр сілкінткен оқиға дүйім елді.

Басқыншы да аңысты байқастады,
Қару жұмсап қайтадан шайқаспады.
Ұзын арқау, кең тұсау саясатпен
Орағытып, шырғалап, ойқастады.

Қожагелді тұлғасы дараланды,
Қамықтырды иманға қарағанды.
Құн даулауды Петербор үйлестіріп,
Жазылмайтын жүректе жара қалды...

Тозған елді көруден азап бар ма,
Қазақ құрып кетуге аз-ақ қалған.
Бұйырғаны патшаның шен-шекпені,
Басыбайлы бойсұну кәззартарға.

Қазаққа тән қасиет төзім мықты,
Десек-тағы кесепат кезігіпті...
Езгісінде басқыншы өткен жылдар
Екі жарым ғасырға созылыпты.

Түссе-дағы топалаң дағдарысқа,
Көнсе-дағы күйбеңдеп жанбағысқа,
Қожагелді батырды ұмытпады ел,
Бас имеген бұғауға ол да арыстан!

Қара боран соқса да, сары дауыл,
Батыр туған қазақтың бағына бұл.
Қожагелді батырдың атыменен
Аталады мен өскен шағын ауыл...

P.S.

Қожагелді Атанұлы (1757 – 1826) – орыс отаршылдығына қарсы күресте оққа ұшқан қазақ батыры. Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай ауданында “Қожагелді” ауылы бар. Батырдың мазары сол ауылдың жанында. Ұрпақтары өсіп-өнген.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ЕЛТАҢБА

Ежелден-ақ етене ен-таңбамыз,
Ескірмеген ешқашан көркем нағыз.
Егемендік – ерекше еншім болса,
Елдігімнің нышаны – Елтаңбамыз.

Елтаңбамды шартарап ел таныған,
Ер Қазаққа тиемел ортақ ұран.
«Қазақстан» – атаулы алтын айшық,
Мақтан тұтар ұлтына қамқор ұлан.

Шаңырақтан нұр шапақ шашыраған,
Іргем берік, төрім кең, басым аман.
«Бір шаңырақ астына бірігейік!» –
Бәрінен де қымбат сөз осы маған.

Елтаңбамның шырайы – шаңырақта,
Шаңырақ бұл жұлдызды жамыратқан.
«Шаңырағың биіктей берсін!» деген,
Бір ауыз сөзді дәйім жан ұнатқан.

Елтаңбамда – ерекше пырақ-қанат,
Ел едік қой тұратын сынақ қалап.
Қазағымның азаттық аңсары бұл,
Тұлпарға кеп таңдауы тұрақтамақ.

Елтаңбамнан аламын қуат ерен,
Елтаңбамның жанына Ту әкелем.

Тәуелсізбін деп бүгін толғанғанда,
Құлагер жыр төгілер құлаперен.

Мемлекеттік рәміздер – кием менің,
Кетпеу үшін жат жұрттар иемденіп,
Көтеремін биікке әр күн сайын,
Әр күн сайын басымды ием келіп.

* * *

Көңіліме қарама, қабағыма,
Қабағымды қарағым бағады ма...
Әділеттің жағына шықтым ылғи,
Кездік тақап тұрсаң да тамағыма...

Көңіліме қарама, әлпетіме,
Әлпетімнен ақырын әр кетуде.
Намыс отын тұтаттым әр кеудеде,
Найзағай боп аспанда жарқ етуге...

Көңіліме қарама, сұрыма да,
Мақсатты жан басқаға бұрыла ма...
Адамдарды мүсіркеп аяушы едім,
Абайды оқып, таңырқап, бұрын ана...

Көңіліме қарама, дидарыма,
Өлең менен қаныма күй дарыған.
Құлықсызды құлатып құдығына...
Құдайсызды келтіріп иманына...

Көңіліме қарама, ажарыма,
Жабырқаймын тарқаған базарыма...
Шырайлымды іздеймін оң-солымнан,
Шалынса деп ақ жүзі назарыма...

Көңіліме қарама, кескініме,
Есем кетіп барады ескі күнге...
Жаратқанға қаншама жалбарындым,
Естімеді, жоқ, әлде, естіді ме?!

Көңіліме қарама, көзіме де,
Көздің сұғын қадайсың өзі неге?!
Алда қанша асу бар – ол белгісіз,
Адам бірақ арманнан безіне ме!?

* * *

Мамыр келді,
Тағы да мамыр келді,
Мамыражай күндері сабыр берді.
Маңған мамыр бұлттары тым биікте,
Маңайыңнан көрмейсің әбігерді...

Тамыз келді,
Тағы да тамыз келді,
Айналсоқтап шықпаймыз аңыз көлді...

Балапандар қалыпты қанаттанып,
Жылы жаққа қамдану маңызды енді...

Қазан келді,
Тағы да қазан келді,
Қара қазан қамын тек жазам ба енді.
Қара өлең, қайтесің, қинамашы,
Қара түнде алмашы мазамды енді...

Ақпан келді,
Тағы да ақпан келді,
Айыл тартып, ертгедім ақтанкерді.
Ақ төсегің шығар деп қаламын мен
Ақ көрпеге оранып жатқан белді...

ҰЛТ МҰРАТЫ

Аңыз деңіз ежелгі, ертеқ деңіз,
Ата-баба атымен ант еткенбіз.
Ұлттық намыс бәрінен биік тұрған,
Ұлтарактай жер үшін қан төккенбіз.

Нағыз ерлік дастан боп мәңгі қалды,
Күй өрілді қаншама, ән тұтанды.
Ұлтым үшін сақтадық ар-намысты,
Ұрпақ үшін өсірдік сәмбі талды.

Сондықтан да, тәрбие кілтін ұста,
Тамыр-текті танытар түркі нұсқа.
Қадам басып тек қана ілгеріге,
Қалмау керек іркіліп ілкі тұста.

Азат күнді аңсаумен таң ұзарған,
Қанша үміт-қызғалдақ қауыз жарған.
Алмас кездік жатқан жоқ қын түбінде,
Ақиқатқа айналды аңыз-арман.

Айырмасын ұлтымды қаймағынан,
Айтсын үлгі шетінен бай, бағылан.
Қазақ енді ешқашан, қамықпасын,
Қай кезде де жел ессін айдарынан!

Қасіретті біз кешкен күй ұқтырсын,
Күйдіреді кеудені күйік күрсін.
Ұлттық мүдде тапталып қалмау керек,
Ұлт мұраты бәрінен биік тұрсын!

* * *

Уыстан шықты уақыт қалай ғана,
Уайым шеккен екен талай дана.
Запыран жүрек басын жайласа да,
Зәуіде зауқым соқпас жанайлаға.

Дәметкен бар деп алда таңдау әлі,
Қалың қар қалды қымтап маң даланы.
Бұлдырап бара жатыр бар айнала,
Бәрібір таппаған соң жандауаны.

Сүдігер секілдімін дән себілген,
Айрылып қалмасам деп нар сенімнен,
Қайралдым, қапы қалдым, қайрат таптым,
Айналдым ақыры мен жансебілге!

* * *

Азапқа да тек қазақ шыдайды анық,
Азаттықты алдық деп шырайланып.
Ноқтамызды сыпырып тастадық та,
Енді неге қазықты шыр айналдық?!

Жалғасса деп бір іске бір ісіміз,
Тасыса деп тіледік ырысымыз.
Аяғына жем түскен ат секілді,
Енді неге өнбейді жүрісіміз?!

Жәутендеген жалыныш түрімізде,
Жәрдемдеспей біріміз бірімізге,
Басы бүтін ұйымай дінімізге,
Бас бостандық әпермей тілімізге!..

Ұлтымызға ұқтырып төс ұрмауын,
Ұпайларын түгендеп кесір қауым.
Шартараптан кеңесші шақырып ап,
Шеше алмай жер дауын, жесір дауын...

Бірі ойға тартады, бірі қырға,
Құрық салмай құркеуде құрығырға,
Талай рет арбамыз аударылды,
Кілт оңға, не кілт солға бұрылудан ...

Мал аман ба, – дедік біз, – жан аман ба,
Жазбайтұғын уақыт жара бар ма?!.
Ноқтамызды сыпырып тастадық қой,
Ал енді түспейміз бе аламанға?!.

* * *

Бұзып ағар бұйра жал су арнаны,
Басын шалар асқардың мұнар қалың...
Бір күнгідей болмай-ақ ұмытылар
Беркінді атып аспанға қуанғаның...

Медет тұтып келетін ай, күн барын,
Шырмауына түссең де ойдың қалың...
Бір күнгідей болмай-ақ ұмытылар,
Жұлын-жүйке езіліп қайғырғаның...

* * *

Күннің қызыл арайын жия батқан,
Кешкіғұрым құлады қиял аттан.
Қайда барсам құтыла алмадым -ау,
Жол торыған қарақшы қиянаттан.

Байлық қуып біреудің есі кетті,
Батқан Күндей байыған досым өтті.
Қиянаттың тырнағы қапияда
Жүрегімді қанжоса осып өтті.

Байлық емес барым да, базарым да,
Бір шөкім бұлт бояуы назарымда.
Күллі әлем жылы сөз күтетіндей,
Әділет деп жаңа жыр жазарымда.

Баянсызын жалғанның бір күн біліп,
Неменеге жетісіп, жүрдім күліп.
Тынысымды тарылтып бара жатыр,
Қиянаттың құрсауы қылғындырып.

Өрмекшінің торындай шырматылған,
Шырмауықты құрдымға шым батырған.
Қиянатты қайтейін – қасымдағы,
Әділетті қайтейін – шыңда тұрған!..

* * *

Бір сауалға жауап жоқ миыңдағы,
Мың сауалдан бір сауал қиындады.
Жаратқанға жалбарын, сауап болар,
Жәрдем берсе Аллаға сыйынғаның...

Бір сауал жүр инедей қадалулы,
Алла өзі атқарар жан алуды...
Ет жүректе емдейтін орын да жоқ,
Жарақатқа жарақат жамалулы.

Бір сауал бар шаншудай мазалаған,
Айға қолын, апыр-ай, созады Адам.

Орындалмас арманды қуалатып,
Онда неге Адамды жазалаған?!

* * *

Күн шапағы түседі шың басына,
Кішкентайдан тым үйір мұң басыма.
Сұлтанмахмұт секілді қарай берем,
Нахақ көздің жасының тұнбасына.

Ежелден-ақ егіз ғой бақ пен қайғы,
“Елім-ай!” мен көп айтқан “Әттең-ай!” ды,
Әлемде тек қазақтар шығар деймін,
Бағы мысқал, ал соры батпандай-ды.

Даласы кең болған соң тарынбаған,
Тәңір сыйы деп бәрін қабылдаған.
Азаттығын алса да, қайран қазақ,
Азабынан байырғы арылмаған!..

* * *

Адамды алдандырар асыл үміт,
Қалады бір қапталда ғасыр ұмыт...
Қарауға тереземнен жалыққандай,
Барады бұлтқа Ай да жасырынып.

Шырғалаң әр пендені шыңдайды анық,
Шыбын жан шыққанынша шымбай бағып...
Әу баста өзім ойдан шығарған ем,
Өтірік бара жатыр шынға айналып.

Достық пен махаббатты жалғап өтем,
Тар кеуде болар қанша жанға мекен.
Апыр-ай, қайран қалдым енді бүгін,
Ақыры ақиқаттың жалған екен!..

ӘН ҒҰМЫР

Әлі күнге ғашықпын ән ғұмырға,
Әлі күнге ынтықпын таңғы нұрға.
Өзіңменен жүрсем ғой қол ұстасып,
Жайсаң жаздың жып-жылы жаңбырында.

Әлі күнге арбалам ән елеске,
Әлі күнге ескірген өлең есте.
Өлең болып, ән болып мазалайтын,
Сен бе, әлде, сол сұлу, сен емес пе?!

Әлі күнге еремін ән-сағымға,
Ауады да тұрады аңсарым да.
Әнге айналған махаббат екенсің ғой,
Әттең, даусым жетер ме жар салуға?!

* * *

Көз алмай терезеден жарық жанған,
Сөз күтіп махаббатқа зарық жаннан,
Бұл өмір шынында да шым-шытырық,
Бұл жалған шынында да анық жалған .

Көз арбап терезенің жанған шамы,
От жүрек әнді аңсады, жарды аңсады.
Осындай лапылдаған күй кештірген
Қауызын қызғалдақтар жарған шағы...

Көз алдап терезеде жанған шырақ,
Неліктен толтырмайды жанға шуақ...
Ақыры тойдырды ма алдамшы өмір,
Ақыры таусылды ма алдамшы бақ?!

* * *

Түбінде бір келер деп түс болжадым,
Түсімді оңға жорып тұспалдадым.
Құстар да оралады туған жерге,
Сен неге құс болмадың?!

Ақ бұлтқа айналды да тынды арманым,
Қолыммен кеңістікті құр қармадым.
Күн шығады шуағын шашып күнде,
Сен неге Күн болмадың?!

Бұл дертке естімедім ем қонғанын,
Еш көмек бере алмады ел-қорғаным.
Күндіз-түн сені ғана сағынамын,
Сен неге мен болмадың?!

* * *

Шақыруды құп алып,
Жұмыстан соң қонаққа бар.
Жалғасады шұбалып,
Жексенбісі жоқ апталар.

Аялдамай арай күн,
Сиреп кетті тоғайлар да.
Дүдәмалмен қараймын
Демалысы жоқ айларға.

* * *

Кімге айтасың, ішіндегі зарыңды,
Асау уақыт тыңдамайды арынды.
Жан-дүниені қабылдамай тұрады
Құлағыңа жеткен бөтен сарынды.

Кімге айтасың, бізден жастық өтті деп,
Бала бұлақ таудың төсін тепкілеп,
Буырқанып, біраз жерге барса да
Су аяғы құрдымға сол жетті деп...

Кімге айтасың, құлазуын көңілдің,
Жеңдің талай, енді, міне, жеңілдің.
Сыры жұмбақ болып шықты ақыры
«Алды тұман, арты күмән» өмірдің...

Кімге айтасың, таппадым деп тиянақ,
Дала кезіп, қала кезіп қиялап...
Бір өкініш түнде ұйқы қашырып,
Бір сағыныш кеуде тұсқа ұялап...

Кімге айтасың, таймадым деп сертімнен,
Еріксізге ермедің бе еркіңмен...
Тек махаббат жазатынын түсініп,
Сол баяғы дауасы жоқ дертіңнен...

Кімге айтасың, кімге мұңың шағасың,
Шайырлар ма шамаламас шамасын?!
Өмір сүрдім дейсің кімге өзеуреп,
Өрге сүйреп шарасыздық шанасын?!

* * *

Бар еді менде, шіркін, достар қандай,
Болатын бауырсақпен дастархан бай.
Базарлап кетті бірі, байлық қуып,
Бозарып мына дүние бос қалғандай...

Біреуін ажал алды тырнағына,
Бұрады көңіл құрғыр бұрнағыға.
Соншама неге асықты о дүниеге,
Пәниде аз күн тұра тұрмады ма?!

Заманым ұшырады зымыранын,
Әрқалай шырқар әркім ғұмыр әнін.
Бақсыдай жынын алған қалғып-мүлгіп,
Ішінде қалды бір дос құмыраның.

Барынан жоғы жақсы біреуінің,
Көрдің бе талтаңдауын, шірәнуің.
Қарынын қайта-қайта сипалайды,
Құлағы естімейді жүрек үнін.

Бір досым құлы болды қатынының,
Ақынға қатын деген жақын ұғым...
“Досымды сыйла, – деуге, – бала күнгі”,
Жетпей-ақ қойғаны ғой батылының.

Көрмедім бір досымды көптен бері,
Бөлді ғой бізді өмірдің өткелдері...
Жалғыздық зарын шегіп тұрған шығар
Секілді жалғыз ағаш бөктердегі.

Көрінер көзге ыстық ескі қосың,
Есіркер еске түссе есті болсын.
Бір досым өсірген соң дәрежесін
Өшірді санасынан ескі досын...

Бүгiлдi менiң-дағы бас бармағым,
Баянсыз тiршiлiктi астарладым...
Жоғалтып бiрiнен соң бiрiн, мiне,
Ақыры менде қазiр дос қалмады!..

* * *

Абыржудан қайран не, әбiгерден,
Дәрi сұрап қайран не дәрiгерден.
Көшiп кеткiм келедi көкжиекке,
Сағым жұтқан әрi асып сары белден.

Тимесе де жастыққа жар құлағым,
Орындалмас бар талап жарғыдағы.
Асып кеткiм келедi Алатаудан,
Бiр құпия сыр бүгiп арғы жағы.

Даралығын жүрушi ем еш теңгермей,
Жаңғырығып дауысы өшкен керней.
Тастап кеткiм келедi Алматыны,
Астанаға үдере көшкендердей.

Дей көрмеңiз шыны ма, ойыны ма,
Бұл адамның шек жоқ қой тойымына.
Босып кеткiм келедi Бетпақ шөлге,
Асып алып дорбамды мойыныма.

Тiл қатпады, тарихқа жүгiнiп ем,
Ауа бердi нардың да жүгi кiлең.
Қашып кеткiм келедi баяғыма,
Толмағанда көңiлiм бүгiнiме!..

* * *

Тұла бойым өр намыс, таласар кiм,
Егiн ектiм, мал бақтым, қала салдым .
Ақылдының алдында – биiктедiм,
Ақиқаттың алдында – аласардым.

Мен – қазақтың ұлымын, даладаймын,
Дала пейiл жандарды бағалаймын.
Жақсылардың жанында көп жүремiн,
Жерұйықты жазира аралаймын.

Биiк менiң мұратым, арманым да,
Тоқсан тоғыз тiршiлiк тармағында.
Қасыңнан мен табылам қай кезде де,
Кұрсауында қиындық қалғанында.

Қол жалғаймын, қажет пе, жәрдем берем,
Өрден көрем орнымды, төрден көрем.
Ақыл айтам ұлыма адам бол деп,
Кешiрмеймiн кешенi кердеңдеген.

Кезім осы отырған көңіл демдеп,
Жақсы сөзден жарым жүк жеңілденбек:
Арман таудың білінбес алыстығы,
Көз ұшында бұлдырап көрінген деп...

* * *

Тағдыр жолы шиырлы, шырғалаңды,
Тарихың да сан рет бұрмаланды.
Кейде қатты түңіліп, жек көресің,
Суық, сұсты, қатігез бұл ғаламды.

Қайтсең ғана нық басып, тік тұрасың,
Қайтсең шашпай бабаңның құт мұрасын.
Ұрпағына, ұлыңа, қалай, қайтіп,
Ұлтыңды сүй дегенді ұқтырасың?!

Жабысқан дерт жаныңа жаһан мұңы,
Ойламап па немене атаң мұңы.
Ұлы бол деп адамның сан айтты ғой,
Кемімейді одан еш Отан құны.

Үмітпенен өтті жыл, өтті айларым,
Болашақта өткізер көп тойларым.
Жер жаһанға асырып қазақ даңқын,
Желбіресін биікте көк байрағым!

* * *

Қос арғымақ алсаң да жетегіңе,
Жеткізбейді мұратқа жеке мүдде.
“Сыйлағанның құлы бол!” дейді қазақ,
Сыйластыққа өмірде жетеді не?!

Буыршынды бөгеген бұйда ма екен,
Шөп шықпасын деп тіле миға бөтен.
Ең алдымен өз басым өзімді емес,
Өлеңдерімді ұққанды сыйлап өтем.

Өйткені сол өлеңде тағдырым бар,
Бораным бар, дауылым, жаңбырым бар.
Тілім, салтым, байлығым, бар қазынам
Рухым боп жырымда жаңғырығар!

Мінезім бар, мұңым бар, мақсатым да,
Артық айтсам, кем айтсам, бас қатырма.
Жұмыртқа емес жұп-жұмыр жұмбақ әлем,
Жараланған жүрек бар жақсы ақында.

Сүйгенім де, сенгенім, алданғаным,
Суға кете жаздап тал қарманғаным.
Бәрі-бәрі мөлдіреп тұр өлеңде,
Өшкен, жанған, жоғалған армандарым.

Жалғыз бастың шері ме толғағаным,
Елім, сенің намысың қорғағаным!
От басқаным, мұз шайнап, сорлағаным,

Көтергенім иықпен зорға бәрін...

Жырларымды ұқпаған мені ұқпайды,
Сыйластық па... бұл енді толық қайғы.
Өлең деген – Алланың өсиеті,
Адам неге Алладан қорықпайды?!

* * *

Сыр тартқанда ғасырлар қойнауынан,
Шыққанымды ұмытпан қойлы ауылдан.
Емен-жарқын емеспін осы күнде,
Ел көшкендей көңілдің жайлауынан.

Қырға шықтық жөңкіліп, ойға құлап,
Ойдағыны ұзаттық оймағын ап.
Таудың төсін тепкілеп, жарды сүзген,
Асау, арда мінезді қайда бұлақ?!

Қайда бұлақ алқынған, алып-ұшқан,
Қайда достар жалғанға жаны дұшпан.
Енді бүгін өртендік өкініштен,
Енді бүгін сарғайдық сағыныштан.

Күн төбеден ауғандай, күн төбеден,
Күнде жиын күтпейсің Күлтөбеден.
Атқан оғын жоғалтып жүр Бекежан,
Жібегі жоқ құрсұлдер жүр Төлеген...

Көктем келіп, дүние жырлағалы,
Жырлағалы Ақсайдың жылғалары.
Ең қымбатым елеусіз тоналады,
Ең асылым құпия ұрланады.

Көктем мен жаз, күз бен қыс алмасады,
Көк шалғынды көк белді қар басады.
Күн менен түн әрдайым аңдысады,
Ажал менен тіршілік арбасады.

Болмас бәрі, білемін, бұрынғыдай,
Өлең ғана еншілер сырымды бай.
Асыққанда баратын жер белгілі,
Ақтарыла бермейтін ұлың бұлай.

Аялдағым келіп тұр, асықпағым...
Бара жатқан түгім жоқ тасып бағым.
... Бір алаяқ алдады, жер боп қалған
Жігерімді келіп тұр жасытпағым!..

АРДАҚ ТҰТТЫ АУЫЛДЫҢ МҰҒАЛІМІН

Арғы-бергі асудан бабам өткен,
Суыртпақтап талай сыр алам ештеп.
Бұдан сексен жыл бұрын жарық көрген
Жаңалықтың жаршысы “Жаңа мектеп”!

Бата берген Алаштың қаймақтары,
Ортаға сап шешетін ойлап бәрін.
Халық үшін, ұлт үшін еткен еңбек
Ақталарын ақыры айғақтады.

Бастауындай білімнің бұлағының,
Жауабындай өмірдің сұрағының,
Алғаш шыққан айынан бастап журнал
Ардақ тұтты ауылдың мұғалімін!

Кімге өнеге көрсетті, кімге үлгі,
Парақтасақ әр бетін бұл белгілі.
Ағартушы қызымет шежіресі,
Педагогтік қызымет күнделігі!

Талай белгі қалыпты өткен күннен,
Мектептегі өмірдің көктемнен.
Сергек ақыл, сертті сөз серік болсын,
Сүйікті “Қазақстан мектебіне”!

ҰЛТТЫҢ ҰЛЫ

Домбыра күй төгеді бас пернеден,
Әлеует өлшенбейді әскерменен...
Ұл тусын ұлтымыздың бағына сол,
Қашанда қазақ атын қастерлеген.

Күндерге көш керуен шұбалатын,
Қарайды шың басынан шынар ақын...
Ұл тусын ұлттың жаны шырылдаса,
Ұрандап қазақ атын шығаратын.

Табиғат тосқауылы құйын, нөсер,
Тамырын танымау да қиын кесел...
Ұл тусын ана тілін кие тұтқан,
Құлаққа қазақ атын құйып өсер.

Халықпыз дәстүр-салтын ұмытпаған,
Бақыттың кесесімен мұң ұрттаған...
Ұл тусын туған жермен кіндігі бір,
Ұрпаққа қазақ атын ұлықтаған.

Тарихың арғы-бергі анықталар,
Ағайын алыс-жақын танып қалар...
Ұл тусын ұлттық рух қанға біткен,
Айға да қазақ атын алып барар.

Кер заман келмес енді сор қаптайтын,
Сындарда намысымды қорғап қайттым...
Ұл тусын Отан үшін отқа түсер,
Басқаға қазақ атын қорлатпайтын.

Халық та ардақ тұтар азаматын,
Еліне көп беретін, аз алатын...
Ұл тусын елім деген, ұлтым деген,

Әлемге танытатын қазақ атын!

ҚҰСТАР ҚАЙДА?

Қара суық өктем,
Қалай мына көктем.
Хабаршысы жылдың,
Құстар қайда кеткен?!

Тандар атып бозаң,
Көкке қолым созам.
Қорқа қарап тұрмын,
“Құстың жолы” – тозаң!

Самал ессе майда,
Салар түрлі ойға.
Құрақ ұшқан көктем,
Құстар әні қайда?!

Құлақ тұнған шудан,
Қайда қызық, думан...
Құштарлығым өлген,
Құстарды кім қуған?!

Хаққа қиын ұнау,
Хакім сауал мынау:
Қысқан қандай зауал –
Құсқа тиген тұмау?!

Қалтыратып ызғар,
Арқа-жотам мұздар.
Құстар келмей күткен,
Қамкөңілді қыздар...

Халық естен танып,
Абыржулы анық.
Шалқар көлдер жетім,
Шекаралар жабық...

Тауып түрлі зиян,
Қалай, қайтіп қиям.
Қараторғай қонбай,
Қаңырап тұр ұям!

Аспанды бұлт торлай,
Ақырзаман орнай...
Аққу, қаздар көлге,
Қойса, қайтем, қонбай?!

Батырады зарға,
Басқа бір ем бар ма,
Сұңқылдаса байғыз,
Қарқылдаса қарға...

Қайран, уақыт, дүлділ,
Сынаптайын сырғыр.
Сайрамаса қайтем,

Бақтарға кеп бұлбұл?!

Қаңқу сөзге ермей,
Тарттым сырнай, керней...
Зарықтырса қайтем,
Қарлығаштар келмей?!

Бұлыңғыр бұл күнім,
Қапырық бұл түнім...
Бозаңдағы аңсап,
Бозторғайдың үнін!

Қара хабар ұшты,
Қалың тұмау құшты.
Қауіптенген елдер
Қырып жатыр құсты!
Қырып жатыр құсты!..

ҚАЗАҚША ОҚЫТ БАЛАҢДЫ !

Қаншама шарла ғаламды,
Қаншама шарла далаңды,
Қандастар, қапы қалмаңдар,
Қазақша оқыт балаңды!

Ғасырлар бойы қаналды,
Ғасырлар бойы тоналды,
Ұлтыңның ұқсаң зар-мұңын,
Қазақша оқыт балаңды!

Ақ тоның итке таланды,
Арыстар торға қамалды...
Мәңгілік мәңгүрт болмасаң,
Қазақша оқыт балаңды!

Емдерсің ескі жараңды,
Ашпасын дұшпан аранды.
Еліңнің ойла ертеңін,
Қазақша оқыт балаңды!

Қазақша шырқа жаңа әнді,
Ұстатпа жауға жағаңды.
Бодандық бұғау үзілді,
Қазақша оқыт балаңды!

Уақыт берер бағаңды,
Ұлт үшін күрес табанды.
Ұрпағың жайсын тамырын,
Қазақша оқыт балаңды!

Намысқа жанып қаламды,
Алармыз талай қамалды.
Ұлтыңның қамын ойласаң,
Қазақша оқыт балаңды!

Алғашқы кірпіш қаланды,
Еліміз азат саналды.
Қорғайды сені Ата Заң,
Қазақша оқыт балаңды!

Әлемге атың таралды,
Әуелгі даңқың оралды.
Қосады қуат Әнұран,
Қазақша оқыт балаңды!

Еншілеп ауыл, қалаңды,
Ен жайлап айдын, алаңды,
Көк Туың тұр ғой желбіреп,
Қазақша оқыт балаңды!

Ақ сүтін ақта анаңның,
Ақырет тұтпа заманды.
Атаңның жалға арманын,
Қазақша оқыт балаңды!

Ұйқыңды ашып таң алды,
Жұтқанда саумал самалды,
Кеуденді керіп тыныста,
Қазақша оқыт балаңды!

Піспегің тапсын сабаңды,
Күмәннан тазарт санаңды.
Тәуелсіз елдің перзенті –
Қазақша оқыт балаңды!

Серпілді түнек қараңғы,
Келешек кемел қол алды.
Азамат ердің серті бұл,
Қазақша оқыт балаңды!

АЛТАЙДЫҢ АҚИЫҒЫ

Әлібек Асқаровқа

Әйгілі перзенті деп ардақты елдің,
Әлеке, Сізге өлең арнап келдім.
Алтайды жырладыңыз қара сөзбен,
Арасын босаға мен жалғап төрдің.

Арай күн сыйлады да таңнан ұят,
Арманға асықтырды жалғаният.
Таранып тал-терегі Өр Алтайдың,
Таптыңыз табиғаттан жанға мият.

Туған жер бәрінен де ең ыстық деп,
Таптыңыз жылы ағыс терістіктен.
Көзімен қарадыңыз суретшінің
Көркемдік тұнған мынау кеңістікке.

Шың-жартаc шежіресі қатталыпты,
Шығыстың таң шапағы сақталыпты.
Талай жыл тасты басып, тауды кезген,

Жанкешті еңбегіңіз ақталыпты.

Өлең мен заңғарынан ән саулаған,
Өр Алтай шынында да аңсар маған.
Қалихан, Оралхан мен Дидахмет,
Әлеке – бәрің жазып тауса алмаған.

Биігін Өр Алтайдың аңсадыңыз,
Өнерде ол мәңгілік таңсәріңіз.
Апырай, бір көрсек деп бұл тірлікте
Ауады да тұрады аңсарымыз.

Өр жүрекке өлеңмен бал тасыдым,
Жақсы жыр жасамайды жантәсілім.
Өр Алтайға өзі кеп сәлем берген
Тарбағатай тауының жартасымын.

Көңілдің толқуына бар ма басу,
Өнердің бар мұраты алға басу.
Ағайын, құтты болсын алпысында
Алтайдың ақиығы алған асу!

2011ж.

* * *

Сол бір сезім-ай лаулаған,
Сені көргенде баураған.
Ынтық құмарлық аунаған
Ыстықкөлдін ерке толқынында.

Алғаш айрылып еркімнен,
Ғажап көркіңе елтігем,
Ғашық жүректі желпігем
Ыстықкөлдін жұпар самалымен.

Бұлттан биікке ұшып ем,
Бұл сәт ғажайып, түсінем.
Толқын үстінде құшып ем,
Ыстықкөлдін, қайран, ару қызы!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ ЖЕЛБІРЕП ТҰР

Арайланған ақ таң, жарық күнім,
Абылайға арман халықтығым.
Тәуелсіздік туы желбіреп тұр,
Қазақ елін әлем танып бүгін.

Қыран қанат қиял қайда мұндай,
Аспан түстес аңсар айғағындай,
Тәуелсіздік туы желбіреп тұр,
Алашымның асқақ айбарындай.

Жеткізейін айтып далаға сыр,
Жеткізейін айтып қалаға сыр.

Тәуелсіздік туы желбіреп тұр,
Қазақ елін күтіп жаңа ғасыр!

* * *

Көкжиек кең көрінсе де керілген,
Енжар адам еңкеюге ерінген.
Асықпауға еш хақым жоқ, ендеше,
Өмір маған бір-ақ рет берілген.

Биік таулар жап-жақын боп көрінген,
Тағдыр жолы мың соқпақпен өрілген.
Өрмелеймін қыран қонған қияға,
Өмір маған бір-ақ рет берілген.

Көрім жақын болсын мейлі төрімнен,
Көп қасиет тауып туған жерімнен.
Көркейтуге тиістімін

мен оны,
Өмір маған бір-ақ рет берілген.

Бала күннен өле ғашық едім мен,
Байтақ дала қалған мұра тегімнен.
Аманаттап кетем

келер ұрпаққа,
Өмір маған бір-ақ рет берілген.

Бір аруын мәңгі сүйем дедім мен,
Көгеремін, көктеймін тек сеніммен.
Адамдарға тек жақсылық тілеймін,
Өмір маған бір-ақ рет берілген.

Көкжиек кең көрінсе де керілген,
Енжар адам еңкеюге ерінген.
Асықпауға еш хақым жоқ, ендеше,
Өмір маған бір-ақ рет берілген!

* * *

Ығысып жасы кіші берген орын,
Бздиып отырасың төрге қонып.
Елуге дейін елге құрмет жасап,
Елуден соң көңілің өрде болып...

Сұлу қыз Сәке десе секемденбей,
Кәдімгі «Сіз» дегенге ет өлгендей.
Біреулер мадақтаса, масайрайсың,
Біртүрлі ұнатасың бөтен көрмей.

Көзінде жастық шақтың сұрау қалып,
Егделік енді қабақ тұр-ау бағып.
Сырыңды сыртқа жаяр болды ақыры,
Сақал-мұрт күннен күнге қырауланып...

* * *

Бұрады көңіл шіркін күнгейге көп,

жаңбырда да,
Ауылда ататұғын таң нұрлана.
Қалада қазір әбден мазамды алды,
Шіркеуі кәуірлердің қаңғырлаған.

Шөп шапсаң жаздың жайсаң тамызында,
Ауылда ертегің де, аңызың да.
Жайлаудың бар қызығы қас қағымда,
Білмейсің түн қысқа ма, таң ұзын ба.

Ауылға айбар еді дана шалдар,
Аспанды бұлт торласа алашабдар.
Айтатын ақылын да, нақылын да,
Ағайын, тек тыңдауға жарасаңдар.

Жырақта ауыл түске жиі енеді,
Тауы да, тасы да оның киелі еді.
Мұрша жоқ бұрылуға
біз жүргенде,
Біреулер кететіндей иеленіп...

Ауылдан көшті бәрі – туыс-туған,
Тіршілік базар кезген, жұмыс қуған.
Бір інім қалып қойды бөлімшеде,
Әй, түбі, сол ұтады, дұрыс қылған!..

Бауырдың дұрыс болды көшпегені,
Ошақта маздаған от өшпегені.
Ауылда жатыр біздің тамырымыз,
Ауылға қайта айналып көш келеді...

ЖАҚСЫ ЖАР

Шеберміз тағдыр танып, бақ сынарға,
Шектеусіз жақын өстік жақсыларға.
Жігіттің жолы болар бұл өмірде
Жолыққан кезде ғана жақсы жарға!

Өмірді ылди екен, өр екен де,
Жақсы жар ырысың да, берекен де.
Ол сенің ажарың да, базарың да,
Мәңгілік тарқамайтын мерекен де.

Көп қамал жақсы жарсыз алынбады,
Жақсы жар – жанашырың жаныңдағы.
Ұстамды қылығына қызығасың,
Ұрпақты тәрбиелеу қамындағы.

Жылы сөз дәметеміз бәріміз де,
Жақсы жар сәніміз де, әніміз де.
Ұзақ жол шаршатқанда, шалдыққанда,
Жақсы жар жүрегінен жалын ізде.

Жақсы жар махаббаттың маздағындай,
Абайдың арнап өлең жазғанындай.
Қатпарлы халық әні қозғауындай,

Сарыағаш бітеді деп сазға мұндай...

Жолығар жүзден біреу жақсы жарға,
Жориды жақсы түсті бақсылар да.
Қабағын шытпайды ғой шын асыл жар,
Қаншама қиындықтар тоссын алда.

Қолында жақсы жардың күміс кесе,
Ұйқысы ашылады жұмыс десе.
Кіріссе дөңгеленер бар шаруа,
Барлық іс тоқтап тұрар кіріспесе.

Жақсы жар ықыластың дәнекері,
Жақсы жар жоқтың өзін бар етеді.
Абысын тату болса, ақталады
Ағайын арасында нар өтемі.

Баурында жақсы жардың баласы бар,
Баласы жоқ пенделер аласұрар.
Жақсы жар бесік тербер әр жыл сайын,
Әрқайсысы перзенттің дара, сыңар.

Жақсы жар көбейтеді достарыңды,
Жауың да еңкейіп сол қосқа кірді.
Жаяды дастарханын жайраң қағып,
Алдыңа қояр дәйім тосқаныңды.

Жігіт те бағаласын жарын жақсы,
Қарасын қабағына қарындастың.
Қамқоры, зерделісі ауыл-үйдің,
Қасына жақсы жардың қауымдасты.

Танысың жақсы жарды әр ісінен,
Өкшесі қисаймаған кебісінен...
Жольқпай жақсы жарға жігіт оңбас,
Дегенге әуел-бастан келісіп ем.

Жақсы жар дүниядай құшағы ыстық,
Тұтынбас темір құрсау тұсағыш қып.
Жіберсе қиялыңа қанат байлап,
Кеудеңнен кептер емес, ұшақ ұшты.

Жақсы жар бала қамы, үй қамында,
Қою шәй ұйқы ашар құйғанында.
Саған ол бар өмірін арнады ғой,
Сен оған гүл-қуаныш сыйладың ба?!

Жаныңда жақсы жардың ары қымбат,
Талқанға жүгірмейді тары бұлдап.
Тап болсаң, қолын созар, қапияда,
Тағдырға тағы бұрқак, тағы бұлғак.

Жақсы жар жақсы әннің бұлағындай,
Тар бөлме патша сарай тұрағындай.
«Кемді күн, қызық дәурен» қысқа екен,
Керкұла қайшылаған құлағындай...

Бұл өмір бұлдыраған сағым шығар.
Ішінде көп жылқының қалың шұбар,
Арғымақ күміс жалды секілденген,
Жақсы жар жолықтырсаң, бағың шығар!

* * *

Аз болса да, көп болса да тағылым,
Бал шақпенен байлаулы ғой тамырың.
Білмейміз ғой, бізге қымбат достардың,
Бірге қатар жүрген кезде қадырын.

Шығарып сап, қарсы алып тұрасың,
Ай мен Күнді, ұнамасын, ұнасын...
Білмейміз ғой, араласып жүрсек те,
Адамдардың аласы мен құласын.

Көрер қызық, татар дәм де аз екен,
Ал адамдар болмашыға мәз екен.
Білмейміз ғой, бізге қымбат жастық шақ,
Жасын ойнап, жаңбырлатқан жаз екен.

Тағдыр бізді күлдірген де жылатқан,
Өтіп болған жоқпыз әлі сынақтан...
Білмейміз ғой, бізге таныс дауыстар,
Бірте-бірте өшетінін құлақтан.

Біз қосыла шырқап жақсы әнді де,
Әнге қосып өргізуші ек әңгіме.
Білмейміз ғой, бізге таныс бейнелер
Бір көрініп жоғаларын мәңгіге.

Қабак түймей, әр есіктен күле кір,
Қайран қалсаң, түрленеді сұр өңір.
Білмейміз ғой, бізге дейін жалғасқан,
Бізден кейін жалғасарын бұл Өмір!

* * *

Ай, жыл емес, артымда ғасыр қалып,
Ақырында отырмын жасып, налып.
Біз кеше қайда құлаш сермемедік,
Біз кеше қайда қиял асырмадық.

Таудан өзен ағады тасып, тулап,
Асау толқын айдында асып тумақ...
Бүгінменен қоштасып үлгермейсің,
Бара жатып ертеңге басып қунақ.

Жел соққанда билейді талшыбықтар,
Талшыбықтай жаңбырға малшынып қал.
Өлеңменен қозғайын шер-мұңымды,
Арылып қал, ақтап қал, аршылып қал!

* * *

Апармады жол қайда,

Шақырмады қай биік.
Қыран қарар торғайға,
Қабағында қайғы ұйып.

Толқымады көл қанша,
Тербемеді қай сезім.
Гүл ғұмыры – солғанша,
Қартайдым деу – жәй сөзім...

* * *

Жаңбыр жуды тереземді, құрғатпай,
Жастық дәурен өте шықты бұлғақтай.
Мына жалған дүниядә бес күндік,
Маған қарап тұрасың сен, тіл қатпай...

Ескен желдей, толқын ұрған ырғақтай,
Жазылмаған, оқылмаған сыр хаттай.
Мына озған жылдарымның жолында,
Маған қарап тұрасың сен, тіл қатпай...

Сауалы көп, жауабы жоқ жұмбақтай,
Тіршіліктің шуылын көп тыңдатпай.
Махаббаттың мәңгілігін ұқтырып,
Маған қарап тұрасың сен, тіл қатпай!...

* * *

Жігерімді әлі талай жанырмын,
Қапы қалып санымды мен сан ұрдым.
Жолыққанда алғаш рет бетпе-бет,
Саған айтар сөзді таппай, аңырдым.

Жел жұлады жапырағын ағаштың,
Үйренем деп жақсыларға жанастым.
Көріп тұрып ауылыңның оттарын,
Саған барар жолды таппай, адастым.

Бір бөгет бар, бөгесін бар, біртүрлі,
Ұмытқандай дәстүр-салтты, ғұрпымды.
Неден бастау керектігін білмедім,
Саған жолдар хұсни хатым жыртылды.

Кеш те шығар, кешір деуге, кел деуге,
Дімкәс жүрек көнбес енді емдеуге.
Тарқамайтын сағыныш боп, арман боп,
Саған шертер сырлар қалды кеудемде.

* * *

Тағдырды адам өзі таңдамайды,
Аңдамайды түскенін жанға қайғы.
Мамырда тас төбеңнен бұршақ жауып,
Маусымда күн түнеріп, қар борайды.

Тағдырға көнер пенде ақырында,

Қағынып туса-дағы жатырында.
Маңдайға жазған жазу әуел бастан,
Мойындар ақының да, батырың да.

Тағдырмен түссең-дағы тайталасқа,
Ғұмырды мүмкін емес қайта бастау.
Аспанда Айды алам деп жүргеніңде
Күш кемір, ажар тозар байқамастан...

Тағдырдың дегеніне көнесің де,
Тербеліп тіршіліктің кемесінде.
Бір жұмбақ жағалауға жетсем дейсің,
Сол жұмбақ барына да сенесің бе?!

* * *

Айға қарап оқыдым дұға қанша,
Алақайлап Ай бұлттан шыға қалса,
Жүгіргім кеп тұратын құлағанша,
Асығушы ем қалайда ұнағанша –
Соның бәрі өзінді сағынғаннан.

Желге айттым сыбырлап жан дәрменін,
Шырқалмаған кеудемде ән бар менің.
Таңғажайып күтетін таң бар дедім.
Шайдай ашық тамылжып заңғар көгім –
Соның бәрі өзінді сағынғаннан.

Ғажап еді дүния нұрға бөккен,
Арман бар ма ақында жырлап өткен.
Мәңгі-бақи басыңда тұр ма көктем,
Мен басымды жолыңа құрбан еткем –
Соның бәрі өзінді сағынғаннан.

Көз алдымда тұрады күлген шағың,
Күлген шағың маңайдан түрген сағым.
Қайта келмес сол қайран күнді аңсадым,
Саған арнап тіздім де жыр моншағын –
Соның бәрі өзінді сағынғаннан!

* * *

Таныс дауыс, елеңдеп, “кім бұл дедім?!” дедім,
Бір домбыра кеудемде күмбірледі...
Сағыныштан туады жырдың көбі,
Айдың емес, жоғалтып жылдың легін...

Таныс дауыс... естігем... кеше... бұрын...
Өшеді жыл, өшеді ай, өшеді күн.
Бұл жұмбақты білмеймін, шешеді кім,
Өткенді ойлап басымда көшеді мұң.

Таныс дауыс... жас күннен, бала күннен,
Естілуін қайтадан қаладым мен.
Жан-жағыма жалтақтап қарадым мен,
Жолығысып қалам ба қарағыммен...

Таныс дауыс... жүрекке жақын қандай,
Сезім жеңіп барады, ақыл қалмай.
Келсеңші деп тұрғандай, шақырғандай,
Теңіз көңіл көк толқын сапырғандай...

Таныс дауыс... ұмыта жаздаған ем,
Қаңқылдаған әуеде қаз ба дегем.
Көрер қызық ғұмырда аз ба дегем,
Сиқырымен арбайды маздақ әлем.
Қайдағыны барады қозғап өлең...

* * *

Көнгенбіз сағыныштан сарғаюға,
Сызылтып салатын бір ән дайында.
Жан уайымға шырмалған осы сәтте,
Жарқырап жұлдыз жансын маңдайымда.

Сырнайдың сазы тұнып көмейінде,
Сырынды шертсе сол ән бөгейін бе...
Кеңеюде сағасы шер бұлақтың,
Жапырақтар сарыала көбеюде...

Жұмақтың самалы есіп дауысыңнан,
Сабырым, тағатым да тауысылған.
Ауысуда ай, апта парақтары,
Қос ырғақ, егіз ұйқас жарысуда.

Ұғардай жан дірілін үніндегі,
Баурады бөлек сезім бүгін мені.
Күнілгері кім болжар не боларын,
Орақ Ай көзін қысып, күлімдеді...

* * *

Қарашы, өткен жолдың бұралаңын,
Айналып өттім талай гүл алаңын.
Бұл күнде жаз-жайлауды аңсаймын көп,
Бұрынғы тыңдасам деп бұлақ әнін...

Қарашы, мезгіл қалай қақпайлаған,
Бекетке бүйірдегі ат байлағам...
Болған соң бұрмасы көп сапарымның,
Кешіктім мақсатыма, қатты ойланам...

Қарашы, жолдың қалай ұзарғанын,
Батыс жақ өртенгенін, қызарғанын.
Ұқпадым тіршіліктің түпкі мәнін,
Ұқпадым кемпір мұңын, қыз арманын...

* * *

Жиі-жиі тартады оң қабағым,
Табиғат тылсымына таң қаламын.
Үрзада сезіміңнің толқындарын

Үніндегі дірілден аңғарамын.

Ғашық жанның ғұмырда сыры мәлім,
Тек сен жаққа бұрылам құрып әлім.
Кеудемде бір домбыра күмбірлейді,
Көзіңдегі шуаққа жылынамын.

Махаббаттан басқа күй артылған ба,
Шағаласы шаттықтың шарқ ұрғанда,
Жарты әлем тұрады маған қарап,
Жаныңдағы жалынға шарпылғанда!..

* * *

Жаны сұлу жандарды дос көргенмін,
Таза пейіл, ниетті ескергенмін.
Дәнекері достықта деп түсіндім,
Өмір дейтін осынау көш керуеннің.

Тілегі бір жандарды дос санадым,
Достарымның бағамын қас-қабағын.
Тәрден орын ұсындым достарыма,
Орта жолда оларды тастамадым.

Болсам-дағы куәсі қос ғасырдың,
Айтылмаған жоқ шығар досқа сырым.
Нағыз достық туралы дастан жаздым,
Дос көңілі дегеннен аспас ұғым.

Бірінен соң жоғалтып бірін достың,
Жалғыздықтың зар күйін бүгін кештім.
Достар барда деуші едім қайғырмаспын,
Достар барда деуші едім түңілмеспін.

Қандай қиын қасыңда дос қалмаған,
Жобалаған жоқ едім, жоспарлаған...
Жалбарына қараймын жан-жағыма,
Дәруіштей ауаны бос қармаған...

Досым қайда, есепсіз, досым қайда,
Жолдарымыз қайтадан қосылмай ма?!
Тағдырымыз қайтадан тоғыспай ма,
Жауап берер жан қайда, осындайда?!

* * *

Өмірде таптым тосын ырғақ барын,
Тамшылар тереземді құрғатпады...
Өттің бе елес болып өңімдегі,
Түсімде көрдім... Неге тіл қатпадың?!

Бойжеткен болып сен де бұлғақтадың,
Ұйқымды, ойлап сені, ұрлатқамын.
Өттің бе елес болып өңімдегі,
Түсімде көрдім... Неге тіл қатпадың?!

Көктемде көк белдерде гүл қаптады,
Сынаптай сусып жылдар сырғақтады...
Өттің бе елес болып өнімдегі,
Түсімде көрдім... Неге тіл қатпадың?

Төрт маусым сағыныштың ұрды аптабы,
Төрт тоқсан махаббатты жырлап бәрі...
Өттің бе елес болып өнімдегі,
Түсімде көрдім... Неге тіл қатпадың?!

Арбады сикыр сәуле, нұр бақтағы,
Тар соқпақ енді қайда бұрмақ тағы...
Өттің бе елес болып өнімдегі,
Түсімде көрдім... Неге тіл қатпадың?!

Қалыңдап саған шертер сыр қатпары,
Домбырам үн қатпады құндақтағы...
Өттің бе елес болып өнімдегі,
Түсімде көрдім... Неге тіл қатпадың?!

* * *

Қу соқпақ апарады, сірә, қайда,
Бұра ма бұлыңғырға, бұлағайға.
Сенделіп жүргенімде серік таппай,
Сен маған өкпе артпа, кінә қойма!

Жатсырар туысым да, ағайын да,
Жалбақтап қас-қабағын бағайын ба?!
Жанымның сарайында сарнаған күй,
Келеді салқын күндер не дайындап...

Сен маған босқа, бекер қыңырайма,
Ақылдан туған емес бұрын айла.
Ащырақ айтсам, егер, айыптама,
Торып жүр талай қасқа тілі майда.

Нәсіпті кім қолымен тең бөліпті,
Торына кім түспейді пенделіктің.
Қақ жарған қара қылды әділдікті,
Мен де күттім, әрине, сен де күттің.

Жақпадым аққа қара, қас қылмадым,
Кеудемді есерсоққа бастырмадым.
Сеземін асқынғанын сырқатымның,
Кептеліп көмейімде тас тұрғанын...

Сен бірақ, мені орынсыз кінәлама,
Тағасың нендей кінә бұл ағаңа?!
Итеріп кетеді екен опасыздар,
Тұрғанда жар басында, құламада!..

* * *

Аунағанша тіршілік арбасынан,
Айналғанша балқыған қорғасынға
Жар басынан қайтқанша қорланып тек.
Артық еді бұдан да дарға асылған...

Кімге керек, тым биік, зор болғаның,
Тұрған кезде тұтасып орман қалың.
Қарманғаның қайтейін, қомданғаның,
Қиын екен бәрінен қорланғаның...

Ұстасаң да сығымдап зор тұтқаны,
Ұмытпасаң кеудеңде Қорқыт барын.
Қорқытқаны біреудің ештеңе емес,
Қиын екен бәрінен қор тұтқаны...

Адалдықтың бір сыйын халқың күтті,
Ақиқатқа адамдар салқын, тіпті.
Қорланасың қабылдап қысастықты,
Қорланасың сезгенде сатқындықты!...

* * *

Бақтағы бұлбұл басқа, қарға басқа,
Артық жан аяулыңнан бар ма басқа.
Жылы сөз жолдап кейде үлгермейсің,
Қым-қуат тірліктегі қарбаласта.

Жан нұры жанарында тұнып бір сәт,
Жымиып қарағаны сыр ұқтырса...
Уақыт қой сырғып аққан сынаптайын,
Бақыт қой ол шаттанып, күліп тұрса!

Қайда деп, жан-жағымды қарманам да,
Ол – жалғыз, мен де сыңар – бар ғаламда.
Арбалам да жауапсыз махаббатқа,
Алданамын жалқы өлең арнағанға!

* * *

Әнімен желпіп самалды,
Әр сәті қымбат бұл күн деп.
Бір құс бар сайрар таң алды,
Біледі қауым бұлбұл деп.

Елеңдегелі ес біліп,
Еленбейтұғын шерімдей.
Дауысы ғана естіліп,
Дидары көзге көрінбей.

Сыйласа егер ғұмыр бақ,
Сол бақыт осы жаз еді...
Баурайды мүлде бұл ырғақ,
Не деген сиқыр саз еді!..

* * *

Көңіліңе қараймын, қабағыңа,
Ұқпағандар көп кінә тағады ма...
Бас ұрамын алдыңа, құрақ ұшып,
Осы қалпың... тұрасың маған ұнап.

Ардақ тұтып апаны, ағаны да,
Түсірмейсің көлеңке жамалыңа.
Сүйіндіріп ілтипат, ізетіңмен,
Осы қалпың... тұрасың маған ұнап.

Иіледі жүзім де сабағынан,
Қарлығашты танымын тамағынан.
Қарағым-ау, қараймын көзімді алмай,
Осы қалпың... тұрасың маған ұнап.

Жастау кезде мән бермей бағалыға,
Желіктірер бояулар ала-құла...
Нұрлы жанар, ашық жүз, иілген қас,
Осы қалпың... тұрасың маған ұнап.

Бақыт өзі есікті қағады ма,
Байлық өзі іздеп кеп табады ма...
Дала мына түрленді, қала мына,
Осы қалпың ... тұрасың маған ұнап.

Кілем төсеп тастайын табаныңа,
Сүю азап тірлікте саналыға...
Қанады ма құмарым құшқанымда,
Осы қалпың... тұрасың маған ұнап.

Жынды толқын ұрғылар жағаны да,
Айналдым да махаббат қағанына,
Аттандырдым мың сан қол әскерімді...
Осы қалпың... тұрасың маған ұнап!..

* * *

Уақыт зулап, ұруда барабанын,
Жырақ кетіп, жанымды жараладың...
Маған қазір бір нәрсе жетпей тұр ғой:
“Шәйің суып қалды” деп, қарағаның...

Ойнатады сәулесін шатырда Күн,
Аспан бұлтсыз, найзағай шатырлады...
Маған қазір бір нәрсе жетпей тұр ғой:
“Шаршадың ғой, демал” деп, шақырғаның...

Табан асты келмейді шешімге кім,
Кейбір кезде ұқпасам, кешір мені...
Маған қазір бір нәрсе жетпей тұр ғой:
Айна алдында асықпай шешінгенің...

Мен бағзыдан бүгінге ораламын,
Қайда сенің ақ жібек орамалың...
Маған қазір бір нәрсе жетпей тұр ғой:
Ақ білекті мойныма орағаның...

Сөзбен шектеу қояды сезімге кім,
Өзімсініп құшасың өзің мені...
Маған қазір бір нәрсе жетпей тұр ғой:
Тар төсекте талықсып... көз ілгенің...

Қиял қудым, содан соң ой ауладым,
Қимайтын сен өмірде аяулы әнім...
Маған қазір бір нәрсе жетпей тұр ғой:
Иығымды жастанып оянғаның...

* * *

Құшаққа сыйғыза алмай жалғанды кең,
Қолымды Айға созып, қармандым мен.
Әлемді шарлап кетем қиялыммен,
Әйтеуір жақсы хабар алдан күтем.

Теңізде кедем жүзіп кеттім алыс,
Адамға арман ғана деп жұбаныш.
Күтемін атар таңнан көп жаңалық,
Күтемін келер күннен көп қуаныш.

Өткеріп бастан дүлей ғасырларды,
Аспаным ала бұлттан ашылған күн.
Сарыла шерттім күйін махаббаттың,
Сағына күттім ғайып ғашық жанды.

Жыр жаздым өзегіме жасын құйып,
Тәу еттім атамекен тасып сүйіп.
Атаға ақ сақалды сәлем арнап,
Анаға ақ жаулықты басымды иіп.

Борадым қар боп қаңтар қарсаңында,
Құлшындым көктем құсап жар салуға.
Іздедім от ұшқынды қыз жанарын,
Үзбедім күдер сол бір аңсарымнан.

Қалды ғой жүйріктер де, жорғалар да,
Қанағат тұтпас адам қолда барға.
Бәрібір орта көңіл толмай тұрар,
Бәрібір жетелейді жолдар алға.

Жас бұтақ не қуарар, не көгерер,
Табиғат еркелікті көтере ме...
Жеткізбес, бәлкім, арман тіршілікте,
Жығылсам болды соған жете бере!..

АҒАҒА ХАТ

Сіз жетпіске келгенде, біз елуге,
Берген жасы Тәңірдің күзелуде.
Баяғының байлары секілдіміз,
Қыстауында отырған, күзеуінде...

Жетпіс, елу арасы – жайлау емес,

Желіктіріп сонда да қойды-ау елес.
Бірімізді біріміз бауыр тартып,
Біразырақ құрайық тойда кеңес.

Еске алып, елу деп, егілесіз,
Елудегі біз жайлы не білесіз...
Қағыстырсақ үзеңгі, ұнатпайсыз
Оқ бойындай озсам деп тебінесіз.

Жеттіңіз бе жетпіске шалдықпай-ақ,
Егделікке біз-дағы қалдық таяп...
Сізге таяқ үшінші аяқ болды,
Біз қараймыз бәрібір шалдықты аяп.

Еңсеңізді жетпісте тік ұстайсыз,
Елудегі біздермен ұғыспайсыз...
Шекеңізден қарайсыз соңыңызға,
Шекарасын бекіткен ұлыстайсыз.

Шал болдыңыз жетпісте, қутындаған,
Назар бұра бастады жұртың маған.
Ат тізгінін ұстаған жақсы, әрине,
Бәрінен де қымбат қой бір күнгі аман.

Қала керней тартады, дала керней,
Жылқылары ауылдың барады өрлей.
Жетпісінде жетелі сөзге тоқта,
Елудегі біздерді бала көрмей...

Бастағы шаш түседі жетпісінде,
Бастағы ақыл піседі жетпісінде.
Көп мүсінге көзіңді сүзгенменен,
Сұлуларды көресің тек түсінде...

Біздің елу, әрине, бес бағасы,
Егескенмен егесіп, төс қағасың.
Елдің қамын ойлайсың, жер шоласың,
Қу толағай басыңа жастанасың...

Келген жоқпын елумен мұқатқалы,
Жапыраққа қарашы бұтақтағы...
Жетпіс пенен елудің арасы сол,
Жиырма парақ екен ғой кітаптағы...

Қалжыңдауға қиындау, әзілдеуге,
Жеткізгенде күркілдеп назын кеуде.
Қырық бізден бірақ та қорықпайды,
Өте шықты жаңбырлы жазың деуге.

Біз сондықтан туыспыз қыс пен күздей,
Алғашқы қар жауғанда түскен іздей...
Сонда-дағы көңілдің дәмесі зор,
Кете алмаймыз алманы піскен үзбей...
2005 ж.

* * *

Желпімейді самалымен жаз ұдай,
Жастық дәурен қайда қалды сазы бай...
Саған арнап ән шығарғым келеді,
Музыкалық сауатымның азын-ай!..

Көктемім боп, жазым болып келші ұдай,
Сұрғылт, сұрқай күндеріме бер шырай...
Саған арнап күй шығарғым келеді,
Музыкалық қабілеттің кемшіні-ай!..

Сағынғанда сары таңды сырласқан,
Себезгілеп ақ сәулесін нұрлы аспан...
Саған арнап өлең жазғым келеді,
Жазсам, шіркін, жұрт таңқалар бір дастан...
Қайтсем екен көңілімді мұң басқан!..

* * *

Бұрынғыдай базар ма,
Сайрағаны құстардың.
Көңіл, шіркін, тазармай,
Күні туды тұспалдың...

Бұрынғыдай ескі ме,
Баяғыдай көне ме?!
Тамшы тасты тесті ме,
Тасбауыр ма, немене?!

Бұрынғыдай болмайды,
Сынықтарды құрау не...
Барға көңіл толмайды,
Жокқа жетпес бір әуре...

* * *

Апыр-ай, кеше қандай, бүгін қандай,
Тоналған теректеймін түгім қалмай.
Ғаламат торығудың торындамын,
Ғұмырдың баянсазын ұғынғандай.

Апыр-ай, бұрын басқа, қазір басқа,
Жарақат жүректегі жазылмас та.
Әйтсе де бұра сөйлеп бұлтарасың,
Әйтеуір жұрт көзінше әзіл тастап...

Апыр-ай, артың сағым, алдың тұман,
Көңілдің түкпіріне салдың күмән.
Қарайсың Алатауға секемденіп,
Секілді жұтатындай қарғын құлап...

* * *

Күй кернеп домбыраның тұр сағағын,
Махаббат баурар тылсым туса бағың.
Жұлдызды түнгі аспан арбағанда,

Тек жалғыз сені ғана Күн санадым.

Ілгері ұмтылдырар ізгі арманым,
Аңғармай қалдық тіптен күз болғанын.
Естайдың әнін жүрмін иемденіп,
Тек жалғыз сен шығарсың Қыз Хорланым.

Емеспін жер-мекенде жаңа тұрғын,
Жаратқан жарлығымен жаратылдым.
Жаһаннан жолықтырмай сендей жанды,
Тек жалғыз сені ойлап таң атырдым.

Қыс келді борандатып, қары қалың,
Қапаста сорлы жүрек зарығады.
Қаншама сұлу қыздар ән шырқайды,
Тек жалғыз сенсің аңсап-сағынарым.

Өтерін жүрек сезді сұм жалғанның,
Сөне ме лапылдап бұл тұрған жалын.
Жанымның жартысысың деп айтуға,
Тек жалғыз саған ғана сыр жалғадым.

Ғашықтар аз ба өмірде қол алысқан,
Біреулер қара сөзге болады ұста.
Бәрібір қанша жүрсем жеткізбеді,
Тек жалғыз саған барар жол алыстап.

Жан едім арманым көп, үмітім бай,
Сайрайды таңда бұлбұл үні тынбай...
Соңында, қалса деймін, санамда сол,
Тек жалғыз сенің бейнең ұмытылмай!...

* * *

Шөпті басып қаншама, қарды басып,
Тіршілікте тұтсаң да барды нәсіп.
Ешуақытта жігерің жасымасын,
Ешқашанда намысың қалғымасын!

Ғұмыр кешкен біреулер құм санап та,
Тұзақ тақап біреулер қыл сағаққа.
Мұқалмасын жігерің тар өткелде,
Қалғымасын намысың сын сағатта!

Таза болсын пейілің таңғы аспандай,
Таңда машһар бұлбұлға ән қосқандай.
Жалындасын жігерің жаққан оттай,
Жарқылдасын намысың алдаспандай!

* * *

Бүгін менің ұйқым шала, күлкім кем,
Ілгеріге ұмтылғам да іркілгем.
Бәрі бекер сияктанды бұл тірлік,
Көрінсе де бір күн қымбат бір күннен.

Бүгін менің келіспей тұр қабағым,

Қарағыма қандай кінә тағамын.
Қара суық. Бүрсендейді тал-терек,
Тереземді ашамын да жабамын.

Бүгін менің айналып тұр миым да,
Бәрі-бәрі бара жатыр қиындап.
Шегіншектеп, қашқақтаймын қарадай,
Барғым келмей кездесуге, жиынға.

Бүгін менің салым суға кеткені,
Өр өзеннің таппай қойдым өткелін.
Кетпенімнің сабы сынып қалыпты,
Кімге қажет қаншама тер төккенім.

Бүгін менің табылмай тұр бабым да,
Сезім қайда құтырынған, қағынған...
Сұрғылт аспан,
Күңгірт өмір,
Өйткені,
Өзің жоқсың, өзің жоқсың жанымда!...

* * *

Көп беремін деп едім, аз аламын,
Тілдестіріп тылсыммен, жазаладың.
Өмір болып сен маған бұйырмадың,
Өлең болып несіне мазаладың?!

Қасқа жолдың таңдадым бұралаңын,
Саған сыйға тартсам деп гүл алаңын...
Тағдыр болып сен мені сынадың көп,
Өлең болып қайтейін ұнағаның!..

Сырласпайсың менімен, кеңеспейсің,
Не сөнбейсің мәңгіге, не өшпейсің.
Өзің болып көрінші көзіме бір –
Өлең болып қашанғы елестейсің!..

* * *

Сырынды дос ұқпайды,
Дұшпан ұғып.
Сыраға арақты қос,
Іш қамығып...
Негізі, артық айту –
Асығыстық.
Негізі, білмей айту –
Ұшқарылық.

Сырынды жел таратар,
Күрсініп қыр.
Қайыңмен қоса мұңай,
Білсін, ұқтыр...
Қадалып қақ жүректе
Бір ине тұр.
Көңілдің әйнегінде
Бір сынық тұр...

Сырыңды жасыр жаттан,
Жұртқа жайма.
Ұлиды құры бекер
Сырттан Айға.
Біреулер жаңбыр жаумай
Су болып жүр,
Уынан тіршіліктің
Ұрттамай да!..

* * *

Бір сәуле қайта жанды, өшіп барып,
Кінәлі кім екенін еш ұқпадық.
Баянсыз тіршілікте бізді таппай,
Бақыт та біржолата кешікті анық.

Белгісіз, кімнің жаны ашығаны,
Үміттің шамынан шоқ шашырады.
Осынша кеш тұтану, әділет пе,
Ойласам, түн ұйқымды қашырамын.

Көп күттім ерте тұрып таң арайын,
Қалайша жан-жағыма қарамайын.
Қаншама өтті көктем, өтті жазым,
Қайтіп мен жасарайын, жанарайын?!

* * *

Тұмшалап мұнар қалың, мұнар қалың,
Мұнарға сіңіп кетіп тұр арманым.
Мен сені көремін бе, көрмеймін бе,
Көрсем де, көрмесем де жыр арнадым.

Перделеп мұнар басты, мұнар басты,
Миымда мың бір сауал мың арбасты.
Иіне көндірsem деп әлектенер
Иектеп алған мені бұл албасты.

Сейілер мұнар мына, мұнар мына,
Тілекті Тәңір өзі құп алды ма?!
Мұнарды серпіп тастап бұлт секілді,
Мұнартып сенің бейнең тұр алдымда!

* * *

Тап-таза, мөп-мөлдірсің, тым ұяң ең,
Таң қалдым Жаратқанның сыйына мен.
Кей-кейде орашалақ әзіл айтсам,
Сен сонда әнтек қана жымияр ең.

Қап-қара көздерінде үміт тұнып,
Танытып қай кезде де сынық қылық.
Мен кейде асығыстау пікір түйсем,
Сен сонда бас шайқайсың күліп тұрып.

Дәлелсіз дәрменсізбін мықты басым,

Бабамның кие тұтып құт мұрасын.
Мен кейде сөзбен айтып бере алмаймын,
Сен сонда көзбен үнсіз ұқтырасың...

ТІЛ ТАҒДЫРЫ

Алып-ұшпа, ақылға кел арын бас,
Заман зары, адам мұңы сарындас...
Қапы қалмау үшін ұрпақ алдында
Қазақ тілін қасиет тұт, қарындас!

Азап, сордың арқалап ең ауырын,
Көріпкел боп сөйлетсең де жауырын.
Өткелі жоқ тап болсаң да өзенге,
Өз тіліңді өнеге тұт, бауырым!

Азат күнде еркін қанат қағайын,
Арманыма алтын сырға тағайын...
Ақ бесікте бойға қуат дарытқан,
Арда тілді арың сана, ағайын!

Атқан таңмен ашық-жарқын амандас,
Ата-тексіз адам заты жаралмас...
Алмағайып сын сәттерде жалт бермей,
Ана тілдің туын көтер, замандас!

Тізгініңді шығарма тек уыстан,
Тілден тауып, талай көңіл, суысқан.
Тар кезеңде таңдайға нәр тамызар
Туған тілдің киесін ұқ, туысқан!

ЕРКІН, СЕҢІҢ СЕРТІҢ ӘН!

Ей, Еркін – ән, Еркін – ән,
Еркін, сенің сертің ән!
Ешекеев шертетін
Еншілепсің шер-күмән!

Ей, Еркін – ән, Бостан – ән!
Аспандатқан асқақ ән.
Еркін жаз қос қанатты,
Елің барда қостаған!

Ей, Еркін – ән, Есіл – ән,
Ен жазықта көсіл ән.
Табылар дәл қасыңнан,
Жасамыс һәм жас ұлан.

Ей, Еркін – ән, Ерен – ән,
Ел-жұртыма керек ән.
Шаппай бәйге бер оған,
Ылайықты төр оған!

Ей, Еркін – ән, Елең – ән,
Зар-мұңымдай терең ән!
Өлеңімдей сиқыр ән,

Өрт сезімге ораған!

Ей, Еркін – ән, Халық – ән,
Ел тағдырын таныған!
Жігерімді қайраған,
Намысымды жаныған!

Ей, Еркін – ән, Қазақ – ән,
Бұзылмаған таза қан!
Өз мұңынан ол биік,
Қазақ мұңы аз оған!
Ей, Еркін – ән, Еркін – ән,
Еркін, сенің сертің ән!

* * *

Ойыпты тереземе қырау өрнек,
Өлеңнен іздемейді жырау ермек.
Саудагер сылдырлатып тиын сауып,
Тек соның мәртебесі тұр-ау өрлеп.

Мен бүгін тереземнен қырау көрдім,
Айналған ақ қырауға сұрау көрдім.
От шығып ойнағанда тағдырымен,
Жоқшылық қолын байлап жүр-ау ердің.

Әйнегі тереземнің толған қырау,
Сол қырау ерігенше толғандым-ау.
Айшықты ізі қалмай жоғалатын,
Алдамшы көрінеді жалған мынау!..

* * *

Табасың алтын кілтін қай керектің,
Баяулар бірте-бірте әйтеу екпін...
Барсаңыз Астанаға дәм бұйыртып,
Басына бір шығыңыз “Бәйтеректің”.

“Бәйтерек” – асқақтаған ақ мұнара,
Ешқашан өшірмейді ақты қара.
Бір белгі биіктікке орнатпаса,
Басында Астананың бақ тұра ма!

“Бәйтерек” – ата-бабам арманындай,
Ақ бұлтқа қолын созып қалғанындай.
Ғаламат жер мен көкте бар ма мұндай,
Қазақтың айғақтап тұр талғамын бай.

“Бәйтерек” ұшар басын нұр шалады,
Балапан бауырында шыршалары.
Басына “Бәйтеректің” бір шықсаңыз,
Басыңыз айналғандай бір шамалы.

Есілдің кең алқабы алақанда,
Астана манаурайды ала таңда.

Шашады Күн шапағын “Бәйтерекке”,
Ашады кең құшағын таң Отанға!

* * *

Кей пенде үміт шоғын кеш үрлейді,
Көңілге көп суретті көшір мейлі.
Бейшара болсаң бәрі мүсіркейді,
Билікке жетсе қолың кешірмейді.

Жас кезде қамықпайсың сор қамасын,
Қартайсаң қаңқу сөзге қорланасың.
Қол жайсаң қайыр сұрап, қамқоршы көп,
Қолбасы болсаң жалғыз жол табасың.

Алғыр жас Абай жырын жаттап өспек,
Торықпай тірлік мәні тақ талас деп.
Төменде төс қағысар таныстар көп,
Биікке өрмелесең бақталас көп.

Бұл күрес келе жатыр баяғыдан,
Санамен ұғар ойшыл саяқ ұлан.
Шарасыз болсаң сені аяйтындар
Шоқтықты болсаң шалар аяғыңнан.

Бұл қазақ қара сөзге дес бермейді,
Әй-шәй жоқ күйеу жігіт төс бер дейді.
Талабың оң болсын деп қоштайтындар,
Талантың тас жарғанда ескермейді.

Толған Ай түнгі аспаннан төкті жарық,
Намысын нағыз ұлан өтті жанып.
Көрінбей кетсең іздер туыстарың
Күндейді көзге түссең топты жарып.

Сыртыңнан қайманалар не демейді,
Тау емес алған асу, төбе дейді.
Беделің жоқ кезінде дос болғандар,
Атағың шыққан сайын елемейді.

Ақын да, данышпан да туады әлі,
Арнасын бұзып талай су ағады.
Сүрінгенде қол ұшын берген пақыр,
Құласаң, шың басынан, қуанады!..

* * *

Баққұмармын демеймін, таққұмармын,
Сенің ғана алдында тақ тұрармын.
Көрдім сені ақ бұлттар арасынан,
Көрдім сені ішінен ақ мұнардың.

Есеңгіреп тұрдым сен тіл қатқанда,
Елжіредім толқынды ырғақтарға.
Көрдім сені ең алғаш таң атқанда,
Көрдім сені соңғы рет Күн батқанда.

Бұл бақыттың өлшейді көлемін кім,
Бар азапқа үн-түнсіз көне білдім.
Таптым сені сазынан әуенімнің,
Көрдім сені көзінен өлеңімнің!

* * *

Бап талғауы да мүмкін, бақ талғауы,
Басқа талай себептер қапталдауы.
Елден ерек көргенің ештеңе емес,
Ең қиыны – үміттің ақталмауы.

Не бөгесін намысты жанымастай,
Жайлауына жаныңның ән ұласпай.
Туысымнан артық деп таңқалушы ем,
Тар өткелде сырт бердің танымастай.

Көз алдымда құбылып, қырланғаның,
Қарапайым үлгіден құр қалғаның,
Елемеуге қайран не, ескермеуге,
Ең сұмдығы – сенімнің ұрланғаны!

* * *

Тұман қала...
Тұтасқан тұман қала...
Тұман жұтқан бір арман бұлаңдаған.
Бір ән ғана жетпей тұр қу жаныма,
Бұған да жұрт қарайды күмәндана.

Қала тұман...
Боз мұнар қала тұман...
Су сорғалап құстардың қанатынан...
Жай отынан сұрайды жылынуға,
Жарқ етсейші найзағай ара-тұра!

* * *

Өрік қандай – үілжіген,
Өзен қандай – тасыған.
Күліп тұрып – күмілжіме,
Жылап тұрып – жасыма!

Жел үп етсе таңырқама,
Сезім сыймас қалыпқа.
Күліп тұрып – жабырқама,
Жылап тұрып – қамықпа!

* * *

Тағы да торықтым, торықтым,
Тұрлаусыз тағдырды зор ұқтым.
Қара түн басқанда қуандым,
Жарық таң атқанда қорықтым...

Тағы да шырмауық шырмады,

Таныстар мойын да бұрмады.
Туыстар түсінбей жазғырды,
Көзімнің жасы да құрғады...

Көңілдің түлкісін індеткем,
Кім келіп, қу тірлік, кім кеткен...
О, жалған, жәудіреп қарап тұр,
Бір елік бұрылып дүрмектен...

Тағы да шоқ басты табаным,
Жыртықты жыртықпен жабамын.
Қалғанын қарашы көңілдің,
Қаңырап көшесі қаланың...

Тағы да табылмай жандауа,
Бұл өмір алдау мен арбау, ә?!
Қараңғы түкпірге бастайды,
Қарақшы, жендеттер қаумалап...

Тағы да Күн қызыл, Ай қара,
Адасқан адамдар қайда да.
Қарашы, қорлайды кәпірлер,
Қаңғыған қазақ деп қаймана...

Тағы да шер жұттым, дерт емдім,
Елесі бұлдырап ертеңнің...
Мен бүгін өліктей суындым,
Мен бүгін тірідей өртендім!..

* * *

“Кеңсайға” кеше бардым, бүгін бардым,
Ғұмырдың келтелігін ұғынған кім.
Қайтып кеп айтпайды ғой мұндағылар
Кетерін қайда ұшып шыбын жанның.

“Кеңсайда” өлім күйі тербетеді,
Тоймайды қанша жұтса жер де тегі.
Талайлар осында кеп тыным тапқан,
Патшаның, пақырдың да көр мекені...

“Кеңсайда” ұшып жүрді көк көбелек,
Өңмеңдеп, өрекіп ек, өкпелеп ек...
Түбінде төмпешік боп жатамыз ғой,
Пендеге сонда, айтшы, көп пе керек?!

“Кеңсайда” қанша бейбақ дамылдаған,
Қара жер құшақ жая қабылдаған.
Басында дұға оқиян бір досымның,
Сөз айту басы артық ауыр маған...

“Кеңсайдан” көрдім мұнар арылмасын,
Бақилық аға, бауыр, қарындасым.
Білемін, көтертпесін кеудемді мұң,
Сеземін, кемігенін жарым жасым.

“Кеңсайға” кейінгі кез жиі келем,

Кеудемді кернеп күрсін, күйік өлең.
Түтіндеп қала әзер тыныстайды,
Тарылып тұрғанын-ай дүние кең...

* * *

Баурайды ырғағымен, тылсымымен,
Кеудемнен жалын шықты күрсініп ем.
Мына күй сергелдеңге салды мені,
Ұқтырып тірлік мәнін қыр-сырымен.

Аунайды аспан мен жер, төңкеріліп,
Көкжиек көз ұшында көмкеріліп.
Тауларды ысырамын жолымдағы,
Таусоғар секілденіп ертегілік.

Тартады күйдің сазы тұңғиыққа,
Тұңғиық көмейіне мұң құйып па.
Қарайды бала ғашық жұлдыз жақтан,
Қап-қара жанарында түн бұйыққан.

Осы күй жан аңсары, жан құмары,
Көңілдің кісінейді-ай арғымағы.
Тыңдасаң сонда шерің бір тарқайды,
Қайтадан бір тыңдауға зар қылады...

* * *

Күнмен бірге шығамын да батамын,
Ілестіріп әкетпесе жат ағын.
Қия беткей, құламадан жол тауып,
Саған қарай жүріп келе жатамын.

Ащы-тұщы тірлік дәмін татамын,
Қасымда сен болмағанға қапамын.
Аспандағы ақ бұлттардың үстімен,
Саған қарай ұшып келе жатамын.

* * *

Сен – жұмбақсың,
Шешуі жоқ түйінсің.
Шертіп өтер
Менің шемен күйімсің.
Тауға, тасқа,
Соқсам-дағы сынбаған,
Сорлы басым
Саған ғана иілісін!

Сен сиқырсың,
Періштесің, перісің.
Қолыңдағы су ма, у ма –
Бер, ұсын!
Алтын тікен –
Махаббатым шығарсың,
Тұйық шеңбер –

Тарылуда өрісім!..

* * *

Сергелдең үстінде сырласпан, кеңеспен,
Құрдасым едің ғой тірлікте тел өскен.
Фәнидің әр сәті аяулы емес пе,
Сен қалай айналдың оп-оңай елеске?!

Біз асқан асу да, бел де есте, өр де есте,
Тізгінді ұстаушы ең өзгеге берместен.
Тіліңнен төгуші ең, сөйлесен, зер десте.
Сен қалай ілезде аттандың келмеске?!

Сөз құдың жасыңнан – сорың ба, бағың ба,
Ұқсаушы ең патшаға отырған тағында.
“Ағынға қарсы жүз!” деп күліп тұрасың,
Сен қалай кенеттен жұтылдығың сағымға?!

* * *

От болып лаулап оянып келе жатыр Күн,
Аруана бұлтты қол бұлғап бері шақырдың.
Балалық шақта білмеген дүние сыры көп,
“Анау не?”, “Бұл не?” деуменен басты қатырдың.

Жаныңды сенің арбайды сиқыр жүз әуен,
Жүз қамал тұрса алдыңда, тіпті, бұзар ең.
Жігіттік шақта басылмас, сірә, желігің,
Қойнына тартып тұрады ылғи қыз-әлем.

Жүйткіген жүйрік жылдарға кінә тағасың,
Жайыңды ұғар құрдасқа мұң да шағасың.
Егделік шақта есептеп арғы-бергіні,
Білдірмей жұртқа жаныңды ептеп бағасың.

“Бұл қалай?” өмір соңында, шіркін, бұлағай,
Бәйтерек бар ма мәңгілік тұрған құламай.
Кәрілік шақта өмірдің мәнін білесің,
Діңкеңді құртар тек соны ешкім сұрамай!...

* * *

Сезімді сыр сандыққа құлыптадым,
Сырнайлы сол шақтарды ұмытпадым.
Беймезгіл шырылдаса телефоным,
Сен шығар деп көтердім трубканы...

Ай өтер, жыл да өтер, жалғасып ән,
Күн батса, елегізіп, таңға асығам.
Кездейсоқ атымды атап шақырғандай,
Дауысың естілгендей дәл қасымнан.

Сабырлы болайын деп ой ауладым.
Бу болып көшіп жатыр бояу қалың.
Түсімде көргенімде өнім бе деп,
Талай рет таң қалып оянғанмын.

Көнсек те сергелдеңге күйіп, талып,
Кешсек те бар азапты сүйіп қалып,
Бастайтын саған қарай жолдар неге
Соңында қалады ылғи тұйықталып?!

Ақшаңқан қалаларды араладым,
Қызықтым тірлігіне бал араның...
Ішінен ақ сағымның талай көрдім,
Артыңа бір бұрылып қарамадың.

Болмайды кездесуге, сөйлесуге...
Түсесің кездейсоқта кейде есіме...
Бәлкім, сен, қиялыммен жасап алған,
Мен үшін мәңгі жұмбақ бейнесің бе?!

* * *

Кежегем кейін тартып кейде менің,
Көпшілік қолқаласын, сөйлемедім.
Елпілдеп, құрақ ұшпай, ауырсындым,
Ей дегенін құрдастың, өй дегенін.

Ұнжырғам түсіп кетіп капелімде,
Жүргендей жабырқадым жат елінде.
Жентің де тіл үйірмей, шекерің де,
Булығып, тамақ қырнап жөтелім де.

Тұнжырап, қос жанарға көл тұнады,
Тәкаппар тау иілді бөркін алып.
Баянсыз батқан күннің өрті ұнады,
Болжаусыз тағдыр осы толқымалы.

Жүз батпан салмақ басып иығымнан,
Жүзтаныс күлді сонда миығынан.
Бұйығып, ән кеудемде тұншығады,
Шықсам деп шер толғаудың тұйығынан.

Кеткендей салым суға, қара басып,
Жауғандай қар мен жаңбыр араласып.
Арақашық алыстап жағалаудан,
Көп толқын көк теңізге ала қашып.

Бас еркім жоғалғандай, бостандығым,
Бозарып, таңды атырып, бос қалғыдым.
Орындалмас ешқашан жоспар құрдым,
Жуайық дейді соны достар бүгін.

Қураған, шарт сынады, кәрі шыбық,
Жүрегім жарылардай, қаны шығып,
Бір кезде сілкінемін, оянамын,
Содан соң жыр жазамын жан ұшырып.

ШАР – АРМАН

Жүйрік қайда жел қанат, жорға қайда,
Тосырқатты
Айналам толған айла...
Менің ізгі арманым,
Ұқсаушы еді,
Он төртінде нұрланып толған Айға.

Ес білгеннен азап пен арқалап мұң,
Шиырлаптын
Түкпірін шартараптың.
Менің ізгі арманым –
Жанып-жанып
Көкжиекке құлаған шартабақ Күн.

Ай аунайды аспанда, жыл аунайды.
Тас төбемде
Тырналар тыраулайды
Менің ізгі арманым –
Сиқыр шеңбер,
Жүзігінен некенің бір аумайды.

Болсақ дейміз бақытты, бал ашып та.
Мекеніміз
Мейірімсіз қалашықта.
Менің ізгі арманым
Жұтылады
Көзіндегі дөңгелек қарашыққа...

Жоқ секілді арманым, бар секілді.
Еріп жауған
Кешегі қар секілді.
Менің ізгі арманым –
Шынар емес,
Кеңістікте қалқыған шар секілді!..

АШЫНУ ҺӘМ АШЫҒУ

Шынымен,
Шырқалмаса ғашық әнім,
Қалайша ақжарылам, ашыламын.
Күйреймін, күйзелемін, ашынамын,
Неше күн нәр татпаймын,
Ашығамын!

Қасымнан
Жандайшаптар қашты мына,
Қақпаңды құлыптаған аш, құбыла.
Табамын қайдан қуат,
Қайдан дәрмен,
Жанымның рухани аштығына?!

Ғажайып
Мен кешегі ашқан әлем,
Ғұмырда
Қызыл тілден басқа пәлең.
Бір жылы сөзге зармын осы күнде,

Қайтесің ақылдасып,
Аш баламен!

Ақ түлкі боп,
Алдымнан қашқан ең сен,
Сергімей тұр
Ащы мұң басқан еңсем.
Арманым
Аққұм шөлде адастырды,
Ағайын, таңырқама,
Аштан өлсем!

* * *

Бал араға берер шырын, нәрін гүл,
Гүл мен ара махаббаты әрі бұл.
Кейде қолды барлығына бір сілтеп,
Дегің келер: енді маған бәрі бір.

Көз арбайды қызыл гүл мен сары гүл,
Күншуақты іздеп әне кәрі жүр.
Кейде қолды барлығына бір сілтеп,
Дегің келер: енді маған бәрібір!

* * *

Жүрек сазып тыңдаймын құстар әнін,
Қарындаштай қашанғы ұшталамын.
Отқа салып өзімді, суға салып,
Жүргендеймін жүзінде ұстараның.

Жаңбыр жауып яки қар да борап,
Үрей құсын ұшырып қарға қанат.
Жалғыз өзім жалғанға сыймай мына,
Жүргендеймін үнемі жар жағалап.

Көз алдымда күн менен түн егесті,
Көңіл бұлты етегін түре көшті.
Өкпем өшіп, талдырып өзегімді,
Жүргендеймін қуып тек құр елесті.

Әрбір пенде өзінше терді несіп,
Көрдім жанып және де көрдім өшіп.
Жарық пенен қараңғы арасында,
Жүргендеймін бейнет пен сорды кешіп.

Бәрін біліп отыр жұрт, бәрін естіп,
Тіршіліктің бояуын танып өстік.
Жібi түзу жау таппай, дос та таппай,
Жүргендеймін жанында жарыместің.

Мақсатты жан бәріне шыдайды анық,
Әрбір таңы атады шырайланып.
Шаршай берем мен неге әлім құрып,
Жүргендеймін шеңберді шыр айналып.

Без ұнай ма біреуге, сөз ұнай ма,
Кеше жүрген достардың көзі қайда.
Жердегі бар бақытты бағаламай,
Жүргендеймін қолымды созып Айға.

* * *

Ол да кетті...
Жұтты жойқын сұр ағын,
Айтқан да жоқ
Мекен-жайын, тұрағын.
Ескен желден,
Көшкен сеңнен сұрадым,
Көк бейіт тұр
Көгертіп төрт құлағын...

* * *

Өткен өмір, өңім емес, түсімдей,
Өрепідім кейде сені түсінбей.
Көбіне-көп қабағыма қараушы ең,
Көңіліме көлеңкенді түсірмей.

Алыстығы жоқ көрінген төбенің,
Бұздым талай түсінбестік бөгенін.
Кейбір кезде бұлттан шыққан Күндей боп,
Көңілімді шуағыңа бөледің...

* * *

Жайлауға бардық Мұрат ертіп бізді,
Жалт қаратты жәудір көз меркіт қызы.

Алтайдың ақ шыңдары асқағында,
Аз ғұмыр өте шығар қас қағымда.

Ақ сұңқар шаңқылдайды танып мені,
Атбегі ақтанкерді алып келді.

Жымиып, аттың жалын тарады қыз,
Оқ тиген жолбарыстай жаралымыз.

Жайлауда ат жарысы, алтыбақан,
Ақ сүйек ойнағанды, жалпы, ұнатам.

Әй-угай әуеледі ән аспанға,
Әбігер қамыс, қоға жанасқанға.

Төбемде алабауыр бұлт көшеді,
Дәуренді еске алады жұрт кешегі.

Жайлаудың бар қызығы бес күндік пе,
Бес-ақ күнде көнеріп, ескірдік пе?!

Қол бұлғап қала берді меркіт қызы,
Жайлаудан қайттық Мұрат ертіп бізді...

* * *

Көңілдің көп қызықтан қалғаны шын,
Ұзарттым ғұмырымның жалғап ұшын.
Ақыры барлығынан жерігенде,
Ақ қағаз болды менің алданышым.

Мұң басар көкжиекке құласа Күн,
Күлкісі естілмейді құдашаның.
Ақыры барлығынан шет қалғанда,
Ақ қағаз болды менің сыр ашарым.

Ақ таңды қарсы алушы ем құрақ ұшып,
Өзенмен өкпелескем бұлақ үшін.
Ақыры барлығынан безінгенде,
Ақ қағаз болды менің жұбанышым.

Ақиқат, махаббатқа ғапыл басым,
Адамдар деуші едім аһ ұрмасын.
Ақыры барлығынан айнығанда,
Ақ қағаз болды менің ақылдасым.

Жалғызбын бәйтеректей жел өтінде,
Қарызбын қашан және неге, кімге?!
Ақыры барлығынан баз кешкенде,
Ақ қағаз болды менің медетім де.

Алдыңда ақжарылып тұрсам бүгін,
Миымда тебіседі мың сан ұғым.
Ақыры жан жұмбағын жасыратын
Ақ қағаз болды менің сыр сандығым.

* * *

Көп кісінің ішінде көрдім биік,
Көп пенденің ішінде адам едің.
Көп еңбекті еліңе бердің сүйіп,
Көп құрметпен қарайтын ағам едің.

Аз ғұмырда қыруар іс атқардың,
Азғанаға қанағат тұтпадың ба.
Аз да болса желігіп құс атпадың,
Аздап уын өмірдің ұрттадың да.

Сәл жымыып арқамнан қағып едің,
Сәл дірілдеп, жүрегім дерт емеді.
Сәл аялдай тұрмады нағып өлім,
Сәл кешікпей, сұм ажал ерте келді...

ТІРІ ӨЛІК

Адамдар бірі кеткен, бірі келіп,
Тіршілік сарайы тұр күңіреніп.
Маңдайдан сұп-суық тер бұрқ етті ғой,
Мен бүгін жолықтырдым Тірі өлік.

Ол маған көзін сүзіп көп қарады,
Әлдене айтуға да оқталады.
Тал түсте қарсы алдымда тұрған оны
Түн жұтып бара жатты қап-қараңғы.

Көп іздеп бос орынды биліктегі,
Бекерге шықты талай киліккені.
Айғайға басар едім, үнім шықпай,
Айтуға сөз ерінім илікпеді.

Білмеймін, жұртқа қандай берді нұсқа,
Ақшаны, алтынды да көрді уыстап.
Ойпыр-ай, бар байлықты тастап енді,
Ол сіңіп бара жатты көр-қуысқа.

Өтпеді дайындалған тойы мына,
Жетпеді дүнианың пайымына.
Таппады дос, туыстан ешбір көмек,
Тартқанда қара үңгір қойынына.

Аңырап қалды артында жар-баласы,
Бітпейтін тіршіліктің қарбаласы.
Опасыз дүние-жалған осы екен,
Осынша онда неге арбаласың?!

Алданды оған көп жұрт сеніп, тегі,
Бағасын өз басының кемітпеді...
Біреулер Өлік тірі деп күбірлеп,
Біреулер оны Тірі өлік деді.

Ол маған көзін сүзіп қарады көп,
О жақтан қара боран барады үдеп.
Қол бұлғап шақыра ма, кел дейді ме,
Қақпайлап ығыстырды қаралы лек.

Теңселді тәлтіректеп Тірі өлік,
Біз қатар біраз ғұмыр сүріп едік...
Тірідей өліп қалды... Не шара бар,
Тіршілік... Бірі кеткен, бірі келіп!..

* * *

Өтеді өткелектен небір пенде,
Сан сауал санамды бұл кеміргенде,
Арбады сиқырымен жанған шырақ,
Қалмады сол бір сәтте сабыр менде.

Деседі екі ауыз сөз дау қайтымы,
Ақынның алтын балық аулайтыны.
Жанады шырақ болып бір арманым,
Жанымды бөлек соның баурайтыны.

Отырдым кейде шексіз ойрандалып,
Оспадар осы кім дер ойды аңғарып.
Тұтаттым қиялымның отын үрлеп,
Жылындым қызуына қайран қалып.

Бір үміт шырақ болып күлімдеді,
Бір сиқыр айналдырды бүгін мені.
Жұлдыздай ағып бара жатқан кезде
Жүйріктің қасірет қой сүрінгені...

Маздағы махаббаттың көздегі от,
Мың мәрте сол бір отқа кез келіп өт.
Өзгерер де құбылар қыз қалқалар,
“Көздегі отты неге сезбедің?!” деп.

Сүйеді мәпелеуді сөз баласы,
Қалқаның қалай бізге көзқарасы.
Тартады қойынына түнгі оттар,
Талайғы шер-наланың қоздамасы.

Ғұмыры мен бір бөлек, сен бір бөлек,
Күтеміз сен де, мен де сеңгір көмек.
Орынды сөз қалдырған атам қазақ
“Отыңды кеудеңдегі сөндірме!” деп.

* * *

Ғасырдан ғасырларға баратын іс,
Ғұмырды жалғастырар сара тыныс,
Ғашықпын бұл өлеңнің нақышына,
Ғаламат әрі жұмбақ жаратылыс.

Қамалмай шенеуніктің кеңсесіне,
Ұшарға ұмтылады бел шешіне.
Ерекше қара сөзден, дара сөзден,
Тәптімін бұл өлеңнің еңсесіне.

Көрсетіп көп құрметті төрдегіге,
Көзақы сұрамайтын көргеніне,
Қараса деймін қыздар көзін алмай,
Қызығып бұл өлеңнің өрнегіне!

* * *

Төбемде будақ-будақ ой көшеді,
Басымды ауыртыпты той кешегі.

Ойымды үзіп-жалғап, үзіп-жалғап,
Отырмын. Шынында бұл қызық жалған.

Жалғанға жылап келдім, уанбадым,
Жалқы сәт, есімде жоқ, қуанғаным.

Уатқан ойыншықпен, сылдырмақпен,
Уатқам анашымды былдырлап мен.

Күнкөріс қамыменен тезек тердім,
Көпестің кенжесіне кезек бердім.

Қой бақтым, шөп те шаптым, үй қаладым,
Домбыра шанағына күй қамадым.

Өзімді іштей мүжіп, көп қайрадым,
Көтерді туған елім көк байрағын.

Қайрадым жігерімді, намысымды,
Тағдырым бармақтай бір бақ ұсынды.

Қонғаны бармақтай бақ өлең шығар,
Алдансын өлеңменен деген шығар!..

* * *

Талай рет түңілдім,
Табан жолым таптаурын.
Өзіме өзім үңілдім,
Қажеті жоқ мақтаудың.

Талай рет жасыдым,
Жанымдағы өрт нендей.
Алшы түспей асығым,
Алшағыр күй шерткендей.

Талай рет торықтым,
Тауға соғып тас маңдай.
Тек өзімнен қорықтым,
Қас албасты басқандай.

Талай рет қамықтым,
Тамағымда қыл тұзақ.
Естен танып қалыпшын,
Бастан ауды бұлт ұзап.

Талай рет шейіт боп,
Неше мәрте тірілдім.
Жер бетінде бейіт көп,
Созылады сіңір күн...

* * *

Арманшыл деп аяйды ақындарды,
Қайбір ақын оп-оңай мақұлданды.
Мен бір алыс сапарға кетсем деймін,
Сағындырып жанашыр, жақындарды.

Сапар болса деймін бір көзкөрмеске,
Менсіз тірлік өзгерер, өзгермес те.
Жарым, бәлкім, көзіне жас та алар,
Түсіргенде аяулы кездерді еске.

Көп сермедім қолымды, аз қармадым,
Бақытты ғой уақыттан озған дарын.
Бір немерем ойланып оқыр ма екен,
Атасының аһ ұрып жазғандарын.

Құпияға құмармыз, білші, неге,
Жырламаса жұмбақты жыршы деме.
Ескі досым Ертістің жағасында,

Есіне алып еріксіз күрсіне ме.

Табам ба деп талпынып сая жанға,
Жетпіс асып, сексенге таяғанда.
Бәрінен де қиын-ау анашыма
Ұшты-күйлі жоғалсам Ай аманда.

Кетсем деп ем сапарға ұзағырақ,
Тәңір өзі маңдайға сызады нақ.
Бақұлдасып, бал ашып, ақылдасып,
Қалса деймін артымда жүз ақымақ.

Қадірімді осылай біл, ағайын,
Құрметіне жүректің құла дәйім.
Жәудіретіп жырына қосушы ед деп,
Жоқтайды ма мына тал, мына қайың.

Кетем, кетем сапарға пойызбенен,
Той іздеген жоқпын мен, ой іздегем.
Ала таңда отырам бір айлақта,
Ауыз ашып құрмамен, мейізбенен.

Ұшақпенен, кемемен жол шегемін,
Жол шегудің азабын өлшемедім.
Жалқы болсам деген бір жарты едім,
Бүтін болсам деген бір бөлшек едім.

Жан саулығын ойласаң, тән саулығын,
Табу қиын қапыда қамсау бүгін.
Мен бір бөтен әлемге асығамын,
Мен бір алыс сапарды аңсаулымын!

* * *

Бәлкім, бұл елес шығар, түсім шығар,
Алла шебер дейтұғын мүсінші бар.
Бір мінсіз жаратқанын қараңызшы,
Бір менің бақ-талайым үшін шығар.

Әлде, бұл түсім емес, елес те емес,
Әудем жер, арғы жағы белес-белес.
Нұр қызы – Пейіш қызы – Қазақ қызы,
Ешқашан енді бұлай елестемес...

БӨЛІМ

КҮЛТЕГІННІҢ КӨК ТАСЫ

Төрт тарапқа ашты бүгін қақпасын,
Ағылған көш Астанаға тоқтасын.
Байтағымның орын алды төрінен –
Күллі тарих – Күлтегіннің көк тасы!

Бұл көк тасқа тұнып қапты тұнық нәр,
Ата-бабам қастерлеген ғұрыптар.
Зар-мұраты қашалыпты өшпестей,
Күлтегіннің көк тасында рух бар!

«Тәңірі текті... Тәңіріден жаралған»,
Түркі жұрты тіл қатады қара орман!
Күлтегіннің көк тасында шежірем –
Көне дәуір қойнауынан оралған!

Күлтегіннің көк тасында көз жасым,
Мөлтілдейді, тасқа түскен сөз басы...
Тозса-дағы тастың өзі мүжіліп,
Дәлелдейді ерлік жыры тозбасын!

Сығырайып таусылады білте күн,
Өз кеудемнен шыға қашты үркек үн.
Түркі жұртын түгендеген, танытқан
Текті тарлан, оралдың сен, Күлтегін!

Бәдізделіп бар тілегі көк тасқа,
Көк тәңірі Көк түрікке жақтасқан!
«Түркі жұрты бірігіңдер!» деп сонда
Күлтегін де тірлік мәнін тап басқан!

Астанаға арнап бар да көре кет,
Аспан тұрар аппақ нұрын себелеп.
Ару қала мойнындағы алқасы –
Күлтегіннің көк тасы бұл, керемет!

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ

Тәуелсізбін! Мойнымда жоқ қамытым,
Айқындалды жүрер жолым, бағытым.
Қаншама жыл азап, бейнет шектім мен,
Қамытымды тастадым-ау ағытып.

Тәуелсізбін! Опыну жоқ ойымда,
Таңғажайып өтер енді тойым да.
Терезесі тең ел дейді шет жұрттар,
Қазақ Елі азаттығын мойындап.

Тәуелсізбін! Аяқта жоқ шідерім,
Тас-түнекте үзілетін күдерім.
Сол шідерім быт-шыт болды, апыр-ай,
Бұл кеудеме сыймай тулап жүрегім.

Тәуелсізбін! Мәңгіру жоқ миымда,
Әрбір ісім бітуші еді қиындап.
Бәрін енді өз қолыма алдым мен,

«Бастадым!» деп бір Аллаға сиынғам.

Тәуелсізбін! Сирақта жоқ кісенім,
Кісенімен бірге туған кісі едім.
Енді, міне, биік-биік баспалдақ,
Еркін аттап, шығамын да түсемін.

Тәуелсізбін! Ояну бар санамда,
Тосамын-ай кеудемді ақ самалға.
Өз үйімнің қабырғасын қалаймын,
Артық бақыт бар ма бұдан адамға!

Тәуелсізбін! Кесілгендей тұсауым,
Керім жігіт Кербұғыға ұқсауым.
Кезіп кеткім келер әлем түкпірін,
Құлағыма іліп алып құс әнін.

Тәуелсізбін! Сөйлеп Ана тілімде,
Тілдің зары маған қатты білінген.
«Әліппені» ашты бүгін немерем,
«Ата» деді, «Апа» деді күлімдеп.

Тәуелсізбін! Түсті сусып көгенім,
Көгендеулі ғұмыр кешті көп елім.
Тарихымның тарауларын ақтарсам,
Табам мұның салдары мен себебін.

Тәуелсізбін! Еншімде бұл Еркіндік,
Еркіндікті қорғар ерек сертімді ұқ.
Азаттықтың алауына жылындық,
Бостандықтың рухымен серпілдік.

Тәуелсізбін! Шекарамды қымтадым,
Көршіміздің батпайды енді шынтағы.
Туған жердің иіскедім жусанын,
Топырағының уыстадым ұнтағын.

Тәуелсізбін! Көк Туым бар, Елтаңбам,
Елұраным – өшпейтұғын қолтаңбам.
Бойтұмарым осы үшеуі болады,
Шалғай шетке кетсем егер ортаңнан.

Тәуелсізбін! Көзге ыстық көк теңгем,
Күнде хабар жеткізердей көктемнен.
Өз теңгемді өзімдікі дей алмай,
Өткем талай қыл көпірден, өткелден.

Тәуелсізбін! Намысымды қайрадым,
Сарыарқаның төсін еркін жайладым.
Астанама қарап әлем таңғалды,
Ажарланды ай-күн санап аймағым.

Тәуелсізбін! Бәйтерегім мәуелі,
Бейбітшілік – біздің тілек әуелгі.
Бесіктегі сәбилерді тербейді
Бостандықтың бойға қуат әуені!

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕК

*Қазақ әдебиетінің классигі,
академик-жазушы Сәбит Мұқановтың
асыл жары, Ел анасы Мәриям Мұқанованың
100 жасқа толуына орай!*

Жүз жыл шырқап көктем әнін, жаз әнін,
Тамашалап тіршіліктің базарын,
Мәриям апа, жүз жасаған жүрексіз,
Жарасады мақтан тұтса қазағың!

Құмар болып адалдыққа, тазаға,
Мұқановтың мұңы дәйім мазалап,
Қос ғасырмен қол алысқан, тілдескен,
Жүз жасыңыз құтты болсын, Әз-Ана!

Ғажап мынау арайлы таң, нұрлы аспан,
Дәурен озып бара жатыр бұл бастан.
Егер Сәбең жетер болса бұл күнге,
Жазар еді «Мәриям» атты бір дастан.

Таңғы шуақ таңырқатып алды ерік,
Табиғатта бір заңдылық бар деп ұқ.
Мәриям апа, Бәйтерексіз мәуелі,
Жүз жасаған жаңбыр көріп, қар көріп.

Алтынға тең, күміске тең зат асыл,
Сүйек асыл түгендесек атасын.
Сәкен Сізді «Сұлушаш келін» деп атап,
Жамбыл ата берген екен батасын!

Жайын ұқтық жекеше мен көпшенің,
Ақ қайыңы Қызылжардың-Көкшенің.
«Ел Анасы» деді Сізді Елбасы,
«Әже» деді шөберең мен шөпшегің.

Ғасыр жаңа, заман-дағы жаңа ғой,
Қауырсынын қатайтады балаң ой.
Сізбен бірге ғұмыр кешу бір бақыт
Дархан қазақ даласындай Данағөй!

НАУРЫЗДЫҢ НҰРЫ

Наурыздың нұры
Балқытып қара тасты да!
Бұлқынып қалып,
Көздерін ашты жас тұма.
Ақсақал Аяз
Асығыс тауға қашты да,
Нәурізек шықты
Қылтиып қардың астынан!

Наурыздың нұры
Жүрекке жылы ән құйды,
Көктемнің мына

Самалы саумал аңкиды.
Тербейді әуен
Табиғат тұмса балкиды,
Бойыңды билеп
Бейдауа сезім әрқилы...

Наурыздың нұры
Ерітіп көк мұз, ақ қарды,
Еріксіз еске
Оралтты науша шақтарды.
Жаңғырды орман,
Жырлатып бау мен бактарды,
Шығарды сыртқа
Жетелеп жас пен қарттарды.

Наурыздың нұры
Толассыз көктен құйылды,
Бір жылы хабар
Естуге халық жиылды.
Мешітке барып
Аллаға шексіз сиынды,
Қалды деп артта
Қыстағы барлық қиындық!

Наурыздың нұры
Аралап қала, даланы,
Жарнама жасап
Жасару менен жаңаны,
Бозбала жігіт
Көзінде от боп жанады,
Бойжеткен сонда
Бұрыла қарап қалады...

Наурыздың нұры
Тамшы боп талдан тамады.
Әнші құс болып
Зау көкте ағып барады.
Елітіп самал,
Елегзіп көңіл шамалы,
Жан-жағың мейрам,
Жаның бір дауа табады.

Наурыздың нұры
Бойыңа қуат дарытты.
Бусанып жатыр
Қара Жер-дағы, жарықтық.
Көк өзендерді
Қардың суына қарық қып,
Жырлатты, шіркін,
Жылғалар менен арықты!

Наурыздың нұры
Ескінің бәрін ысырды,
Көңілдің құсын
Самғатып көкке ұшырды.
Көктемей тұрған
Кәрі ағаш сонда қуарды,

Кәрі ағаш мұнын
Кәрі шал ғана түсінді...

Наурыздың нұры
Төрт түлік малды төлдетті.
Көкжиек бойлай
Көгілдір сағым көлбетті.
Келіншек көктем
Түнімен бесік тербетті,
Құстардың әні
Жаулады түгел жер-көкті!

Наурыздың нұры
Баурады барша тіріні!
Орманға барсаң
Бұтаққа ескі сүрініп,
Қорбаңдап аю,
Қалбаңдап қоян жүгіріп,
Маужырап Күнге,
Масайрап отыр жылынып.

Наурыздың нұры
Лебімен жұмсақ желпіген.
Ағашқа қонған
Сайрайды құстар еркімен.
Көктегі Ай да
Көзіңді арбап көркімен,
Көп ғашық жандар
Шығатын кез бұл сертінен...

Наурыздың нұры
Ырғағы бөлек саз оар,
Ынтығып жүрек
Ылажсыз сонда жазалар.
Табиғат жырау
Таңырқап өзі сөз алар.
Көктеммен бірге
Жан сарайың да тазарар...

* * *

Жанықтым ба,
Жалықтым ба,
Жасылдан да қызылдан?!
Жұмақтың да,
Тамұқтың да,
Дарбазасы бұзылған!..

Ескірдім бе,
Көнердім бе,
Көзге қанық бар бояу...
Аққа орап,
Берер, міне,
Қылаулаған қар бояу!..

* * *

Би алаңы жарық қандай,
Жарық еді кеше де!
Қонып жатыр қалықтаған
Көбелектер,
Көшеден...

Би алаңы бөтен бүгін,
Бозғылтымдау жарық та.
Бәрі өткінші екендігін,
Ай жарығы...
Анықтап...

Қонып жатыр,
Көбелектер...
Қонып жатыр қалықтап...

* * *

Адамдардың арасын сөз бұзады,
Сөзге ергіш жандарды тез бұзады.
Сөз қуғанды қылғынтып өлтіреді
Өзгелерге құратын өз тұзағы...

Адамдардың көбісі сөзге ереді,
Кешегі дос жау болып өзгереді.
Жақын жүріп бір күні жат болады
Табылмай қап тұтқиыл өз керегі...

* * *

Мен Абайға дейін ұзақ жол шектім,
Мен ғұмырды өте қысқа өлшеппін.
Жанарыма жылыұшырап барады
Жанған шырақ ақбоз үйден ең шеткі.

Абай – жұмбақ жаратылыс, дара тұр,
Жолаушыны өзіне жалт қаратып.
Жан-жағына түсіреді сәулесін,
Жан-жағына шұғыласын таратып.

Заман зарын, адам арын ол ұқты,
Оған дейін талай ақын болыпты.
Өзі ақын, өзі батыр қазаққа
Абай дала ойшылы боп жолықты.

* * *

Абай алыс,
Адамдар жақын маған.
Әр сөзімді құптаған, мақұлдаған.
Ғаламшардың ішінде адасамын,
Ғадауатқа ұрынып, қапы қалам...

Абай шетте,
Пенделер жан-жағымда.
Ақылдысың деп олар таң қалуда.
Абай айтқан сөз десем, сенер емес,
Абыр-сабыр бір тойға қамдануда...

Абай басқа,
Өзгелер таныс, көбі,
Ақылыңды оятар намыс беріп.
Тек сол ғана жұлдыздар арасында
Адамзат мекенінен алыс, тегі!..

* * *

Абай менің мұңымды қайдан білген,
Абай менің шерімді қалай ұққан.
Жүрем ылғи ішінде майданның мен,
Қолдау таппай хан-қара, халайықтан.

Абай неге сырласым, ақылшым да,
Абай неге әміршім бұйыратын.
Ақыл-ойы аппақ боп жатыр шыңда,
Алмастыра алмайтын дүйім ақын.

Абай, сірә, биік тұр пенделіктен,
Абай, сірә, елшісі бір Алланың.
Оқығалы Хакімді мен, неліктен,
Басқа жаққа мойнымды бұра алмадым?!

* * *

Ғашықтықтың Абайша зарын ұқтым,
Құмарлықтан Абайша жерінгемін.
Өлеңге айтып шерімнен арылыппын,
Медет санап көкте Ай көрінгенін.

Абай болып арнадым тасқа да жыр,
Абай болып қазақ деп күңірендім.
Ерік-есем бұл күнде басқада жүр,
Өстіп-өстіп өмірден түңілермін.

Айтып кеткен дөп басып Абай қалай,
Арғы-бергі қазақтың қасиетін.
Табанменен шоқ бастық абайламай,
Орындамай Абайдың өсиетін...

* * *

Жапалақтап қар жауды,
Жалғыздықтан шер жұттым.
Болжаусыз һәм болжалды,
Бопсалауы ел-жұрттың.

Қарашада қар борап,
Қара қарға қаңғырды.
Қайғы-уайым алды орап,

Жанымда жоқ жан құрбы.

Жауса жаусын, жарықтық,
Күніменен, түнімен.
Не бітірдік қарық қып,
Үңгіріме үңілем...

Таңырқайды таяздар,
Жақыныңнан жат бар ма?!
Қызыл шұнақ аяз бар,
Көмілейін ақ қарға!..

* * *

Кезектесіп келеді,
Жеңіліс те, жеңіс те.
Елуге дейін өр еді,
Елуден кейін еңіс пе?!

Өмірдің өзі өлең деп,
Тәуекелдің тасын жұт.
Елуге дейін елеңдеп,
Елуден кейін басылдық.

Бәрі де бәрі есімде,
Тас қамалды алғыздық.
Елуге дейін – досың көп,
Елуден кейін – жалғыздық.

Зар төгеді жыр-тиек,
Кім тұрады араша.
Елуге дейін – қыркүйек,
Елуден кейін – қараша.

Құрақ ұшқан кем демес,
Бір қадамың жүз аршын.
Елуге дейін – бел-белес,
Елуден кейін – құзар шың.

Алып-ұштық ес кірмей,
Алаулап мәңгі жанардай.
Елуге дейін – ескірмей,
Елуден кейін – жаңармай.

Дөңгелейді олжа Күн,
Емексіме елу деп.
Әй, Әмірхан, болжадың,
“Елуден кейін – өлу!” деп...

* * *

Өзара өштеспеді білмейтінін,
Өсектің шоғын көсеп, үрлейтінін,
Қайтесің, бұл қазақтың, бірін бірі
Өкшесі көтерілсе күндейтінін?!

Белгілі, суықтан гүл солатыны,

Белгілі, сабырға бақ қонатыны.
Қайтесің, бұл қазақтың, қысқа күнде
Қырқысып, қырықпышақ болатынын?!

Ақылды құлағына құйып алып,
Алаштың ұранына ұйымады.
Қайтесің, бұл қазақтың, қызғанғаны
Қаңғыған қызыл итке бұйырады?!

* * *

Сен қайтер едің мұндайда,
Батырып айтшы шымбайға,
Шытынап шыны сынбай ма,
Шын ғашық болған күн қайда,
Жұлдызды мақпал түн қайда,
Кермек те тәтті мұң қайда,
Басыңда дәурен тұрмай ма,
Күшінді уақыт ұрлай ма,
Жөңкіліп жылдар зулай ма,
Бақыт та мойын бұрмай ма,
Басыңнан өткен бар қызық,
Қоштасып қолын бұлғай ма,
Сен қайтер едің мұндайда?!

* * *

Жанашырың жаныңа жара салып,
Жақындарың жатсырап тарасады...
Кеше ғана қол жетпес биіктерің
Көз алдында барады аласарып...

Тату көңіл туысқан жат болады,
Айырмайды ағайын ақ-қараны.
Аңдаусызда мандайды тасқа соғып,
Байқаусызда басыңа бақ қонады.

Неге бұлай,
Деймін-ау, неге бұлай?!
Неге бұлай деуменен келем ұдай.
Өкпеге де күйдіріп, өсекке де,
Өлтіретін болдым-ау, өлеңім-ай!

Екеуара бір сыр бар шертілмеген,
Білдірмейсің емеурін еркінменен.
Кешкіғұрым екенін кеш ұғасың,
Келіншектей кешірек төркіндеген.

Енді, міне, өмірдің бұрмасында,
Бір-ақ рет жолығып бір ғасырда,
Бір жалт еткен жоғалды сиқыр сәуле,
Сырнайлы шақ, сұлудың сырғасында...

Тауға ұрып бұл басты, тасқа ұрып,
Быт-шыт болды бастағы асқар үміт.
Ішірткі өлең берейін, дұға оқыт,

Ішіндегі өртіңді бас қамығып...

Бірде көркем дүние, бірде ылас.
Самал соқсын, жел ұрып, іргенді аш!
Жағалау да ғажайып ғайып болды,
Бір кем дүние екен бұл,
Бір кем... ырас!..

* * *

Бозаурын қарашы, бозаруын...
Шығыс жақтың...
таппадым сөз аруын.
Шығып келе жатқанда шартабақ Күн,
Шың басына қолдарын созады ұлың.

Шанақпенен ойнаймын,
шұғыламен,
Шырайланды ерекше бүгін әлем.
Ұғынар ең шын сүйсең туған жерді,
Шынында да бұл әлем ұлыңа кең!

Күн төбемде тұр қазір,
Күн төбемде!
Қарамашы, қарағым, кіл төменге.
Қоңырқай мұң баурайды мені-дағы,
Бұйра бұлттар ақ шыңды бүркегенде...

* * *

Ат қойдым немереме Зарина деп,
Қасиет Сақ қызынан дари ма деп.
Ұрухы ата-баба қолдай ма деп,
Ұрпағым тек-тамырын тани ма деп.
Ат қойдым немереме Зарина деп.

Заринам – бүлдіршінім, бөбегім ғой,
Зарығып, өбектеймін, өбемін ғой.
Аталық мейірімім төгемін ғой,
“Түйе бол!”, “Ат бол!” десе, көнемін ғой.

Қарайды сақалымнан көзін алмай,
Айтатын атасына сөзі бардай,
Мың тәубе Жаратқанға сыйға тартқан
Ботамды өзі шырын, өзі балдай!..
2007 ж.

* * *

Өзенді бұрар кейде арна басқа,
Шақырмас алдан ылғи арман асқақ.
Мен кеттім оңашада ой кешуге,
Сен қалдың қаладағы қарбаласта.

Кезекпен күн батады, таң атады,
Құстардың күзде сана балапанын.

Мен кеттім қу жаныма сая іздеп,
Сен қалдың бағып тағы бала қамын.

Сезімнің қандайына жүрек пана,
Жүректен шыққан сөзден тірек табам.
Мен кеттім тауды кезіп, тасты басып,
Сен қалдың тілеуімді тілеп қана...

Күндердің есеп жоқ қой зырлауында,
Түбінде ұрынасың бір дауылға.
Мен кеттім жалқы үміт шамын жағып,
Сен қалдың көп күдіктің шырмауында.

* * *

Бәрі таныс...
Кеше көргем.
Бұрын да.
Сүрлеу соқпақ тауға қарай бұрылған.
Жол шетінде кәрі ағаш тұр қаусаған
Бұтағына ақтық таққан ырымдап...

Бәрі таныс...
Өр өзен де,
Бұлақ та.
Естіледі көне сарын жырақтан.
Көп ішінде жалғызсырап жүрмін мен,
Жауап іздеп шешуі жоқ сұраққа.

Бәрі таныс...
Мына тау да,
Мына бау.
Жасыл әлем жанарымда тұнады-ау.
Бәрін өртеп жіберердей лапылдап,
Жанып-жанып басылады Күн-Алау.

Бәрі таныс...
Өшкен үміт,
Ән арман.
Ештеңе жоқ бұрынғыдан жаңарған.
Менен басқа біреу келіп бұл жерден,
Іздегенін, аңсағанын табар ма?!
Соқыр соқпақ сан-алуан...

* * *

Жаркентке жас та келген, кәрі келген,
Шипажай шақырыпты бәрін елден.
Жүйкесін тынықтырып қайтады екен
Қашқандар қаладағы әбігерден.

Жаркенттің ауасын-ай, ауасын-ай,
Болар деп ойлағанмын дәл осылай.
Сұқтана көзін қадап шипажайға
Таулардың қорғап, қоршап, жарасуы-ай?

Көргенбіз лапылдап та, өртеніп те,

Шіркін-ай, не жетеді еркелікке...
Төңкеріп қос жанарын қарауын-ай
Жас марал жолықтырған Жаркентте.

Жаркенттің суы шипа, батпағы ем,
Жадырап, шуақ шашып, шаттанып ең...
Қайтадан шартарапқа шашыраймыз
Тағдырдың тоқсан тарау соқпағымен.

Шапқылап бала-шаға қамын ойлап,
Сұрасып амандығын ауыл-аймақ.
Бір жерде жазатайым ұшырассақ
Жүрмейік, қара басып, танымай-қап.

Күндердің Арасанда зулауын-ай,
Іргеде асау өзен тулауын-ай.
Жүрегін абзал жандар ашып тастап,
Жаркенттен кеткім келмей тұрғанын-ай!

* * *

Ыстық маусым шілде мен тамыз деймін,
Ынтық мекен ертегі, аңыз деймін.
Жүрегінде шам жанған жұмбақ ару –
Қаракөз жыр, мен сені әлі іздеймін!

Қашан туар қиылып менің Айым,
Сен кеудеме орнаттың көп уайым.
Қара түннен бір жарық іздегендей
Қаракөз жыр, іздеймін сені дәйім!

* * *

Табысқанмын мұңмен және елеспен,
Танысқан күн сеніменен жоқ есте.
Екіұдай сезіміммен егескем,
Сеніменен, сеніміммен емес тек!

Ұғысқанмын өкінішпен, ызамен,
Ұшар басын бұлт бүркеген құзар ең.
Жұмағымнан бірте-бірте ұзап ем,
Жұмбағымен шақырғанда мұз әлем.

Тілдескенмін тұңғиықпен, тылсыммен,
Қара жерде қара жыра күрсінген.
Таулар шөгіп төскейіне нұр сіңген,
Көк мұнарға оранамын құр сүлдем...

ЕСЕ КЕТКЕН

Қорлаған отар ел деп кеше бізді,
Қазақша атай алмай көшемізді.
Бармақты шайнадық қой талай рет,
Басқаға беріп қойып есемізді.

Кең қолтық, бек қонақжай десе бізді,
Күліпті миығынан “көсем ізгі”.

Кешегі кер заманда жатқа кеткен
Біз неге қайтармаймыз есемізді?!

Енді не, еншімізде егемендік,
Нарыққа демесек те кенен ендік.
Тәуелсіз ел болсақ та Ана тілдің
Есікте қалуына неге көндік?!

Тағы да мазақсың деп жылайды жел,
Азапты қазақ шеккен Құдай білер.
Қайтпады қаншеңгелдің тырнағынан
Отты жер, құйқалы жер, шұрайлы жер!

Ауылым шөл далада, сор далада,
Аш қазақ айналыпты қолбалаға.
Ешқашан пешенеме жазбаған ба,
Есемді қайтаруды сонда маған?!

Дегенде төрім жайлау, босағам құт,
Кетем бе қаңбақпенен қоса қаңғып.
Атаңның басын шапқан есауылға
Ескерткіш қою деген – есалаңдық!

Қымбаттап күнкөрістің төлеу құны,
Ескермей елім деген елеуліні.
Қарайды қаңғып келген қаймана деп,
Қаланың билікқұмар шенеунігі.

Енді не, есем кеткен, есем кеткен,
Ұрып тұр қара жаңбыр нөсерлеткен.
Білсем де бұлай болмау керектігін,
Бұтақты өзім қонған кесем көптен...

ҚАЗАҚ МҰҢЫ

Қазақ мұңы қашанғы қалыс қалмақ,
Желбезекте тұр әлі таныс қармақ.
Намыс қармап несіне илікпейміз,
Бірімізді біріміз алыс барлап...

Қазақ мұңы қайтадан қозғалады,
Бозғылт тұман бүркейді боз даланы.
Көз қамады жарнама алабажақ,
Өзіне жау қазақтың өз қамалы!

Айта-айта, шаршадық, қазақ мұңын,
Жаза-жаза, жалықтық, қазақ мұңын.
Ғажап күнің осы ма қол жеткізген,
Ата-бабаң арманы – азаттығың!

Қас Сақ едік, өр едік, асқақ едік,
Ұлан байтақ жерде жау жасқап едік.
Таспен басып тастадық салт-дәстүрді,
Төрт тіл білу болып па асқан ерлік!

Қазақ мұңын тыңдайтын құлақ керен,
Қызық қуып жас қазақ жүр, әттеген.
Мұрат деген – ұлтыңның ар-намысы,
Мұны ешкім сұрамас, бірақ менен!

Туған жерге тәу етсін сарбаз ұлан,
Әр қазаққа жетсеші зар базынам.
Байлық деген – жеріңе иелігің,
Талан-тараж болуда бар қазынаң.

Шонжарларың сұраса ұруыңды,
Шектемекші қай жерде тұруыңды.
Бұруына қарап-ақ бүйрегінің
Болжауыңа болады құруыңды...

Азаматтың қарап сол атасына,
Ақсақалдар қосады батасына.
Қазақ мұңы тағы да қалындады,
Құйып жатыр қорғасын сақасына!

Қазағымның басынан мұң арылмай,
Басыма бұлт қонақтап тұрам ұдай.
Тәуелсіздік тізгінін ұстаған соң
Түсініксіз дағдарыс, сірә, бұлай!

Біз басында мән бермей бағалыға,
Тапталғанбыз бодандық табанында.
Бүгін, енді, алсаңшы аларыңды,
Біреу сенің қолыңды қағады ма?!

Боздағаның қалыпты тек есімде,
Бұқпантайлап әлі де келесің бе...
Бүгін, енді, жетсеңші арманыңа,
Біреу сенің жолыңа бөгесің бе?!

Байтағыңа аяқты көсіл енді,
Билеп-төсте туған жер төсін енді.
Қайран қазақ, қалайша, құр қаласың,
Беріп қойып басқаға несібеңді?!

Құшақ болып қазаққа ашыламын,
Қайда менің, қашаннан, ғашық әнім.
Қайран қазақ ұқпай ма қазақ мұңын,
Бәрінен де осыған ашынамын!

Қазақ мұңы – қазіргі шерім деймін,
Қарыс қадам кейінге шегінбеймін.
Білген едім бағасын бар мен жоқтың,
Бұл менің де ақырғы шебім деймін.

Бар күшінді ұлт үшін жұмса батыл,
Ұрпағыңнан күтесің тұмса ақыл.
Қаласың ба қазақ боп, қалмайсың ба,
Бұл сенің ең ақырғы сын сағатың!

* * *

Құлағыма жеткен талып қай сыбыр,
Құба жонда атой салған не дүбір.
Бас көтеріп асау сезім қайсы бір,
Шақырады жұмбақ әлем көгілдір.

Бірте-бірте күйін кешіп бақсының,
Буырқанған айналамын дүлейге.
Бәріңе де тілейтінім жақсы күн,
Бой алдыра көрмендерші үрейге.

Осы менің өлең жазар қарсаңым,
Осы менің құбылаға қарауым.
Осы сәтті өліп-өшіп аңсадым,
Күткен жандай бойға удың тарауын!..

* * *

Жеткізбейді саған мына жол бұлғақ,
Көз ұшында тұрасың тек қол бұлғап.
Сәуір, міне, көктетсе де көк талды,
Бауыр дүние бар қызығы болды жат.

Ұстатпайды сенің сағым-елесің,
Ұрдым жарға махаббаттың кемесін.
Дүнианың төрт бұрышын кезсем, жұрт
Дәруіш дер, одан басқа не десін.

Алыстайды арман күндер, бал күндер,
Төлеген дер біреулер, Ер Тарғын дер.
Одан маған келіп-кетер не пайда,
Не демейді тіршілікте әркімдер.

Жұтылды да қиял мүсін мұнарға,
Бір ертегі қалды ұқсап шынарға.
Бұл ертегім бек ұнайды өзіме,
Өйткені оны өзім ойлап шығарғам!

* * *

Теңемегем өзімді қара нарға,
Жүк көтердім көп ауыр, шара бар ма,
Қызығамын бейкүнә балаларға...
Көңілінде маған бір нала бар ма ?!

Қарқылдамас қаңтарда текке қарға,
Қарамайды қайғысыз төккен арға.
Шиқылдайды жолазап шеккен арба...
Көңілінде маған бір өкпе бар ма ?!

Қызыл сөздің қайнаған тегін барла,
Жолығарсың тірлікте не мұндарға.
Сескенбеуші ем сенен де сенім барда,
Тықсырғаның қалай бұл мені жарға,
Қайтпай жүрген әлде бір кегің бар ма?!.

* * *

«Былай жүрсең, арба сынар,
Былай жүрсең, ат өлер».
Ұшырардай жар басынан,
Үміт үрей әкелер.

Былай жүрсең, қара түнек,
Былай жүрсең, сор қалың.
Тойға күліп баратын ек,
Неден бұлай сорладың?!

Былай жүрсең, суық қабақ,
Былай жүрсең, пәс көңіл.
Тастайтындай қуып, қамап,
Тұйық шенбер, әсте, бұл!...

* * *

Қыстың соңғы айында,
Қар жауып тұр, ұлпа қар.
Көңілімде уайым бар,
Оған дауа кім табар?!

Қар жауып тұр, мақтадай,
Қар жауып тұр, қылаулап.
Баянсыз ғой бақ-талай,
Бөтен де жат мынау бақ.

«Бұл соңғы қар! Соңғы қар!...»,
Селтендейді елік қыз.
«Соңғы қар да тоңдырар!...» --
Дедім сонда... еріксіз...

* * *

Көрінеді көп адам көзге дана,
Соңымызда бір ауыз сөз қала ма?!
Аяп неге қараймын осы күні,
Алып-ұшқан көңілі бозбалаға.

Тасып -тасып ақыры басылам ба,
Басымнан сөз бір күні асырам ба?!
Жүдеп неге қараймын осы күні,
Жанымдағы өр кеуде жас ұланға?!

Хан базарым қай күні тарқамақ па,
Хал-жайымды қажет пе сарқа мақтап.
Жүруші едім жейдешен жел өтінде,
Тұрушы едім қорықпай жарқабақта!..

Басқа нөқта салса да бағынбаған,
Келмес қайтып бас асау шағым маған.
Көруші едім қылт еткен қызылды да,
Еруші едім көгілдір сағымға да.

Қос қолтыққа біткендей семсер қанат,

Көк дауылға айналғам, көрсен қарап.
Барушы едім бармайтын бас қосуға,
Жарушы едім көкпарда көк серкені ап!

Бала сенбей осыған, қатын нанбай,
Алынбаған бәріңнің ақың бардай,
Неменеге сырттатып, суық тарттың,
Нәтім қатты,
Емеспін аһ ұрардай!

* * *

Өткен күннен не қалады ескірмей,
Таныс дауыс кетті мүлде естілмей.
Бар байлығы дүнианың алдамшы,
Бар қызығы бұл фәнидің бес күндей...

Жел ұрады балағымнан, жеңімнен,
Мен бе сонда, ең соңында жеңілген?!
Қала салып, бала өсіріп, ой бағып,
Ата-бабам не түсінген, не білген?!

Алып-ұштым, асықтым да аптығып,
Маңдайыма қонатындай бақ күліп.
Есеңгіреп жинадым ба есімді,
Ең жақыным көрсеткенде жат қылық...

Жолым енді бұра тартты ылдиға,
Бір биіктен түсіп келем құлдилап.
Қараймын тек қиығымен көзімнің,
Көлден ұшқан үйректі ілген қырғиға...

Қараймын тек жан-жағыма сақсына,
Бауыр тартып тұрушы едім бақсыға.
Бетпе-бет кеп мүләйімсіп, мүсіркеп,
Сөз сөйлесе кәрі досың жақсы ма?!

Ойым орта, көңіл алаң, кереңмін,
«Халың қалай?» десе біреу, не дермін.
Қалдым ба бұл обалына өлеңнің..
Не де болса, пешенемнен көрермін!..

Не дермін-ай, жақыныма, жатқа да,
Бала кезде соғушы едік ақ қала!..
«Жоғалтқанын таппаған жан тұрған» деп,
Жазып қойғым келіп жүр-ай қақпама!

* * *

Бөлшектендім,
Бір кезде бүтін едім!
Бүтін үміт басында үкіледім.
Қалған көңіл, қайтесің, орта бүгін,
Неменеге күпсініп, күпінемін?!

Жартым қайда,
Япыр-ай, жартым қайда?!

Жарым түнде найзағай жарқылдай ма.
Қарқын қайда мендегі, басылған ба,
Замананың анықтап нарқын пайда.

Жарты ниет,
Ықылас, жарты бәрі.
Жартысын кім әкеткен тартып алып.
Сыңар көзбен қараймын айналама,
Жарты жолда тарқамай жан құмары.

Жарық астау,
Кетік Ай,
Сынық сәуле...
Жарты көмек жетеді құмықса дем.
Жан-жағымнан іздеймін жарым жәрдем,
Құл болардай қараймын кім ұқса мен.

Сыңар жастық жастандым,
Жүп та емес.
Жан мазасын ешбір жан ұққан емес.
Жарты миды жоғалтып алған жандар,
Жалпағынан айтады жұртқа кеңес.

Қанша кісі
Қасыңда қақ жарылған...
Үрей көзі сығалап жан-жағымнан.
«Бірігейік, бүтіндер!» дейді ме- ау,
Бірдеңені былжырап заржақ ұлан...

Жарымы күн сөткенің,
Жарымы түн.
Ұзақ тыңдап өмірдің сарынын кім:
«Қарынымның ашқаны ештеңе емес,
Қашқанын айт, – депті ғой, – қадірімнің!»

Доспын ба, жоқ жаумын ба,
Өзім Маған?!
Бас еркімді билей ме сезім балаң...
Кезім алаң осы шақ,
Бұл да өтер...
Қоңырауын тыңдатсын
Жез үн далам!..

ҚАР ЖАУАДЫ...

Қай сұрақтың жауабы бар,
Қай қысастың амалы бар,
Қара қосқа қамалып ал,
Қапалақтап жауады қар...

Қай сұрақтың бар жауабы,
Қайран ғұмыр болжамалы,
Қалатындай жол жаңарып,
Қар жауады,
Қар жауады...

ЖОЛ ЖЫРЫ

Шертер сыр, ән дайында,
Сапарға келістің бе?!
Жолдастың қандайын да,
Танисың жол үстінде!

Жол сазы тербеп кейде,
Кеуденді күй кернейді.
Жолықсаң бірбеткейге,
Үйретер, үйренбейді...

Көңілге нұр, жаз қонса,
Көктемдей күз ұнасын.
Серігің сырбаз болса,
Сен-дағы сызыласың.

Көңілде алаң болса,
Жүрекке жүк артады.
Жолдасың сараң болса,
Қалтанды жұқартады.

Құрдасың қамшы болса,
Қызықтан құр қалады.
Серігің әнші болса,
Дүние нұрланады.

Көнекөз көпті көрген,
Шежіре қоймасы нақ.
Сөз мерген – текті мерген,
Құрады ойға сынақ.

Қорқаққа қос көрінер,
Жапанда жалғыз тал да.
Жол шарты ескерілер –
Жападан жалғыз қалма!

Жол сыншы жолаушыға,
Жолдасың – тағдырласың.
Жолықпа тонаушыға,
Қу басың қаңғырмасын!

Жол бойы нар қамыс па,
Жол бойы қара ағаш па?!
Сезім-ай арпалысқан,
Асаудай ала қашқан.

Қолыңа құс қонады,
Айырып еркіңнен де.
Ұзақ жол қысқарады,
Әңгіме шертілгенде.

Мырзалар мархабатты,
Елміз ғой астыққа бай.
Жағалап жарқабақты,
Асудан астық талай.

Жолайрық жат ете ме,
Алдыңнан күтеді не?!
Қиырға әкете ме,
Кенеттен бітеді ме?!

Қайтесің көнбегенде,
Алмасқан маусым ба сын?!
Жолаушы сен де, мен де,
Жол жыры таусылмасын!

* * *

«Неге өлең жазбай кеттің?» дегендей,
Қарап тұрған секілдісің сұраулы.
Күндер, күндер өтіп жатыр еленбей,
Бүйірдегі бөлімшедей жыр аулы.

Жыр жазуға сеп болмады демалыс,
Қараталдың қанша жүрдім бойында.
Жүдеттің ғой қалдың-дағы тым алыс,
Сағыныш боп, өкініш боп, уайым боп.

Қайтем енді, бұйырғаны осы да,
Біреу шумақ – ұлы селдің бұрқағы.
Және бұған түнгі сарын қосып ап,
Мен әнімді таң алдында шырқадым...

* * *

Ерте тұрып, сәріден,
Ертең жолға шығамын.
Қоштасуға барып ем,
Естімейді құлағың.

Елең-алаң шақта мен,
Елеусіздеу аттанам.
Бауыздадың мақтамен,
Енді қайдан бақ табам.

Елегізіп, ербеңдеп,
Еңсем ерте езілер.
Жолды кесіп, көлбеңдеп,
Қара мысық кезігер...

Бауыр сыздап, бүйрек те,
Буып тұр ғой бірдене.
Сүйегімді сүйреткен,
Құр сүлдерім, құр дене.

Қош бол, менің ертегім,
Қош бол, менің аңызым.
Жалғыз қалдым, дерт еміп,
Жазығым не, жазығым...

* * *

Өмір екен,

Сыйласатын аз күндік.
Өтген, дәурен,
Аз қадірлеп, аз білдік.
Болады екен өткізуге қызықты,
Болады екен өткізуге мазмұнды!...

Не нәрсеге
Тым атүсті қарадық.,
Күлкі құны
Екен ғой мың қаралық,
Айрылды та,
Жүрміз енді аңырап,
Жыртылды та,
Жүрміз енді жамалып...

Баста дәурен
Тұрмайтынын сезбедік,
Өмір күнде
Жатады екен өзгеріп...
Көз көріп тұр –
Кешегі бар, бүгін жоқ,
Қауқылдастық
Жасы үлкен деп сөз беріп...

Уақыт екен
Бояулары тым оңғақ,
Тау жағымыз
Мұнарланып, тұмандап...
Неменеге өректік, өңмендеп,
Неменеге өршелендік, ұрандап?!

МАХАББАТ

Махаббат – көкшіл сағым, мұнар қалың,
Мұнарға ессіз-түссіз құмарлану.
Махаббат – ең бірінші сөйлемі ғой,
«Махаббат...» деп басталған шығарманың.

Ал соның сырын ұғу саған да сын,
Ал соның сырын ұғу маған да сын.
Махаббат Мәжнүн ғып жібереді,
Машақат деп, өкінбе, замандасым!

Үстейді қызғылт шырай іреңіңе,
Шашады нұрлы шуақ түнегіңе.
Махаббат – Алтын ине, тозбайтұғын,
Мәңгілік қадалатын жүрегіңе!

* * *

Оңаша ойлардан алам нәр,
Ойсоқты болды деп қараңдар.
Көп күткен аяулым келердей,
Көңілде аздаған алаң бар...

Кей кісі құптамас, не құптар,
Ақ ұлпа сезімдей көбік қар.

Көп күткен аяулым келердей,
Көңілде кішкене желік бар...

Үзіле жаздаған үміт бар,
Көзіме көл болып тұнып қал...
Көп күткен аяулым келместей,
Көңілде кіреуке күдік бар...

ТӘУЕЛСІЗДІК ТУЫ

Арайланған ақ таң, жарық күнім,
Абылайға арман халықтығым.
Тәуелсіздік туы желбіреп тұр,
Қазақ елін әлем танып бүгін.

Қыран қанат қиял қайда мұндай,
Аспан түстес аңсар айғағындай,
Тәуелсіздік туы желбіреп тұр,
Алашымның асқақ айбарындай.

Жеткізейін айтып далаға сыр,
Жеткізейін айтып қалаға сыр.
Тәуелсіздік туы желбіреп тұр,
Қазақ елін күтіп жаңа ғасыр.

* * *

Астанаға апарады жол қанша,
Алып-ұшып жеттім талай асыға.
Тәуекелім емес, сірә, қорғаншақ,
Бәйтеректің шықтым шырқау басына.

Астанаға жеткенімде аптығып,
Анадайдан асқақтайды Бәйтерек.
Жатыр қазір жақын түгіл жат та ұғып,
Аңсарыңды жан ұқпаса, қайтер ек.

Астанаға барасың ғой нұр аңсап,
Арман аңсап алаулаған от демі.
Бір жалт етіп өтер бастан бұлаң шақ,
Өте шыққан секілді өмір көктемі.

Астананың аспанын-ай, аспанын,
Астаң-кестең өзенде сең көшкендей.
Айналайын, өмір деген қас қағым,
Соны, сірә, жүрміз-ау біз ескермей...

Астанаға жолым түсті ақпанда,
Астанаға жолым түсті шілдеде.
Ерекше бір ерке қылық тапқандай,
Есіл өзен сырғып ағып іргеде.

Астанада бар ғой менің немерем,
Асқаралы шырқалмаған әнім бар.

Келген сайын кереметке кенелем,
Сенбесеңдер, Астанаға барыңдар!..

АЛМАТЫДА ҒӘМ АСТАНАДА

Алматыда қарт Алатау абыз бар,
Ақиқатқа айналады аңыздар.
Ақ әжеме ұқсайтұғын ақ шыңдар,
Ақ жаулығын тастамайды тамызда!

Астанада еркелеген Есіл бар,
Есіл десе елегзімін, не сыр бар?!
Ақ даланың алты ай қыста, апырай,
Ақ боранмен орап тастар төсін қар....

Алматыда естелік бар, жадым бар,
Шежіренің шырағданын жағындар...
Ашылған жер ғылым-білім қақпасы,
Шашылған жер асыл моншақ, лағылдар...

Астанада бүршік жарған мың арман,
Бәйтерек боп шақырады мұнардан.
Ай далада, ай тақырда қала сап,
Ақ патшамыз Айды аспанға шығарған!

Алматыда жаздық жастық дастанын,
Аппақ таңда жырға сапар бастадым.
Асау жылдар ағып өте шығыпты,
Аңсаулы шақ, аяулы сәт қас қағым...

Астанада Елорда бар, тұтқа бар,
Шартарапқа таралады құт хабар.
Ел тағдыры шешілетін тұстарда
Ең алдымен Елбасыға жұрт қарар.

Алматыда өрік, шие, алма бар,
Алып-ұшқан көңіл кейде алданар.
Алматының апортының дәмі-ай деп,
Алыс-жақын ағайындар таң қалар.

Астанада Күлтегіннің тасы бар,
Сол көк таста тарихымның басы бар.
Ауылдағы талай қара домалақ
Астананы бір көруге асығар...

Алматыда Азаттықтың алаңы,
Алаңға кеп өткенді еске аламын.
Қонағымын мына шулы өмірдің,
Тұрғынымын мына шаңқан қаланың.

Астанада тәй-тәй басты немерем,
Немереме не аламын, не берем?!
«Ата!» деді, тұсауын да кестірдім,
Кеңіп сала берді солай керегем!.

Алматы мен Астананың арасын,

Жалғастырып жатсын ылғи жарасым.
Зеңгір көктен Күн шуағын төксін көп,
Бұйра бұлттан Ай сығалап қарасын!

НАРКЕСКЕН

Бауыржан Момышұлының рухына

Бодандық кезде болды ол намысқа қайрақ,
Бауырға мерей тұлғасы, алысқа айбат.
«Батырым келді!» деп құшақ жаятын дала,
«Баһадүр қазақ осы!» деп танысқан аймақ.

Бауыржан десе, тұтанды батырлық бойда,
Бастасын сөз деп батырды шақырдық тойға...
Алдаспан ойдың көрсең ғой жарқылдағанын,
Қазақтың барлық батырын ақын ғып қойған!

Бауыржан рухтың, сертімнің наркескені шын,
Қаһарлы жылдар... соғыста қан кешкені шын.
Белдеспек үшін туған ол жауларыменен,
Еңіреп өткен ер еді елдеспек үшін...

Бауыржан – менің азаттық аңсарым еді,
Қазақтың ұлы деп халық тамсанып еді!
Ол өткен еді дәлелдеп өміріменен
Отанға ғана арнауды барша мүддені!

Көрсем деп қазақ жерінде өнер өнгенін,
Жаңарам дедім мен қанша, көнерем дедім.
Өр намыс, ерлік қазақтың қанына біткен,
Бауыржан болып тіл қатты немерем менің!

ЖАНЫ ЖАЗ АҒА - ӘЗАҒА

Әзілхан НҰРШАЙЫҚОВ
85 жасқа толғанда.

Кемелдік тауып, кеңдік те,
Елдікке үндеп, теңдікке,
Өрдіңіз сөзбен мұнара,
Махаббат пенен Ерлікке!

Тынбастан шарлап даланы,
Тынығып қана шамалы,
Сөзбенен емдеп жаздыңыз
Соғыстан қалған жараны.

Өтеді уақыт, сырғиды,
Ұшады бастан қырғи күн.
Сіз жазған әрбір шығарма
Жүрекке шуақ, нұр құйды.

Асудан асу астыңыз
Жалғандық десе қаштыңыз

Бауыржан батыр бейнесін
Аңызға орап аштыңыз.

Еңбекпен екпін еселеп,
Қажыған жоқсыз десе де.
Халима апай басына
Қойдыңыз аппақ кесене.

Жайдары, жаны жаз аға,
Тұныққа іңкәр, тазаға.
Махаббат жырын толғаңыз,
Азаттық жырын толғаңыз,
Жетіңіз жүзге, Өз-Аға!

* * *

Заринам «Ата!» депті, елжіредім,
Өзім де «Ата!» дейді» деп жүр едім.
Сабырмен қабылдайын қуанышты,
Соншама атқақтама, сен, жүрегім!

Заулаған құйындатып уақыт қандай,
Бесікте біреу солай оқытқандай,
Немерем тілі шығып «Ата» депті,
Бұйырды несібеме бақыт балдай!

Толқысам, тебіренсем, өлең өрдім,
Көрсем деп кеңеюін керегемнің.
Бәрін айт та, бірін айт: «Ата!» деді,
Қазақша тілі шықты немеремнің!

2008 ж.

АНАЖҮРЕК

«Балам аман болсын!» деп күбірлеген,
Арзу тілек естимін іңірде мен.
Адалдықтың уызы қанға тарап,
Ана сүтін бойыма сіңірген ем!

«Балам аман болсын!» деп бақ тілеген,
Анажүрек арманын тапты неден?!
Алмағайып тірлікте алыс кетсем,
Аққу сазы қанатын қақты өлең.

«Балам аман болсын!» деп күн кешетін,
Көздерінде көл тұнып, мұң көшетін.
Жалғыз қалған ананы аяймын мен,
Әлпештеген баладан мүлде шетін.

«Балам аман болсын!» деп жар салдырған,
«Бесік жыры» қалайша қарсандық ән.
Әлі күнге әлдилеп әуезімен,
Әлі күнге сазды әуен тамсандырған.

«Балам аман болсын!» деп көз ілмеген,
Бар анаға ғажайып төзім берген.

Адамдардан ізгілік күте алмаймын.
Анажүрек мейірін сезінбеген.

«Балам аман болсын!» деп еміренген,
«Балам аман болсын!» деп тебіренген,
«Балам аман болсын!» деп,
Бұл Өмірге
Анажүрек сені мен мені берген!

* * *

Темір емес төзімім мен шыдамым,
Теперішке шыдаудай-ақ шыдадым.
Болмашыға бола неге бүліндің,
Мені неге ренжіттің, шырағым!

Бермей келе жатсаң-дағы бәйгені,
Қарамауың жан-жағыңа қайғы еді.
Кеуде тұсым өкініштен ашиды,
Көңілімнің быт-шыт болды әйнегі.

Саған кенет құрметім де ортайды,
Дидарыңды әжім басып, әр тайды.
Жұлдыздарды көзге ілмей аспанда,
Жартыкеш Ай туа сала шалқайды...

* * *

Жан екен жанарының нұры тайған,
Түк қалмай түте-түте түбіт ойдан,
Жеткізбей-ақ қойыпты алыс арман,
Бақ баянсыз, сор жақын, үміт ойран.

Жан екен жанарының оты сөнген,
Жайбарақат – жебесең, жекісең де.
Қаның мұздап кетеді қапелімде,
Неменеге жырқылдап жетісем деп.

Жан екен жанарында сұрағы жоқ,
Қалғымасын қашанғы, қырағы боп.
Естігенмін құлақтан айрылды деп,
Естігенмін биіктен құлады деп...

Бәрі бекер, өмірдің соқпасы көп,
Талай мәрте тайраңдап, шоқ басып ек.
Тық-тық етіп жыныма тиді сағат:
«Тоқта, тоқта, тоқташы, тоқташы!..» деп.

* * *

Аспанында Ай жүзген түн бар екен,
Ай жүзінде кіреуке мұң бар екен.
Ақ жүзіне қайғысы із салмаған,
Айналамда, апыр-ай, кім бар екен?!

Жан сырымды кім менің тыңдар екен,
Тұңғыық түнде тылсым үн бар екен.

Аспанда жұлдыз ағып жатыр дейміз,
Ағып жатқан жұлдыздай жылдар екен!..

* * *

Бөліне берер ой, сана,
Бөлектенетін бөлшекпін.
Жүз түрлі бөгет қойса да,
Жолымды ұзақ өлшеппін.

Қашады түнде ұйқым да,
Қаусырар бұлты қайғының
Торыға берем күй тыңдап,
Тоқтайды жүрек қай күні?!

* * *

Көңілімде бір нала бар,
Кетпей қойды көптен-ақ.
Маған бөтен бір қала бар,
Көшелері шоп-шолақ.

Кеткім келді қиып бәрін,
Қимайтындай не қалды.
Тек жолдарым тұйықталды,
Ойлап сауап, обалды.

Қара жаңбыр ұрды тағы,
Кеше жауған, бүгін де.
Көктемеді жыр бұтағы,
Күн шықпады күлімдеп...

Көңілімде бір кейіс бар,
Оған және өзіме...
Кім тізгінді бірдей ұстар,
Бой алдырмай сезімге...

Дәрмен қайда сөз демдеуге
Мақұлдама, мақұлда...
Болар енді безбендеуге
Бәрін салып ақылға...

Көп ақылдан бас қазандай,
Көп кеңестен жалықтым.
Шұрқыраған асқазандай,
Ашықтым мен жаңа ұқтым.

Ашқан қарын тойынар-ау,
Қашқан қадір қиын-ақ.
Тоғышардың ойы нарау,
Тек ұйқыға ұйымақ!..

* * *

Тағдыр ма бақ ұсынған, тақ ұсынған,
Ажалдан ғана адам сағы сынған.
Амандық сұрап ылғи қол алысар,

Айрылдым тағы да бір танысымнан.

Құлагер жаңылғандай шабысынан,
Құдірет өткізбек пе тағы сыннан...
Ақырын күліп келіп қол алысар
Айрылдым тағы да бір танысымнан.

Қазақы қалжыңымен бал ұсынған,
Қайтпаған қандас үшін алысудан.
Көзімен ұқтыратын көңіл сырын
Айрылдым тағы да бір танысымнан.

Найзағай от тұтатқан намысынан,
Жетімді жебеп жүріп, нан ұсынған.
Етбауыр жақынымдай көрінетін
Айрылдым тағы да бір танысымнан.

Ол жақын еді талай алысымнан,
Ол ылғи шақыратын жарысуға.
Ай-күннің аманында аһ ұрғызды,
Айрылдым тағы да бір танысымнан.

Тұрмын-ай, кетіп бүгін салым суға,
Тұнады қос құлағым қалың шудан.
Айтпаған бір ауыз сөз көңіл қалар
Айрылдым тағы да бір танысымнан.

Қазақтың қамын ойлап жанұшырған,
Айналдым Алаш туған арыс ұлдан.
Алаштың азаматы – бәрі сұлтан,
Айрылдым тағы да бір танысымнан!..

* * *

Әнші бақтың таңдайын ән құрғатып,
Тәңіріден деп тілеп таңғы бақыт,
Алатауды қара бұлт бүркеп алып,
Алматы тұр тағы да жаңбырлатып.

Күйме мініп көк бұлттар көсемдеткен,
Найзағайлы жаз осы есем кеткен...
Күннің көзін көрмейтін болдық, жүде,
Тесік аспан күндіз-түн нөсерлеткен.

Жаз жеткенде қалайша қайғы аламыз,
Тойға кенен осы жаз, ойға нағыз.
Жасыл нұрға бөгіп тұр жан-жағымыз.
Жаңбыр әнін төгіп тұр айналамыз!

ЖАРЫҚ ТҮСІП ТҰРАТЫН

ЖОЛЫҢЫЗҒА!

*Болатжан
Абылқасымовтың рухына*

Сізді көргем, Ер Бөке, қоңыр күзде,
Сіңіргенсіз көп еңбек еліңізге.
«Қардай аппақ шашыңыз қалай?» – десем,
«Гартқанбыз, – деп күлгенсіз, – тегімізге!»

Ұқсайтынсыз нар тұлға тау ұлына,
Ықтасын боп ызғарда бауырыңа.
Ұлағатты ұстаздық жол ұстанып,
Мәшһүр едің ғалымдар қауымына.

Жаратқаннан дарыған сабыр бөлек,
Төзіміңе таңқалғам темір ме деп.
Жасы үлкен, жеткіншек деп бөлмей-ақ,
Жасайтынсыз алғаусыз небір көмек.

Арта салмай басқаға базынасын,
Баурағанда сөз сиқыр, саз ұнасым,
Ұзақ жылдар сарыла зерттедіңіз,
Фольклорын қазақтың – қазынасын!

Ақ кептерлер қонақтап қолыңызға,
Жарық түсіп тұратын жолыңызға!
Терме, толғау, айтысты жіліктеген
Талай мұра қалыпты соңыңызда!

Көне-жаңа наным мен сеніміңіз,
Жалғандықты жазудан жеріңіз.
Дәстүр-салтын, ырымын, ғұрыптарын
«Телқоңыр» деп қазаққа телдіңіз!

Бар бол, аға, – дейтін ем, – бар бол, аға,
Қалай сыйып жатырсыз тар молаға?!
Қабак ашпай тұр екен қарт Алатау,
Шыңдарына қарап ем қар бораған!..

ӨЗЕГІ ЖАЛЫН ӨР НАМЫС

Сейдахмет БЕРДІҚҰЛОВҚА

Ойменен ылғи кезетін,
Ормандай спорт әлемін.
Сиқырын сөздің сезетін,
Сипаты бөлек жан едің.

Өзегі жалын өр намыс,
Өз Елім деген ұл едің.
Тұнып та тұрған толғаныс,
Жырлайтын еді жүрегін!..

Талантты түмса таныған,

Тектілік бар-ды бойында.
Жігерін жастың жаныған,
Парасатпенен пайымдап.

Ақтарып дәстүр қатпарын,
Алқалап халық тілегін,
Қызыл сөз емес баққаның,
Көркем сөз десе түледің...

Көңілге шуақ енетін
Көрінсе таныс түр-тұлғаң.
Айтып та айтпай келетін,
Ажалға ара кім тұрған...

Сіз үміт артқан ұландар
Қазақтың туын жүр ұстап.
Әлемді шарлап қырандар,
Ұран боп ұлтқа, ұлысқа...

Бір кара нөсер толастап,
Сәукеле шындар көрінген...
Тұрады бейнең сол асқақ
Тәуелсіз елің төрінде!

ТОПАН СУ. ТАСҚЫН. 2010

Ақ қардың, көк мұздың үстімен сырғыған,
Қызыл су шаяды іргесін үйлердің...
Ауылым ақырын батады құрдымға,
Ақыры жеттің бе ақ кебін киген күн?!

Кемедей қисайған көп үйдің мұржасы,
Кеңірдек секілді көк жендет суырған...
Көлкіген су кешіп, таусылған мұршасы,
Көршімді көремін әл кеткен буыннан...

Боғастың арнасын бұзады көк тасқын,
Бауырдың басынан ұшады базары...
Топан су жалмаған бақытын жоқтастым,
Тағы да тағдырдың тәлкегі, мазағы...

Базардың арнасы көктемде толатын,
Байқамай қалуға сылтау да жоқ, жүдә...
Көл-көсір ырыстың мекені болатын,
Көк мұнар көтеріп тұратын Көкжыра!

Кетсем де жыраққа көл кешіп, тау асып,
Өзіңмен бір еді қуаныш, қайғым да!
Ақ қарға оранған Ақсуат даласы,
Айналып кеткендей ақ теңіз, айдыңға!..

Елеусіз қараған талай дерт асқынған,
Енжарлық дендесе, жол қалай жалғанбақ!
Тарбаға-тай-дағы топан су, тасқыннан,
Талайлар қалды аман тек қана тал қармап...

Әр пенде өмірден өлшеулі сый алған,
Түбіме бейғамдық жетумен келеді...
Жантікей.. ауылым, ұшып ем ұяңнан,
Жаралы халіңе жәрдемім не менің?!

Біз жүрген көшені көк тасқын шайыпты
Мектеп те, кеңсе де, дүкен де... құлаған.
Табиғат апаты десек те айыпты,
Қалайша жол бердің, жарандар, мынаған?!

Бір басқа үміт те, күдік те сыймай ма,
Сан соғып қаламыз біз ылғи неге, осы?!
Көк қақпа, сұр шатыр, ақ шаңқан үй қайда,
Жадымда жаңғырар бал дәурен елесі...

Тоқсанда қария... тастамай лашығын,
Тізеден су кешіп... еңкілдеп жылапты.
Ауылдас бауырлар айтады ашынып,
Тұтқиыл тап болған зор нәубет, сынақты...

Қырылды мал басы, қисапсыз шығын да,
Адамдар аман деп, келесің тәубеге...
Жетпейді санаға, сыймайды ұғымға,..
Қапыда қаламыз біз ылғи, беу неге?!.

Тарқата алмаспын жазып шер күйімді,
Ескерткіш орнатсам деуші ем мүсіндеп...
Мен өскен ауыл жоқ... орнында үйінді...
Көрем бе сонда тек... сонда тек түсімде?!.

ТАБИҒАТЫМ

Қаңтар менен ақпандай,
Айдыңға мұз қатқандай...
Біреу келіп сол мұзға
Сүймен соғып жатқандай...

Сәуір менен мамырдай,
Бүлкілдеген тамырдай.
Бірақ, қарай алмайсың
Айналаңа аңырмай...

Шілде менен тамыздай,
Ақиқат пен аңыздай.
Күн қақтаған күре жол
Созылады сағыздай...

Қазан менен қараша,
Қырға төсеп алаша...
Қайтқан қаздан сұрайсың
Қу жаныңа араша...

Алмасқан төрт маусымдай,
Айтарымыз таусылмай,
Бойды кернеп күш-қуат,

Қиындықты қаусырғай...

Табиғатпен туыстық,
Ата жолын қуыстық...
Қазақ болып туған соң
Қас-қабақтан ұғыстық...

Тамшы нұрдан жаралдық,
Түйір дәннен нәр алдық,
Аймен бірге ескірдік,
Жылмен бірге жаңардық!..

**АЛМАТУ –
АЛМАЛЫҚ –
АЛМАТЫ**

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты!
Бұл қала сан мың жыл жасаған,
Басқанша орыстың солдататы...

Замандар алмасқан қаһарлы,
Базардан табасың баһарды.
Қытайлық шежіре шертер сыр,
Алмату деп атап шаһарды...

Жібек жол бойында гүлдеген,
Жібек жел соғатын іргеден,
Оғыландар ордасы еді ғой,
Оранған үлде мен бүлдеге!..

Самарқан, Тараз бен Шам-сынды,
Самала өткерген маусымды.
Қытай да, Жоңғар да, Қоқан да
Шаһарға көз сүзген тау-сынды...

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты!
Дәуірлер алмасып жатқанда
Дәуірлеп тұратын зор даңқы!

Шыңғыс хан әскері жайпады,
Шындықты шежіре айтады.
Отырар секілді ойран боп,
Шаң қапты Алмалық, байтағым...

Жар асты қасірет жоқ деме,
Ғасырлар көшіпті көптеген...
Замана дауылы астында
Сағымға көмілді көк төбе...

Самогон, сыраға мәңгі мас,
Мұжықтар келді де қаңғыбас,
Бұрынғы Алматы үстіне
Верный деп бекініс салды, рас...

Казактар мұз қару асынды,

Тонады тауымды, тасымды.
Айнала ауылды ойрандап,
Қонақжай қазақты басынды...

Демеймін көнені әрлейін,
Танытқан отаршы тар пейіл...
Мәңгірттер масайрап құптайды
Патшаның жымысқы дәргейін...

...Жүз елу жыл бұрын болған іс,
Өртелді ну тоғай, нар қамыс.
Бекініс қазақты қорлады,
Тапталды аяққа ар-намыс.

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты!
«Бекініс!» деп кеуде ұрғанға –
Бұрғанға шындықты бар датым!

Біреулер тас бітеп құлағын,
Байырғы халықтың тұрағын:
«Бекініс болғанға дейін бұл –
Не болған?» – деп қояр сұрағын...

Қорымды қазғанда жақтық ой,
Ғалымдар дерегі нақты ғой:
«Алматы» деп анық жазылған
Мың жылдық дирхамды тапты ғой!

Тегімді телісе жабайы,
Бұл нағыз надандық анайы...
Екі мың жыл бұрын шаһарда
Болыпты «Теңгенің сарайы»!

Болған ғой өндіріс, зауыт та,
Қызғанған жатжұрттық жауыққан...
Қозғайды көнеден көп сырды
Қыш көзе, темір жақ, сауыт та!

Алмату – Алмалық – Алматы,
Айбынды тарихта қалды аты –
Ардақты ұлдары қазақтың
Атағын аспанға самғатып!

Айналып қосамын өлеңге,
Арудай ақ нұрға бөленген,
Ақ бұлттар жүзеді төбемде,
Алматы тарихы тереңде!

Аңызға арқау ғой әр тасы,
Жасырған көп жұмбақ жартасы,
Дүр гауһар секілді нұр шашқан
Алматы – Алатау алқасы!

**ҚАЗАҚТЫҢ СЕРТІ –
КӨК ТУЫ**

Көк тудан көрем алтын Күн,
Көгімде самғап қыраным.
Көнермес дәстүр-салтымның,
Танимын мәңгі тұрағын.

Көк тудан көрдім қыран құс,
Көтерген Күнді арқаға...
Азаттық, саған мың алғыс,
Бостандық, саған мархабат!

Көк тудың көркем көк түсі,
Аспанмен анау астасқан.
Елімнің берен тектісі,
Елдермен ерен достасқан.

Көк тудан көрем керемет,
Кендікке кенен келер күн.
Байлықтан тауып берекет,
Көтерген даңқын өнердің.

Көк туды тұтас кемелдік,
Ерліктің тағы табы бар.
Бірлікке бекем кенелдік,
Береке содан табылар.

Көк туға қарап ояндым,
Көк аспан сынды Күн жүзген.
Төңірек көкке боянды,
Өмірін Тәңір жүргізген.

Көк тумен бірге көгерем,
Көктейді көктем көңілде.
Кеңейді бүгін керегем,
Мен қайта келдім өмірге!

Қазақтың серті – Көк Туы,
Желбіреп дәйім жебеген.
Қазақтың әні – текті үні,
Киелім еді не деген!

Шуағын шашсын таң нұры,
Шарлаймын байтақ жерімді.
Туында тұр ғой тағдыры –
Тәуелсіз Қазақ Елінің!

ӨСКЕМЕН – СЕМЕЙ

Өзгеше үйлесімді хош көремін,
Өлеңмен өрген сырды дестеледім.
Ертістің омырауында жарқыраған,
Қос орден – Семейім мен Өскеменім.

Тапқанмын қиналғанда дос көмегін,
Табынып туған жерге өскен едім.
Ертістің бұрымына тағып қойған
Қос шолпы – Семейім мен Өскеменім.

Өмірдің сан жұмбағын шешкен едім,
Өкінгем тимеді-ау деп еш көмегім.
Шығыстан таң алдында көрінетін
Қос жұлдыз – Семейім мен Өскеменім.

Басымнан алуан дәурен кешкен едім,
Байсынға бар мұнымды кеш бөледім.
Алтай мен Тарбағатай қорған болған
Қос қамал – Семейім мен Өскеменім.

Өрлеген кездерім көп төске менің,
Өткенін өстіп жылдар ескеремін.
Бірінен бірі сұлу көрінетін
Қос ару – Семейім мен Өскеменім.

Көп жылдар ары-бері көшкен едім,
Көремін көштің ізі өшпегенін.
Біріне жетсең, бірі жеткізбейтін
Қос қиял – Семейім мен Өскеменім.

Бес күндік тірлікте бұл бес келемін,
Көремін өз көзіммен өскелеңін.
Шығыста таңсәріден оянатын
Қос қария – Семейім мен Өскеменім.

ҚАЙРАН, ҚАСЫМ!

Жыр жазса, жалт ойнатқан, ақын Қасым,
Жанымдасың, сен маған жақындасың.
Сөз– майдан, қып-қызыл өрт ішіндеміз,
Жолында жақсы өлең ғапыл басым.

Сұрапыл жанартауың ұшқын атқан,
Сөз– жебең зымыраған ұшқыр оқтан.
Қызылдан ұшып шыққан қырғи ақын,
Есімің ел-жұртыңа күшті мақтан.

Қайырылып көне жолдың сорабына,
Қарадың Балқаш, Ертіс, Оралыңа.
Қазақтың елін, жерін сонша сүйдің,
Сыйладың сөз қымызын қонағыңа!

Алашқа даңқы асқан Қасым ақын,
Дауылдай өртке тиіп, басылатын.
Шебері өлең сөздің шыққан дара,
Шумаққа жойқын сезім жасыратын.

Алатау...Атамекен... Бурабай... деп,
Өлеңің өр өзендей тулады-ай кеп.
Соншама нөпір сезім таңқалдырар,
Секілді нөсер жауын жуған әйнек.

Қаһарлы жылдар жүгін арқаладың,
Жаһанның жырға қостың шартарабын.
Қаншама тағдыр жүгін артса-дағы,
Қайралды, мұқалған жоқ нар талабың.

Еліне ерке Қасым, қайран Қасым,
Еншіңе күтіп тұрды қайдан да сын.
Жауызды сұм соғыста жойған басың,
Жырыңмен мәңгі-бақи майдандасың.

Зор дастан өзің жайлы жаздың өзің,
Қаңтар боп қар боратар жаз мінезің.
Асау жыр аяулындай ыстық тартар,
Алаулап баурағанда назды сезім.

Сырнайлы сазға толы сәуір жаны,
Тағдырдың тосса да ылғи ауыр жағы.
Қайыспас қайсар рухты, қайран Қасым,
Қазақта қара өлеңнің Бауыржаны!

Тілдескен жас ұрпақпен күнде бірге,
Ұмытпай дулы дүние дүрмегінде.
Қиындық атаулыны кешіп жүріп,
Соншама ынтық болды нұрлы өмірге.

Ғажайып нұрлы дүние – думанды елін,
Мәңгілік ардақтауға буған белін.
Арманда өткен қайран Қасым ақын,
Бір ғасыр бұрынырақ туған ба едің?!

Жеткен бе жақсы жырға жұрт ақылы,
Жаңғырып жатар онда ұрпақ үні.
Құбылыс – заманынан озып туған,
Қазақтың Қасым нағыз ұлт ақыны!

АЛТЫН ҚАЛАМ

*Ғабе, мен анда-санда Сізді көрем,
Сізді көрсем, жомарт бір күзді көрем...*

Мұқағали.

(Ғ. Мүсіреповке арнау өлеңінен).

Мұқағали мұң шаққан жоқ мұндарға,
Мұңсыз мұндар ұлы ақынды тыңдар ма.
Ғапыл дүние сырын кіммен бөліссін,
Ғабең сынды сөз зергері тұрғанда.

Өз үйінде Ғабең сырбаз қалпында,
Радиодан өлең тыңдап, ән тыңдап
Отырғанда, Мұқағали кіріп кеп,
Жыр оқыды алдаспандай жарқылдап.

Сәлем берді қара сөзге қанатты,
Қара сөз де қабаққа мұң қамапты.
Оңашада ой бөлісті қос алып,
Талант қана таниды ғой талантты.

Жыр оқыды толқын-толқын, тізбектеп,
Жыр оқыды Ғабенді өзі іздеп кеп.
«Айналасы өлең сөзді ұқпаса,
Асыл сөзден ақын күдер үзбек» – деп.

Мұңын шақты Мұқағали Ғабене,
Онда тұрған құпия жоқ дәнеңе:
Сөз қадірін түсінгендер азайып,
Өлең сөзден өше ме деп өнеге...

Мұқағали өлеңдерін бағалап,
Ғабен ылғи сүйсінетін қабағат.
Дәл мынадай екеуара ой кешу,
Дидарғайып әлем ашты ғаламат.

«Үлкен ақын Мұқағали дау бар ма?
Уитменді қалай шебер аударған...
Қара өлеңнің қасиетін шын ұғып,
Дантеменен шыққан екен заңғарға...»

Ғабен жиі «Беломорды» тұтатты,
Өзі жонған қолына алып бұтақты...
«Аққулар...»-дың қолжазбасын парақтап,
Арасында «Браво!» деп тіл қатты...

Өлең оқып, Мұқағали өр, асыл,
Өрнек ашып өзгеше бір жарасым.
Ғұмыр мәнін өлшеп қойған ақынға,
Ғабен сонда ұзақ сынай қарасын.

Мұқағали сырын төгіп, жырын да,
Бата күтіп отыр, бәлкім, ырымдап.
Шым-шым ойға батты өзі, жүретін,
«Шалға келіп жолықсам» деп, бұрын да.

«Сөзден сарай соққан асыл қазынам,
Саған ауыр тимесе екен базынам.
Кештеу келіп, мазаласам, кешіргін,
Ғашық едім сиқыр сөздің сазына!..»

Екеуара ұғысқандай қабақтан,
Екеуін де Алла ерек жаратқан.
Сөзге сөздің көлеңкесін түсірмей,
Көздегенін мүлт жібермей, дәл атқан...

Сөйлер сөзін,
Андап басқан қадамын,
Көңілімен танитұғын адамын.
Ғабен сонда бір-ақ ауыз сөз айтты:
«Мұқағали, мұқалмасын қаламың!».

Түсінікті Мұқанның да күй, халі,
Тіршілікте дүнияға сыймады.
Отты жырдың ордасы бол дегендей,
Ғабен оған Алтын қалам сыйлады!

Бұл баллада – жыр-тағзым деп санаңдар,
Ұлылардан ұлағат ал, жарандар.
Қарасазда – музейінде Мұқаңның
Жарық шашып тұрған Алтын қалам бар!

КӨКТАЙҒАҚТА

Жөн сұрастық, тоқтай ғап,
Көше көк мұз, көктайғақ...
Бұл өмірде көп ғайбат,
Қапылыста құт қонбақ,
Байқаусызда бақ таймақ!..

Оймен өлшеп, екшеңіз,
Көше тұтас көкше мұз.
Ауа қармап құлаймыз,
Көтерілсе өкшеміз...

Көгерсін деп көсеген,
Көлгіруге не себеп?!
Мына тірлік не тірлік
Мұзға жамбас төсеген?!

Айтсам, Адам нанбайды,
Мұз үстінде жан қайғы...
Миымызды шайқадық,
Мұзға соғып маңдайды!..

Мақам төгіп мақпузға,
Масайраған жоқпыз ба?!
Талай адам құлапты
Тайғанақтап көк мұзда...

Түске кіріп сүрі қар,
Мұз ерімес түрі бар...
Жүрегімнің түгі бар
Табанымның бүрі бар!

Өнбес іске құрма дау,
Өкпе артып құр нарау.
Өмір өзі мұз айдын,
Өнер екен сырғанау!

ПЕРЗЕНТТІК ПАРЫЗ

Көп қағида ескірер де көнерер,
Көп қасида емексітіп не берер...
Құстың сүтін тапсам, бәлкім, сатармын,
Туған жерді сатпаймын ғой, сене бер!

Серттесейік төс қағысып, қол алып,
Жер бетінен кетпеске құр жоғалып...
Жаһан кезіп, шарласам да әлемді

Туған жерге ораламын, ол анық!

Заман сөзін ерте деме, кеш деме,

Керуен-керуен жүгін артып көш келер...
Топырағына кіндік қаным төгілген,
Туған жерге жетпейді ғой ештеңе!

Төбеден жаңбыр болып жаусын шаттық,
Өтерін қашан білдік маусым шақтың.
Арыған Ай секілді ілмидік те,
Тақалды таусылуға таусыншақ күн!..

Демеймін мен Тәңірге текке сенем,
Көгерер өлеңменен деп көсегем,
Жанымда менен басқа бір пенде жоқ,
Жалаңаш қолыменен от көсеген!..

Бір шырақ әр кеудеге жақсақ ұдай,
Алғашқы ақ махаббат аңсарымдай.
Шығармын қара бұлттан найзағай боп,
Сіңермін көкжиекке ақ сағымдай!..

Мынау шеткі зәулім үйге қарашы,
Мың терезе жарық шашар кешкұрым.
Маған ешкім қарамайды жаны ашып,
Мен танымай, білмей өтем ешбірін...

Қаланған ба қабырғасы әйнектен,
Сом темірден шығар, бәлкім, ұстыны...
Зәулім үйде көп қуаныш, қайғы өткен,
Біреу күліп, біреу жылап, қыстығып...

Тамызықтан жылу, жарық алып бар,
Тымырайған ашар сонда түн сырын.
Терезелер... өшіп, жанған жарықтар...
Телміретін менің мәңгі тылсымым!..

Қымтап, орап тастады қаңтар қары,
Тал, теректің көрсең ғой аңтарғанын.
Бас шұлғуға келмейді шамалары,
Қандай күйде даламның тарпандары?!.

Қылаулап-ақ қалыңдар қыстағы қар,
Қардан соң да табиғат қыспағы бар.
Қарындастан сұрасам «тоңдың ба?» деп,
Қаракөзім сол сөзден тұспал ұғар...

Биылғы қар біртүрлі мақтадай қар,
Бағаналар сапта тұр сақтап айбар.
Балпанақтай жыл өтіп кетіпті ғой,
Тағы әкелді қаңтарға аққан айлар...

Сары күз,
Сары дала,
Сары бояу...
Сарғайып бара жатыр бәрі баяу,
Сары қазан салқыны жауратқанда,
Санамдағы сол ескі сарын ояу...

Сары күз,
Сары қала,
Сары бояу...
Сары көл, ал жасыл түс тарыдай-ау.
Сары көйлек киіпті биші қайың,
Серуенге шыққанның бәрі жаяу.

Сары күз,
Сары дала,
Сары бояу...
Сен неліктен мұнайдың, Кәрібай-ау,
Жан емес ең жабырқау, жаны қаяу.
Оралмайтын көктемді ойладың ба,
Бұйырған ба бізге сол бәрін аяу...

Оңаша қал демексің маған қалай,
Замана қас қабағын бағамдамай,
Жаһандық жанталасқа жан ауырмай,
Жапырақ шуылына алаңдамай...

Себетін жүрекке нұр сезім қайда,
Сезімсіз қалармысың өзің де ойға.
Ақылдың ауылында адасамын,
Жүргендей тас түнекте көзім байлап...

Бір күнім ұқсамайды бір күніме,
Бояудың әуес болып түр-түріне,
Ақпанда мұз үстіне алау жағып,
Шілдеде қырау қатып кірпігіме!..

Ақынға бұйырғаны ғазал ғұмыр,
Ақыры тартармын-ау жазамды бір...
Отырам жарым түнде жарық жағып,
Жаныма жай таптырмай мазаң дүбір...

ЖЕГІ ОЙ

Қадірімді жақын білмей, жат білген,
Ащыны да, тұщыны да таттым мен.
Түсінгеннің төбесінен түсе алмай,
Қызғанғанның табанында жаттым мен.

Өнерімді бұлдамадым, сатпадым,
Өнегелі бұлалықты сақтадым.
Ең алғашқы махаббатым тас керең,
Ешқашан да оған кінә тақпадым.

Азабымды арқаладым, төземін,
Өкініштен өртенсе де өзегім.
Адырнасын аңыратам садақтың,
Ең ақырғы келген кезде кезегім.

Сезімімді жеңдірсем де ақылға,
Өзімді өзім жүрген жоқпын мақұлдап.
Аяулы арман алабөтен алдамшы,
Алыстайды, қалады да жақындап...

Базарымды тарқатпасам деп ерте,
Базынама түсірмей-ақ көлеңке.
Кеш оянған махаббатты мүсіркеп,
Күні біткен арманымды көгертем.

Пешенеме не жазғанын білем де,
Пәруайым, қамшы басам күреңге.
Мазалайды кейде мені бір сауал:
Өлеңіммен мәңгі ғұмыр сүрем бе?!

ҚАЙТСЕМ ЕКЕН...

Таңғажайып түстей жастық дәурені,
Тар кеудемді тас-талқан ғып тусын ән.
Қайтсем екен, ұстатпаған сәулені,
Уақытты уысымнан сусыған...

Шұғыладай түріп тастар түнекті,
Шамшырақтай шақыратын жырақтан...
Қайтсем екен, аласұрған жүректі,
Жер-көкте жоқ бояуларды ұнатқан.

Жарға соғып жынды сезім жеңілген,
Кұшағында құндақтай ма кең дала.
Қайтсем екен, елегізген көңілді,
Қапияда табылмайтын ем-дауа.

Қалың орман жас шыбықты жоқтап тұр,
Қоздатады қоңыр әуен, қоңыр мұң.

Қайтсем екен, құмға сіңген соқпақты,
Қалаларды жұтқан осы обыр құм...

Қайтпаса да қан қызылдан меселім,
Қармағыма ілінбейді ақ шабақ.
Қайтсем екен, сынып қалған кесені,
Құйған едім мөлтілдетіп от-шарап..

Қоңыр күз кеп жұтатса да маңайды,
Қартаюды жазбаған ғой ақынға.
Қайтсем екен, қырау шалған самайды,
Қар бораған қаңтар, ақпан жақын ба...

Өмір мынау асау өзен ағынды,
Адамдар аз қонған биік тұғырға.
Қайтсем екен, жеткізбеген сағымды,
Арманменен аяқталар ғұмыр ма?!

Жетім жүрек дей алар кім жұбанды,
Ғасыр артық көрінер ме ғасырдан.
Қайтсем екен, тұмшалаған тұманды,
Таудың алып тұлғасын да жасырған.

Махаббаттың нүктесі жоқ сөйлемі,
Маған дейін жырлап өткен мың ақын.
Қайтсем екен, ұмытылмас бейнені,
Көз алдымда ылғи күліп тұратын.

Жел мүжиді қара жартас төзімді,
Қалай ғана күн кешемін сағынбай.
Қайтсем екен, қақ жарылған өзімді,
Жігіт сезім Шал ақылға бағынбай...

* * *

Жаурап-тоңып, жаурап-тоңып,
Жеттім эзер шілдеге!..
Жақын-жатқан аулақ қонып,
Жатқандаймын түрмеде!...

Алыс-жырақ, алыс-жырақ,
Армантау мен Көктөбе!..
Таныс жолдар, таныс бұлақ,
Тепті мені өкпеме!...

Сары мұнар, қара мұнар,
Сеңдей көшіп барады..
Тағдыр осы араны бар,
Кім қапыда қалады?!

* * *

Іргеде тұрар уайым,
Қапталдан қағып қайғы да.
Бұлыңғыр өтті бұл айым,
Адасып арман айқұла!...

Бауырды езіп барша мұн,
Жүректе сыздап дерт ескі...
Қарадан қарап шаршадым,
Түсіме кірді Ер Төстік...

Зым-зия көркем елестер,
Жұтылды қара түнекке...
Бұл түсім өңім емес пе,
Басыма әкеп түнеткен?!

* * *

Тұрсақ та біз бойында бір көшенің,
Қиыспайды жолымыз бірнеше күн.
Айына бір көргенде бас изесіп,
Ашпай тұрар қу көңіл ілгешегін...

Ін-құжыра қол созым, дәл іргеде,
Іздемейді ағасын бауыр неге?!
Жақыныңды жаныңда жатсыратып,
Жік-жапар боп жатамыз кәуірге де!..

Азаматтың адамдық заты нағыз,
Артық айтты десеңіз, бақылаңыз.
Ағайынның қадірін ауырғанда,
Айрылғанда білеміз! Аһ ұрамыз!.

* * *

Жылды жаптым,
Айды аштым,
Жаңармас-ау, жан, дене...
Ұйқы қашты,
Қайғы басты,
Мазалайды әлде не?!

Жылым анық,
Күнім күмән,
Бастағы шаш – ақ селеу...
Әр сәт қымбат
Бұрынғыдан,
Өкінесің өтсе, беу!..

Жылдар озғақ,
Жамал тозғақ,
Бар ма бұған амалың?!
Нала қоздап,
Өлең боздап,
Неден медет табамын?!

ЖАНЫМДЫ ҚОЯРҒА ЖЕР ТАППАЙ...

Ақ шыңнан асуды жобалап,
Арманың тұншықса, обал-ақ...
Жанымды қоярға жер таппай,
Жатырмын еденде домалап...

Қуаныш, қайғыны тең бөлдім,

Қанша рет тірідей көрге ендім...
Жанымды қоярға жер таппай,
Жарым түн қойнында сенделдім...

Қол ұшын, Құдай-ау, кім бермек,
Тіршілік тарылды түрмем боп...
Жанымды қоярға жер таппай,
Жасымды жұтамын тым кермек...

Барар жер, басар тау қалмаған,
Жәутендеп қарайды жар, балам...
Жанымды қоярға жер таппай,
Жаратқан алдында зарланам...

Жарықтан Ай күлді табалап,
Жабысқан дерт шығар маған-ақ!..
Жанымды қоярға жер таппай,
Жар шетін жүрмін сол жағалап!...

Түспеді езгі мұң еңсемнен,
Тағдырдың тезінен теңселгем...
Жанымды қоярға жер таппай,
Жұтамын керемді керсенмен...

Түнкезбе пенделер не білген,
Тозыпты төзімім темірден...
Жанымды қоярға жер таппай,
Шегініп барамын шебімнен...

Қайтесің қосыла қамығып,
Қарайды, Ай сырға тағынып...
Жанымды қоярға жер таппай,
Құрдымға құлайды бақ-үміт...

Көмейде кептеліп тас тұрды.
Жаралы халінде қасқырдың,
Жанымды қоярға жер таппай,
Жойдасыз бұл сырқат асқынды...

Зырлайды уақыт зырлауық,
Бүйірге шаншылды бір қауіп...
Жанымды қоярға жер таппай,
Аюдай ақырдым құм қауып...

Қарғалар қарқылдар қабағат,
Мен –жұмбақ жолаушы, жамағат.
Жанымды қоярға жер таппай,
Жазған бұл жырларым аманат!..

* * *

Ұмыттық қой сауап пенен обалды,
Ұрпақ үшін деген ұғым жоғалды!
Адамзаттың бар байлығы тоналды,
Асыл заттан тоналмаған не қалды?!

Ардақ сезім, аяулы сөз тапталған,

Бастан ұшып баянсыз боп бақ қалған.
Мұрам қайда күміспенен күптелген,
Ұран қайда алтынменен апталған?!

Жұтып жатыр жұтатынын обыр құм,
Даңғазасы құлақ жарды тобырдың.
Қара қайғы кеміреді жүректі,
Қайда қашып кетті екен қоңыр мұң?!

* * *

Жалғызбын...
Жанарымда түн ұйыған,
Жаратқан жаппар ием сыйы маған.
Жападан-жалғыз қалып тыңдағанда,
Жай қоңыр күй ұнаған!

Жоғалған...
Жаһан кезген жалғыз әнім.
Жауратқан жан-дүние таңғы зарым.
Жанынан қызыл-жасыл жәрмеңкенің,
Байқаймын, оралмастай, мәңгі ұзадым...

Дел-салмын...
Жұбату жоқ, жабырқау да...
Жан-жағым жасыл әлем таңырқауда.
Жол-сапар басқа жаққа барады алып,
Жетсем деп армандап ем Тәңіртауға.

Қалжырап...
Жар құлатқан еркіндігім.
Жандауа сарын іздеу – сертім бүгін.
Тау астым, теңіз кештім, сай құлдадым,
Жандәрмен тапсам ба деп жер кіндігін.

Неліктен...
Үміт үнсіз, үрей керең...
Сан сауал қабырғаға тірей берем.
Данышпан шығар, бәлкім, ана бір шал:
Дүние бұл опасыз, дүлей деген!..

ОР БАСЫНДА

Жауды қайдан табасың?
Дәл қасыңнан .
Танымайсың маңдайда таңбасынан,
Жар басында тұрғанда жалт береді,
Жандайшаптар жаныңда жорғасынған.

Жауды қайдан табасың?
Дәл іргеден,
Туыс деген, дос деген, тамыр деген...
Өзекжарды өлең ғой – сол мәңгілік,
Өлшенбейді өткелек өмірменен.

Жауды қайдан табасың?
Ор басында.

Қарғасын да арбасын, алдасын да...
Ақындарың өледі – аярлықтан,
Батырларың – бір оқтық қорғасыннан...

ЖЕТІНШІ АЛТЫН

Лондондағы ХХХ Жазғы Олимпиадада
Қазақстан қоржынына жетінші алтын
жүлдені салған толағай Серік СӘПИЕВКЕ

Қазақ елі – мықты елміз,
Бәйгеге бас тіккенбіз.
Жетінші Алтын жүлдені,
Серік, сенен күткенбіз!

Өзгеден мен кем бе едім,
Тереземіз тең дедім.
Жойқын болды жеңгенің,
Серік, сен ең сенгенім!

Серік, сенің жеңісің –
Өр намыстың жемісі!
Сондықтан бұл тым қымбат
Байтақ Қазақ елі үшін!

Серік, сенің Алтының,
Артық содан, жарқыным.
Ақтадың сен сенімін
Қалың қазақ халқының!

Серік, сенің мәртебең –
Сұрапыл күй, өрт өлең!
Семсеріндей қазақтың,
Сертке таққан ертеден!

Серік, сенің соққыңа,
Төзетін жан жоқ, сірә!
Абыройымды асырдың,
Альбионда бақ сынап!

Жарыстарға жасан да,
Тек өрлей бер, бас алға!
Жетінші сан қазақта
Қасиетті қашан да!

* * *

Көк-жасылға малынып тұр бау-бақ та,
Қоңыр салқын самал есті тау жақтан.
Көңілімнің көлін шайқап, кенеттен,
Кісінеді жетім құлын аулақта!..

Жүрек мынау сүйіп көрген, күйіп те,
Күн кешкенмін төбем көкке тиіп те!
Көңілімнің түпкірінен түн түріп,
Бір бозторғай қоңыраулатты биікте!

Кештік бастан кесір тағдыр жазуын,
Шатастырып аққу сазын, қаз үнін...
Көңілімнің көзінен жас тамшылап,
Көкжал сезім ақситады аузын!...

БЕС КҮНДІК ЖАЛҒАН

Жыладық ерте, кеш күлдік неден,
Жолайырық тұр ешкім күтпеген..
Қазақтың қатал кесімін қара –
Тірлікті мына бес күндік деген!

Арбайды көзді жырақтан елес,
Құлатар құздан сұратқан егес...
Тыпырлап жүріп не тындырасың,
Бес күндік тірлік – бір апта емес!

Ерте өлеміз бе, кеш өлеміз бе,
Бес күндік тірлік пешенемізде....
Құстармен қимай қоштасып тұрмыз
Жапырақ жолға төсеген күзде...

Мал жинадың ба, бал жинадың ба,
Мәз болып шыққан әр жинағыңа...
Соңыңда сонда сөз қалады ма:
Шындық шежіре, қалжың қағида...

Қарызың аз ба, арызың көп пе,
Таптың ба дауа нағыз індетке?!
Мойындай алмай барасың ба ақыр
Махаббат-ғұмыр парызым деп те?!

Бес күндік тірлік өтер басыңнан,
Асау өзендей тасып, басылған.
Бұлағай дәурен қолын бұлғайды,
Сынаптай сырғып, қашып қасыңнан...

Жүрекке жара, сызы дыбысқа
Түседі түбі. Үзігі нұсқа...
Басыңнан дәурен бұлбұл ұшады,
Бес күндік жалған қызығы қысқа!..

ШАРЖДАР ШЕРУІНДЕ

Еркін Нұразханға

Мұрын жайлы сөз болғанда,
Мойындауға хақылысыз,
Қырыңыздан қарағанда,
Құдды авар ақынысыз!

Кескін десе бөгелмей-ақ,
Тәңір өзі қостағандай.
Бәрін көрсін дегендей-ақ,
Беріпті көз тостағандай!

Әзіл-оспақ ағытыңыз,

Қалжыңдаңыз, қағытыңыз.
Шарждардың шеруінде
Шамырқансын шабытыңыз!

* * *

Бұл қалада таныстарым қоғадай,
Бейтаныстар мың қанша.
Енді соның ешбіріне жоламай,
Жалғыз қалып тұрған шақ!...

Бұл қалада біреу мені күте ме,
Бәлкім, көрсе, танымас та көзкөрген...
Ақ бораннан көз ашпаушы ед түтеген,
Қала қалай осыншалық өзгерген!

Ауа райы Алматымен шамалас,
Сап-сары күз, тамылжыған алтын күз.
Адам – ағын, алды-артына қарамас,
Біз бөтенбіз, суп-суықпыз, салқынбыз...

Жел өтінде қалған жандай жаурадым,
Жан жүректі жылытар жан қайда бар?!
Адамдардың, автолардың тізбегін
Жұтып жатыр алып қала – айдаһар!...

СҰРАПЫЛ

Ақыл айтпа, тұра тұр,
Арыз айтпа, тұра тұр,
Апақ-сапақ... басыма
Бір ой келді сұрапыл...

Қуартады құр ақыл,
Құр ақылға құл ақыл.
Буырқанып құлаққа
Бір үн келді сұрапыл.

Қаңбақ қашқан құба қыр,
Жауап күтті жұбатыр.
Жан-дүнием жаңарып,
Дауыл соқты сұрапыл.

Көкте Тәңір ұнатыр,
Көптен тілек сұратыр,
Кепкен ындын жібітіп,
Төкті нөсер сұрапыл.

Өзге түр ғой – мына түр,
Бүйрегінді бұра тұр.
Қурағанды, ескіні
Өрт жалмады сұрапыл.

Дүлей күшін сынатыр,
Жолында тау құлатыр,
Өзенінде көңілдің
Сең қозғалды сұрапыл.

Сергелденде сынатыр,
Селдететін жыр ақыр,
Сексен түсті бояуы
Сезім осы сұрапыл!

ЖЫРАУЛАР РУХЫ

Тарланды таң асырып, ақтангерді,
Қорғаған жан аямай жатқан жерді,
Жадымда жаңғыртады жорық жырын
Шалкиіз, Асанқайғы, Ақтамберді.

Жорыққа дабыл қағып таңғы аспаны,
Жарық пенен қараңғы алмасқаны...
Батырлық пен жыраулық қос қанаты
Доспамбет, Тәтіқара, Марғасқаның.

Елім деп атқа қонған ердің ері.
Елдіктің туын ұстап ардагері,
Даланың дауылындай сөз боратқан
Дәстем сал, Қожаберген, Сегіз сері.

Шабатын жүйрік ылди, өр таңдай ма,
Шабытсыз өмір-өзен ортаймай ма?..
Намысты қалғытпайтын сөз қалыпты
Үмбетей, Бұқар жырау, Шортанбайдан.

Қаныңда отты толқын тулататын,
Ғасырлар қатпарынан үн қататын,
Қазақтың ар-намысы, жан дауысы –
Қазтуған, Махамбет пен Дулат ақын.

ҚОЖАБЕРГЕН ЖЫРАУ.

«ЕЛІМ-АЙ!»

Ай аунап, жүйрік жылдар оза берген,
Ғасырлар көш-керуен соза берген...
«Елім-ай!» болып жұртқа сәлем айтқан,
Есіл ер, ерен жырау Қожаберген!

«Елім-ай!» – өлең шығар, дастан шығар,
Дастанға сыймай тасып, асқан шығар.
«Қарындастан айрылған...» деген кезде,
Қазір де қара көзден жас тамшылар.

«Елім-ай!» – зарым менің, шерім менің,
Шебімнен шарасыздан шегінгенім,
Біртұтас Алаш жұрты жау тигенде,
Білеміз бөлшектеніп, бөлінгенін...

«Елім-ай!» – еңіреген ер ұраны,
Еңкейсе не болады ел ұланы!

Ескерткіш мәңгілікке соғып кеткен,
Жырауды ардақ тұтсын Елі мәңгі!

«Елім-ай!» – шежіремнің тармақтары,
Ескерген келер күнге арнап бәрін.
«Елім-ай!» – туым болып желбіреген,
Ерлерім ата-жұртын қорғап қалып!

Бас иіп Бұқар жырау «Ғаділ ерге»,
Тайдырмай бастан жыға әбігерде,
Ұрпаққа жеткізіпті жырыменен,
Ұстазын ардақ тұтып қалың елге!

Әйгілі Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы,
Әлдилеп «Елім-айды» көкей үні,
Өсиет «Бабаңды сүй!» қалдырыпты,
Өмірден өкінішсіз өтейіні...

Жатқанда тоқсан тарау жол айрылып,
Жұртына оғыз -түрік орай бұрып,
Рухына Қожаберген тағзым жасап,
Жыр төкті Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Мына жыр – сол сарынның жалғасқаны,
Жорықта «Елім-ай!» жыр қол бастады!
Жұртымен Қожаберген қауышты ғой,
Жарқылдап асыл сөздің алдаспаны!

«МЫНАУ ҒАЖАП ДҮНИЕ»

Жанболат Аупбаевқа

Кеудеде күй күмбірлеп, ән қонақтап,
Ұмтылып көбелектей жанған отқа,
Тақырып үйірімен үйірілетін
Жампозы журналшының Жанболатқа.

Көшкенде көктемде бұлт ауып ғайып,
Көңілін бір демдейтін тауып байып.
Өткізді жастық шағын «Жас Алашта»,
Жарқылдап алдаспандай Аупбаев!

Хас батыр қарсы шапқан қалың жауға,
Жаужүрек ерлігімен мәлім болған.
Бұл Жақан қаламнан қол қалт еткенде
Баратын шөп шабуға Нарынқолға.

Шарлады туған жердің атырабын,
Жырлады топырағын, жапырағын.
Табысып таңғажайып тағдырлармен,
Жазды тек көңіліне тоқығанын.

Көк-жасыл тіршілікке сүйіне ме,
Көктөбе көз арбады жиі неге?!
Бір бала қалқанқұлақ тұр-ау қарап,
Ол жазған «Мынау ғажап дүниеге»!

17.03.2013 ж.

БОЛАТ ІНІМЕ БАЗЫНА ХАТ

БЕЛІБАЕВ Болат Латифұлына

Жар салып осы тойдың болатынын,
Шақырдың бір жыл бұрын, Болат інім.
Амалсыз Қызылжарға кетіп барам,
Әйелім үнемде деп жолақыны!..

Әншейін, әзілім ғой, қалжыңым да,
Әйелдің сөзін тыңдап алжыдым ба.
Сенсеңдер, мен ырықсыз кетіп барам,
Семейдің сағынып ем ән-жырын да.

Хас жырау Қожаберген ұлы тойы,
Халқының шамы болған үміт-ойы,
«Елім-ай!» сынды ұлы жыр қалдырған,
Әлі де түгенделмей жүр ұпайы...

Шақырды үш жүз елу жылдығына,
Шара жоқ құдіреттің құлдығына...
Елміз ғой өсіретін ертең үшін,
Әлпештеп ұлды мына, қызды мына.

Жар салып осы тойдың болатынын,
Шақырдың бір жыл бұрын, Болат інім.
Жас отау құтты болсын, тілегім сол,
Қазақтың мен бір кезбе жол ақыны.

Шаңырақ көтергенде Дәулет, Баян,
Шаттықтың тасығаны әулетке аян.
Бақытты ұл өсірген, қыз өсірген
Құдалар қуанышын елге жаям!

Бұйырар бұл маңдайға несібең сын,
Басыңа қонса бақыт көсілерсің.
Белгілі бұл қазаққа азамат боп,
Белібай ұрпақтары өсіп-өңсін!

Жан доспын Серікпенен – жан ағаңмен,
Саған да жан бауыр деп қарағам мен.
Орыным осы тойда бос тұрса да
Ортаңа әлі талай оралам мен.

Жар салып осы тойдың болатынын,
Шақырдың бір жыл бұрын, Болат інім.
«Адамның басы – Алланың добы» деген,
Кім білсін оның қайда қалатынын...

Өзім де бір қуаныш күтіп жүрмін,
Ұтылып, кейде бірақ ұтып жүрмін.
Қазанда, қоңыр күзде той өткізем

Үйленсе Мағауиям – бүтін жырмын.

Сол тойға шақырамын келінменен,
Болса да жасың кіші сенің менен,
Ағаңа осы жолы өкпелеме,
Келеді деп күтемін сенімменен!

Мен өзім қол бастаған батыр емен,
Арнаса айып емес ақын өлең.
Қазақтан артық айту мүмкін емес:
«Тойымыз тойға ұлассын сәтіменен!».

Алматы.
17.06.2013ж.

СӨЗ СӘУЛЕСІН УЫСТАҒАН

Академик Зәки Ахметовтің рухына

Зәки аға! Зәки аға!
Жаны жомарт, сақи аға,
Алты Алашқа айбын едің,
Айырылдық қапияда!

Он бесінде жарқылдадың,
Жиырма үште даңқың мәлім.
Лермонтов, Абай мұрасының
Аршығансың алтын дәнін!

Өлең сөзді жіліктедің,
Білімді едің, білікті едің.
Тәуелсіздік таңы атып,
Тәуба деді үмітті елің!

Қара өлеңнен қаймақ алдың,
Қалың қабат, ойға қалдың.
Клаузула, элизияға
Дәл өзіңдей бойлаған кім?!

Абыз ғалым ата көрген,
Жирмунский бата берген.
Әулиелік бітімің бар,
Өзі іздеп атақ ерген!

Сөзбен таңдай жібітемін,
Жетпісінде жігіт едің.
Бар болмысың қарапайым,
Бекзат-тұғын түбі-тегің!

Ғасыр сазы сөйлемінде,
Көретінмін, кейде, күнде,
Көзіңдегі отты ұшқын тұр
Көзілдірік әйнегіңде!..

Жыр сарайға шам алып кеп,
Ашқан өзің жаңалық көп,
Дәлелдедің тағы да сол
«Өлең шыңы – даналық!» деп.

Акын сынды туыс маған,
Батыр сынды ту ұстаған.
Сол бейнеңді ұмытпаймын
Сөз сәулесін уыстаған!

2013 ж.

«ТЕРІСКЕЙ» . ШӘМШІ. САБЫРХАН...

Кемпіршуақ. Сары күз. Сарыағашта,
Қиял да жоқ қиянға ала қашқан.
Қара ағашқа қонақтап бір топ торғай,
Арыз айтып сайрайды бар Алашқа.

Аспан ашық. Жел де жоқ. Желемік те.
Табиғат бұл жүгінбес төрелікке.
Жалт қараған ару қыз ұқсап кетті
Жәудір жанар бейкүнә сол елікке...

Әуелеткен ансамбль Шәмші әніне,
Ұмытасың елітіп, шаршадың не?!
Маңып кеткің келеді бұлтқа еріп,
Мағынасыз қол сілттеп барша күнге.

Әнші жігіт басқанда «Теріскейге»,
Әлеуметпен арманын бөліспей ме?!
Теріскей мен күнгейге Қазақ елі,
Түгел сыйып тұр десек, келіспей ме?!

Кәріні де, жасты да ән тербеді,
Ән-теңізде көтеріп желкендерін,
Ақ кемелер жүзгендей, би басталды,
Қыз-бозбала жұптасып көркем, керім.

«Теріскей, айналайын, келбетіңнен!»,
Талай жерде отырдым төрде кілең.
Кіндік қаның тамғаннан артық мекен
Іздесең де таппайсың жер бетінен.

Теріскейден күнгейге самғады ән,
Ән құтқарар тағдырдың қармағынан.
Өлең мен ән өмірдің мағынасы,
Артық нәрсе ал енді бар ма бұдан?!

«Теріскей» ән тым ұзақ қалықтады,
Жұрт та ұйып тыңдаудан жалықпады.
Шәмші қалай сыйғызған осы әнге,
Сағынғанын, сүйгенін, зарыққанын?!

Толқып-толқып басылды ән, ырықты алды,
Қашқан сезім қаншама құрықталды.

Жақын келіп әншіге бір кейуана
Алғыс-рахмет жаудырып тұрып қалды.

Әлеуметке содан соң бұрылды да:
«Көз жіберсем өткенге, бұрынғыға,
Бәрі кеше болғандай, күні кеше!..» -
Деді де бет сыйпады ырым қыла.

«Шәмшіні көзім көрді, тілдестім де,
Сабырханмен дос болды бір бес күнде.
Солар тірі болғанда осы қазір
Ортасында жайрандап жүрмеспін бе?!

Сабырханның жарымын, шырақтарым,
Осы ән болды әлгінде ұнатқаным.
Сарыағаштың суынан шипа іздеп,
Кәріліктің аулына тұрақтадым.

Тұңғиыққа Ай батып, Күн шығады,
«Теріскейді» тыңдап ем, тыншымадым.
Тіпті, қазір, байқамай қалыппын ғой,
Тамшы жастың көзімнен ыршығанын.

Еске алдым оларды, бәлкім, жүдеп,
Әннің даңқы барады әр күн үдеп.
Қуанғанын көріп ем екеуінің:
«Халық айта жүретін ән туды!» – деп.

Арқалаумен өтті олар көп тілегін,
Бұл күнге де ғұмырым жетті менің.
«Теріскейде» Шәмші мен Сабырханның
Махаббаты теңдессіз деп білемін!

Шипалы су тәніңді емдер, бәлкім,
Шын талантты өмірге берген халқым.
Асылдардың соңында ән қалады,
Әкетпейді бақиға теңдеп алтын!».

Ауытқымай әңгіме желісінен,
Жаңылмаған жан екен өрісінен.
«Атыңыз кім, апа?» – деп сұрап біреу,
«Шолпан!» – деді бір адам топ ішінен.

Күз қоймайды алманың піспесіне,
Құлап келе жатыр-ау түс бесінге.
Сабырхан Асановтың бір томдығы
«Шолпан» деп аталғаны түсті есіме!

18.10. 2013 ж.

“МЕН БІР АЛЫС САПАРДЫ АҢСАУЛЫМЫН”

Табиғаты әр текті ақындардың көп болғаны қандай жақсы. Әрқайсысының өз әлемі бар. Әрқайсысының өз сазы, өз әуені бар. Әрқайсысының өз қолтаңбасы, өзіндік көру аясы бар. Олардың қай- қайсысы да бір-бірінен ерек, бір-бірінен бөлек. Қай-қайсысының әлеміне кірсең де

тылсым бір қуатқа, құпия түзілістерге, сиқырлы бір құбылыстарға кезігесің. Олардың бір-бірінен климаты да, табиғи жаратылысы да, мінез болмысы да басқа-басқа. Ол әлемнің ішіне ендеп кіріп, онымен сұхбаттасқан сенің де көкжиегің кеңіп, көкірек көзің ашылып, бұрынғыдан да гөрі байып, бұрынғыдан да гөрі не қайраттанып, не айбаттанып, не тереңдеп, не биіктеп шығатының сөзсіз.

Ондай-ондай ақындар әлемімен, кездескен сайын, тек өзің ғана сұхбаттасып қоймай, оларды оқырман қауыммен тағы бір беттестіріп кездестіруге құштар боласың. Әрине, ол әлемді өз мүмкіндік- қабілетіңмен өзіңше ашасың. Кей-кейде өзің ашқан сол әлемге жалпақ жұртты да ортақтастырғың келеді.

Міне, сондай өз әлемі әбден қалыптасқан, ауа рай атмосферасы бұзылмастай боп берік түзілген ақындарымыздың бірі, сөз жоқ, Әділғазы Қайырбеков. Қазіргі қазақ поэзиясында өз орнын тауып, бұлжымастай боп нық орнығып алған Әділғазы о баста әдебиет табалдырығын аттағанда от ала келгендей алқын-жұлқын аптығып та, кез-келген нәрсеге шамшылдық танытып, беттен алып тіліп жіберетін мінез де көрсетіп келген жоқ. Яғни, ол алға ұмтылып, жұлқынып сөйлегеннен гөрі, өзіне тығылып сөйлегенді жөн көрді.

Мен бұл сөздерді айтқанда, аптығып сөйлейтін ақындардың немесе шамшылдық танытып беттен алып сөйлейтін ақындардың, болмаса ұмтылып, жұлқынып сөйлейтін ақындардың бәсін түсірейін, тек қана асықпай сөйлейтін ақындардың мерейін асырайын деп отырғам жоқ. Бәрі керек. Сөз жоқ, әр оқырманның өзінің жанына жақын өз ақыны бар. Осыны естен шығармаған дұрыс. Кейінгі кезде ақын деген мынадай болуы керек, әйтпесе ол ақын емес деп дүниенің тұтқасын өзі ұстап отырғандай кесіп сөйлейтіндер шыға бастады. Міне, осындай дүңкілдеген дүмшелік пікірлерден сақ болғанымыз жөн. Ал біз болсақ, бұл сөздерді Әділғазының болмыс-бітімінен, мінезінен, табиғатынан шығарып айтып отырмыз. Басқа ниет жоқ.

Ақын жаны мембрана сияқты. Ол қоғам мен уақыт бойында да, адам мен заман бойында да толассыз жүріп жататын қалт еткен қимыл мен жылт еткен сезімге дейін бірден-ақ селт етіп сергектік танытады. Өмір аса күрделі. Ақынның сол күрделі өмірдің күрмеулі тұстарын тарқата алмай, не болғанын білмей, не болғанын ұқпай аңтарылып қалатын, содан өз ішінде болып жатқан қым-қуыт құбылыстардың қимыл-қарекетін анық тани алмай қалатын тұстары аз болмайды. Ондай тұста ақын:

Ойларымның қорқамын тереңінен,
Адамдардың сескенем кереңінен.
Өзімді өзім ұмытып, өзгені де
Неге жылап отырмын, неге күлем? –

деп ал-дал болары сөзсіз. Тірлікте не көп, түсініксіз нәрсе көп. Адам жанында не көп, түсініксіз құбылыстар көп. Ал түсініксіз нәрсе мен құбылыстардың бәріне түсінікті жауап беру мүмкін емес. Кейде біздің ойлап-ойлап ой түбіне жете алмайтынымыз да, толғап-толғап шер түбіне жете алмайтынымыз да содан. Дүние алай-дүлей, қиыр-шиыр. Кейде сол дүниеге қарап тұрып шақшадай басың шарадай боп кетеді. Қай бағыт, қай жолмен жүру керектігін білмей дал боласың. Ондайда тұрғаның да, жүргенің де мәнсіз, мағынасыз боп кеткендей болады.

Бұралаңды бойлаймын,
Ирелеңмен құлдаймын,
Болжаусызды ойлаймын,
Болмашыны бұлдаймын,
Қалтылдақты есемін,
Шиқылдақпен шұбаймын.

Миына құрт түскендей мәңгірген болмыс. Өктем уақыт пен өпірем қоғамнан әбден теперіш көрген, әйтеуір кеудесінде жаны бар, бірақ тұлғалықтан жүрдай болған құр сұлба! Ілдалалап ілбіп, беталды лағып барады. Бұл – не қоғамнан, не заманнан титімдей бір аяушылық, титімдей қайырым көрмеген қорғансыздың күні ғой. Қуат- күшінің бәрі қайырылып-майырылған, жан-дүниесінің бәрі ту-талақай болып тоналған. Бас көтерер дәрмен жоқ. Содан ба, Әділғазының “Мен – Мағжанның мұңымын” деген сөзіне еріксіз иланасың.

Дәл осы кезеңде Әділғазының көзіне сұлба мен елес көбірек түсіпті. Оның аллегориялық сарказммен жазылған көк ешкі туралы өлеңі біздің бұл сөзімізді дәлелдей, нақтылай түседі.

Кешкіғұрым ешкі көрдім. Көк ешкі.
Бұған дейін бұл ауылда жоқ ешкі.
Ішіп- жейді екен көзі кісіні,
Мүйізі бар, құлағы жоқ. Мүсіні –
Құмырысқа бел келіншектен аумайды,
Қос жанары төңкеріліп аунайды.. –

апыр-ау, мынау көк ешкіге сүйсінейін бе, жоқ әлде одан тіксінейін бе?! Ал ақын болса, одан сайын ындыныңды құртып, ынтықтыра түседі.

Кел деуге де, кет деуге де ыңғайсыз,
Бастан халді кештіңіз бе мұндай сіз.
Жақындады маған енді көк ешкі
Күн кешкірген. Қызыліңір. Көмескі.
Иегімен нұсқап жақын дөңесті,
Әлдекіммен күбір-күбір кеңесті... –

Сайтан алғыр! Не боп кетті өзі?! Әлденеден тіксініп бойынды тартып алғандай болғаныңызбен, ойыңыз байланып, арбалып тұр. Бұл-бұл ма, енді сіз көк ешкінің “сайтандай сықылықтап күлгенінен” есіңіз кетіп, есеңгіредіңіз де қалдыңыз. Осылайша, әрі қарай не болар екен деп сізді де емінтіп, өзі де емініп отырған ақынымыз, кенеттен шиыршық атып ширатылып тұрған жіпті тарқатады да жібереді: күлегеш ешкіңіз “құр елес” боп шығады. Елес! Бұл – мына заманда кім-кімді де өзінің өтірік- жалғандығымен, қылымсып-құбылуымен, құйтырқы-зымияндығымен сан айлаға барып алдап-арбап тұрған мына зымиян Уақыттың сұрқия бейнесі ғой. Елес – бейнесі!

Әрине, Әділғазы өзі өмір сүріп отырған уақыт пен ортаның кескін-келбетін кілең бір осындай тұспалдау, ишаралау ғана арқылы көрсетпейді. Оның өз халқы, өз елінің өткенін де, бүгінін де ой елегінен өткізе отырып әрі сүйіне де, әрі күйіне де біледі. Ол сүйініштері мен күйініштерін нақты оралымдармен қолыңа ұстатқандай етіп айтатын тұстары көп. Оның “неге сонша халықпыз бағы биік, неге сонша халықпыз соры қалын” деп айтуы соған дәлел.

Ақын елі мен жерінің тағдыры үшін барынша алаң. Солай бола тұра ол, не болғанда да, жанын жеп жатқан күмәнға да, жүрегін кеміріп жатқан күдікке де беріліп кетпейді. Ертеңіне үмітпен қарайды. Тағы да ол үміт Алатаудай асқақ.

Алатауға арқа сүйеп, пір тұтып,
Шыршаларын алмайын деп үркітіп,
Шың- құздарға ақша бұлттай емініп,
Таң шапағы тұрған шақта төгіліп
Қыран қонған қияларға қарадым.
Алатауды айбын санап, сес көріп,
Алпамыстай айбарлы деп, Алла жар,
Арыстандай айбатты деп, Алла жар,
Қыран қонған қияларға қарадым.

Ертеңіне үлкен үмітпен, зор сеніммен қарау ғана бүгінгі күннің жан- жағыңнан буып тұрған құрсаулы қыспағы мен бұралаң қысталаңдарынан алып шықпақ. Өйткені үміт пен сенімде адам жанын нұрлы шапаққа бөлейтін, оны жігерлендіріп алға ұмтылдыратын ерекше қуат пен күш бар. Ойы мен бойы үміт пен сенімге суғарылған жан ғана тайсалмайтын табанды, қайтпайтын қайратты. Үміті берік, сенімі нық адамға басқа жұрт та үмітпен және сеніммен қарайды. Мына өмірдің еңсені езіп бара жатқан ауыртпалығын жеңілдетіп, алды- артыңды түгел орап алған зілмауыр қара шынжырын да үзетін сол үміт пен сенім. Содан да ақын оқырман жанына үміт ұялатып, сенім орнықтырғысы келеді.

Елінің өткеніне де, ертеңіне де аса бір құрақ ұшқан құштарлықпен қарай алатын, жас жағынан жер ортасынан ауып бара жатқан ақын жүрегі махабатқа да соншалықты сезімтал, соншалықты сергек боп шықты. Ол енді алыста қалған жас жігіт кезіндегі жайттарды қайтадан басынан өткізіп, тағат таба алмастан тербеліп, байыз таба алмастан теңселіп кетеді.

Қызыл жалқын күн батты,

Ымырт басты еңсені
Қымтап қара көрпесін.
Күте-күте мен сені
Терек болдым теңселіп
Терезенің алдында, –

дей тұра ол, “бұл бақытты шақ па еді, бар ғой, бірақ, әттеңі...” деп әлдеқандай бір кедергілерді аттап өтуі қиын екенінен хабар да бергендей болады. Бірақ махаббатқа әмір жүрген бе?! Жүрекке жарлық өтер ме?! Сондықтан ол осы бір “ұзақ-сонар ертегідей” созылған тәтті сезім мен ғажайып әлемнен дәл қазір қол үзер емес. Оған оның әдді де, әлі де жетпейді. Енді ол сол бір тәтті сезім мен ғажайып әлемнің тереңіне түсіп тұншығуға да, кеңістігін кезіп кезбе боп кетуге де даяр.

Бірақ шын махаббат қашан да драмаға толы. Ол қолыңа оп-оңай қона қалатын көлбеңдеген көбелек емес. Оның жолында аптапқа күйіп, аязға тоңып, талай-талай азапқа түсіретін азабы тұр. Содан да ақын “Бақыт болсаң егер сен, неге маған қайғысың?!” – деп зар илегендей жанталасқан күйге түседі. Тіпті ол “азабымсың – алдында бас ұрамын, ажалымсың – несіне жасырамын” деуге дейін барады. Әйтеуір ол көзге көрінбейтін темір торлы қапасты шеңберден шыға алмай әбден діңкелеп, итсілікпесі шығып әбігер мен әлекке түседі.

Сезіміңді ірікпесең болмай ма,
Бұл тұйықтан шығатұғын жол қайда.
Тым болмаса бір бұтаққа қонатын
Екеуіміз айналсақшы торғайға.

Тәңіріміз қанат берсе ғайыптан,
Көктей өтіп Ертіс, Есіл, Жайықтан,
Көк теңізден әрмен асып кетер ек
Мекен іздеп көк тұманнан айыққан.

Еремісің сен: соңымнан ер десем,
Ақталмай-ақ ант-су ішіп, тергесем...
Аспан жаққа алып кеткім келеді...
Жүрмейтұғын жан екенсің жерде сен...

Қайран махаббат сүйген жүрекке не дегізбейді?! Тұйыққа тіреліп қалған жан енді торғай боп пыр етіп ұшып кеткісі де, Ертіс, Есіл, Жайықты көктей өткісі де келіп тұр. Әрине, бұл шарасыздықтан туған қиял жемісі ғой. Солай бола тұра ақын жүрегінің арпалысына еріксіз сенесің, күмәнсіз қабыл аласың...

Ақыр соңында көзсіз ғашық болған ақын байғұс та күндердің күнінде сол бір тәтті сәтті ғажап әлемімен еріксіз қоштасады. Елти беріліп, езіле қоштасады.

Сағыныш сыздағаннан бермей тыным
Ұқтырды махаббаттың өлмейтінін,
Сол әуен енді мәңгі сөнбейтінін,
Сол күндер енді қайтіп келмейтінін.

Сонымен сусылдаған уақыттың асып-төгілген сезімге толы аппақ парағы асығыс ашылып, асығыс жабылды...

Ақын енді бүкіл тыныс-тіршілігі аласұрған арпалыстан, қайшылыққа толы шарпылыстан тұратын айнала болмысқа бұрынғыдан да жігі қарай бастады. Дүние аласапыран. Сол аласапыран дүниенің ішінде тай-таласқа түсіп жатқандар да, құлап жатқандар да бар. Әйтеуір ызу-қию. Қарап тұрса, адам түгілі “жанұшырып жағада жел жылайды, жалғыз ағаш жапанда күрсінеді”. Мұндай кезде ақын жаны қалай байыз таппақ.

Күнде майдан күндерім, күнде майдан,
Күнде күрес күндерім, күлме, ойлан.
Кесіп-пішіп айтудың өзі қиын
Келетінін бақ пен сор кімге қайдан.

Күнде бұлғақ күндерім, күнде бұлғақ,
Бұлғақ кешу біте ме білмедім нақ.
Тереңіне тартады бір тұңғиық,
Түпсіз тылсым тәрізді мүлде жұмбақ.

Күнде тұман күндерім, күнде тұман,
Кімге күйкі тіршілік, кімге күмән.
Кезіп кетті көк аспан, қара жерді
Ұшып шыққан кеудемнен бір жетім ән.

Ақын жанын басып алған бірде майданды, бірде бұлғақты, бірде тұманды, енді бірде күмәнді күндер сәт сайын ауысып, сәт сайын құбылып тұр. Соның бәрін арқалап жүру, майданына кіріп қылыш сілтесіп күресу, бұлғақты күндерінен сүрінбей өту, тұманында адасып, күмәнінде өзінді өзін жеп отыру оңай болып па?! Мұндайда кеуденнен сыңарсыз қалған жетім ән ұшпай, қайтсін?! Ол жетім әнде ақын жанын жай таптырмай құбылып тұрған ауа райының сызы да, сазы да бар. Айналып келгенде, ақын жанын аласапыран еткен ауа райы – қысқа күнде қырық құбылатын мына тәңір атқан кісәпір қоғамның аласапыран ауа райы ғой. Содан да ақын сонау бір кездегідей үздігіп, үзіліп сөйлемей кіжініп, қынжылып сөйлейтін болыпты. Бір кездегі шуақты, нұрлы тұстарын тұнжыраған мұңлы, тұманды сәттер тұмшалап алғандай. Өтіп бара жатқан өмір көшін көріп отырып көбірек зарығатындай, көбірек опынатындай.

Оң жағымда ауыл қалып барады,
Қараң-құраң көрінбейді. Көшкен бе?!
Ілесе алмай дауыл қалып барады,
Зымырадым тірліктен баз кешкендей.

Сол жағымда теңіз екен сырғыған,
Ақ кемелер көрінбейді айдында.
Ақ тұлпарым асулардан ырғыған,
Азайған жоқ уайым да, қайғым да.

Оң жағымда – балалық шақ, бал күнім,
Сол жағымда жігіттік шақ – сал күнім,
Қатар сырғып, қатар қалып барады.
Қайда мені асықтырды тағдырым?!

Осылардың бәрін көріп қамыққан, қабаржыған ақынның дәл қазір, өз сөзімен айтқанда, “көңілі ортайып, сезімі қартайып” тұр. Көңілдің ортайғанын қойшы, кім-кімнің де екі күннің бірінде көңілі ортая береді ғой. Сезімнің қартайғанын айтсайшы! Ақын үшін ауыр сәт! Өйткені ақын мына тіршілікпен сезімнің көзге көрінбейтін мың-мың тінімен жалғасқан ғой. Оның бір тінін жоғалту немесе үзіп алу ақын үшін азаптың азабы...

Әрине, ақын дегеніміз мына айнала тіршілікті, қоғамды, уақыт пен заманды сырттан бақылаушы емес. Солардың ішкі тыныс- тіршілігіне тікелей араласушы, өзге жұртпен бірге тұрып соларға ықпал етуші, жаманына күйініп, жақсылығына сүйінуші. Ал бүгінгі заман мен уақыт ішінде болып жатқан тайталас, текетірес тірліктің кескін-келбетін танып білу, оның рухани болмыс-бітімін зерттеп-зерделеу оңай шаруа болмаса керек. Ол үшін құлағың қашанда түрік, көзің қашанда жіті болғаны жөн. Сонда ғана гу еткен әрбір үіл мен лүп еткен әрбір дірілден көп гәп пен сыр ұғуға болады.

Бір ойға шомып бүгінде
Отырмын терек түбінде.
Бір қауіп барын аңғардым
Байғыздың бөтен үнінде.

Бір ойға шомып бүгінде,
Отырмын терек түбінде.

Бір үміт барын аңғардым
Бұлбылдың сиқыр үнінде.

Алмағайып заман. Қауіпі жаныңа үрей кіргізіп, көңіліңді алаң қып қойса, үміті жаныңа шуақ құйып, ертеңіне сеніммен қаратқызады. Дүние дегенің қауіп пен үміт боп таразының екі басына түскендей теңселіп тұр. Қайсысы басып кетеді? Белгісіз! Оның тек қазір “байғыздың бөтен үніне де, бұлбұлдың сиқыр үніне” де құлағы түрулі. Ақын екідай сезім ортасында.

Жалпы Әділғазы құстар туралы көп жазады екен. Ол мына өмірдің мінез-құлқы мен болмыс-бітімін құстар арқылы танып-білуге көбірек ден қояды. Оның “Құстар қайда” деген өлеңі біздің бұл сөзімізді тіпті де дәлелдей түседі. ... Бір көктемде ауылға құстар келмей қояды. Оған себеп құс тұмауы екен. Шалқар көлдер мен қараторғайлар қонатын ұялар жетім қалды. Аққу мен қаздардан да хабар жоқ. О, құданың құдіреті-ай, бұған енді не дерсің, жамандықтың хабаршысындай боп, “сұңқылдаған байғыз бен қарқылдаған қарғалар” қаптап жүр.

Қайран уақыт, дүлділ,
Сынаптайын сырғыр.
Сайрамаса қайтем
Бақтарға кеп бұлбұл?!

Қаңқу сөзге ермей,
Тарттым сырнай, керней...
Зарықтырса қайтем
Қарлығаштар келмей?!

Бұлыңғыр бұл күнім,
Қапырық бұл түнім...
Бозаңдағы аңсап
Бозторғайдың үнін!..

Қара хабар ұшты.
Қалың тұмау құшты.
Қауіптенген елдер
Қырып жатыр құсты!
Қырып жатыр құсты!

Бұл да бір ғасыр трагедиясы. Құстары келмей базары мен ажарынан айырылған бел мен көлді көріп, қырылып жатқан құстардың аянышты тағдырларын тұла бойыңмен сезіне отырып басқаша не демексің?! Қапаланасың! Күйінесің! Заман да уақыт та қатал. Бұл заман – “мамырда тас төбеңнен бұршақ жауып, маусымда күн түнеріп, қар борайтын” заман. Ақынның “өліктей суынып, тірідей өргенетіні” де содан. Өйткені “азаттығын алса да қайран қазақ, азабынан байырғы айрылмаған”. Осыларды ойлай-ойлай тұзаққа түскендей, тұйыққа тірелгендей күн кешкен қамығулы ақын бәрібір опырылып күйремейді, омалып отырып қалмайды. Кенеттен дүр сілкінеді! Тұнжыраған тұманды серпіп жіберіп, көлденең тұрған кедергілерді бұзып-жарып ертеңге, келер күндерге ұмтылады. Енді ол қапаста қалмақ емес.

Кетем, кетем сапарға пойызбенен
Той іздеген жоқпын мен, ой іздегем.
Ала таңда отырам бір айлақта
Ауыз ашып құрмамен, мейізбенен.

Ұшақпенен, кемемен жол шегемін,
Жол шегудің азабын өлшемедім.
Жалқы болсам деген бір жарты едім,
Бүтін болсам деген бір бөлшек едім.

Жан саулығын ойласаң, тән саулығын,
Табу қиын қапыда қамсау бүгін.
Мен бір бөтен әлемге асығамын,
Мен бір алыс сапарды аңсаулымын, –

дейді ақын. Бәріміздің аңсауымыз ғой бұл. ... Қазақ поэзиясында өз орнын баяғыда-ақ ойып тұрып белгілеп алған сара мінезді ақын Әділғазы Қайырбеков поэма жанрында да, оқиғалы өлеңде де көп-көп тер төкті. Оларға тоқталуға бұл жолы мүмкіндік болмады. Қазір Әділғазының нағыз толысқан шағы. Айы оңынан тусын!

Темірхан МЕДЕТБЕК,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты,

«Қазақ әдебиеті»,
№ 30-31 (3299)
13.07.2012 ж.

АЗАТТЫҚ, ТӘУЕЛСІЗДІК ЖЫРЛАРЫ

... Тәуелсіздік тақырыбына арналған лирикалық өлеңдерде ел тарихының ежелгі батырлық, ерлік, елдік шежіресін жаңғырта жырлау ерекше байқалады. Мысалы, талантты ақын Әділғазы Қайырбековтің «Азаттық алауы» өлеңінде ата-бабадан келе жатқан ұлы мұрат – Азаттық жолындағы күрестің үздіксіз болған белестерін еске алады. Қазақ тарихындағы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманы Алаштың, Абылайдың атын ұран етіп аттанған қарға тамырлы қазақ халқының Тәуелсіздік, Азаттық жеңістерін мәңгілік сақтайтынын жырлайды:

Жетсек біз тәуелсіз бұл күнге,

Жадыдан шығару мүмкін бе?!

Желтоқсан жастары жамылып мұз-қарды,

«Азаттық! Азаттық! Азаттық үшін!» деп,

Жаһанға жар салып тұрғанын.

Жоқтаймыз Желтоқсан құрбанын,

Жазамыз Азаттық жырларын! («Қазақ елі», №50, желтоқсанның 13-і, 1996, тышқан жылы).

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,

«Алматы ақшамы»,

15.12.1998 ж.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

* * *

Соңғы жылдарда санаттастары қатарынан суырылып шығып, қалам өнерінде халықты қарататын қадамдар жасап, жаңа жарасымдар жаратып жүрген бір топ ақындар бар. Солардың ортасынан, бәлкім, ең алдыңғы легінен адамдық жүріс-тұрысы момақан, сыпайы да сабырлы, ал бірақ ақындық мінезі адуын Әділғазы Қайырбековті көреміз.

Көне сарын, шежіре күй баурайды,

Тарбағатай басында бұлт аунайды.

Қара бұлтты қақ айырған найзағай,

Қабанбайдың қылышынан аумайды.

Бүкілхалықтық мақтаныш, елдік, ерлік, міне, осылай марапатталса, нұр үстіне нұр.

«Ағысың қатты екен, бала бұлақ,

Қойтастың бүйірін бір бүлк еткіздің».

Міне, динамика! Бұла тірліктің бұлқынысы! Әділғазының «Шер шертер» атты бір томдығындағы өлеңдердің басым көпшілігі осындай ойлылығымен, кестелілігімен ойға қалдырады екен.

Мұзафар ӘЛІМБАЙ,

«Алматы ақшамы»,

15.01.1999 ж.

ӘДЕБИ ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ПОЭЗИЯ – 98

Арғы бабалардан бастау алып, Дулат, Абайлардан бері сылдырап аққан сөз кәусары аласапыран ХХ ғасырдың өн бойында да терең сүңгіп, тас жарып, өз арнасын таба білді. Әйтпесе, Мағжан, Ілияс, Қасым, Қалижан, Хамит, Әбділда, Сырбай, Жұбан, Ғафу, Мұзафар, Мұқағали, Тұманбай, Қадыр, Төлеген, Өтежан, Сәкен, Жүмекендердің жалғасы – Кеңшілік, Жұматай, Исраил, Жәркен,

Темірхан, Жарасқан, Нұрлан, Иранбек, Жүрсін, Дәуітәлі, Тынышбай, Күләш, екі Серік, олардың жалғасы – Ұлықбек, Есенғали, Ғалым, Бауыржан, Мейірхан, Нұрлан, Әділғазы, Әбубәкір, Қасымхан, тағы басқалар қазақ жырының алтын өзегіне айналар ма еді? Жиырмамыншы ғасырдың алғашқы жартысы өзінің өнер желкесіне төндірген қанды қылышымен көзге елестесе, екінші жартысы, дәлірек айтсақ, алпысыншы жылдардан бері қарай өлең өлкесіне атой салып кірген толқын-толқын таланттарымен асқақ та айбынды. «Ақынның орны не төрде, не түрмеде» депті сол тұста Мұзафар ақын.

Ішкі бұлқынысын үндемей жүріп таныта келген Әділғазының Алаш сыйлығын алған жаңа жинағынан жаңа леп еседі.

Бір өлеңім бір тал ғана шырпыдай,
Сезім отын лап еткізсе шіркін-ай! – деп,

армандай отырып, өлеңнің өрде жатқан белжайлауына қалай көтеріліп кеткенін өзі де аңғармай қалады.

Табиғатта таныдым бояу көбін,
Жасыл жапырақ алады баяу демін.

Міне, шын ақын осылай сөйлеу керек. «Жапырақтың баяу дем алғанын» ақын ғана көріп, ақын ғана сезіне алмақ. «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» деп Мұқағали айтпақшы, бір жолы бір өлеңге татитын ақындардың қатары көбейе берсе қазақ өлеңінің мұртын балта кеспейтіні анық.

Несіпбек АЙТҰЛЫ.
«Қазақ әдебиеті»
16.04.1999 ж.

«АРМАН ҚАЛАР АДЫРА...»

Қалам ұстаған қатарластарының арасынан дараланып, қолтаңбасы айқындала бастаған ақындардың бірі – Әділғазы Қайырбеков. Осы күндері оның бірнеше жыр жинағы оқырман қолында жүр. Өлең өнеріне көңіл аударып, көз жіберген көп адамның Әділғазының әдемі жыр әуеніне құлақ асып, ұнатқанын талай көргенбіз. Оқырманын тапқан ақын талантсыз болмаса керек.

Жақсы жырдың жарқылы жанға сәуле құяды. Сондықтан оның иесін іздеп, ізін суытпай оқып отырғанға не жетсін. Бұл қатарға ақын Әділғазының «Ана тілі» баспасынан жақында жарық көрген «Шер шертер» атты жаңа жыр жинағын қосуға болады. Кітап көркем безендірілген, көлемі де көз тойарлықтай.

Бес бөлімнен тұратын жаңа жинаққа көңіл-күй, махаббат, табиғат тақырыбына арналған өлеңдер топтастырылыпты. Ақын ауыздығымен алысқан асау арғымақтай асып-тасып абдырамай, таудың мөлдір бұлағындай сылдырап қана сыр шертеді. Ойы орамды, тілі шұрайлы. Зорланып ұйқас жасауға ұмтылмайды. Айтар сөздің түйінін тауып, ойды түлете түсуге тырысады.

Өнерлі адамға табиғат таусылмас тақырып. Осы ойды нысана еткен ақын табиғаттың көз тұнар көркін, адамның көңіл күйімен қабыстыра қатар өрнектейді. Бұған айтар дәлел, дәйегіміз де жоқ емес.

Ей, ақша бұлт, аялда тамшыңды төк,

Қара бұлтқа айналу қиын қанша?!

Сайын дала тамшыға малшыңды деп,

Жар салайын, тағдырға сиынғанша.

Дәл осындай күй кешіп қиналамын,

Көңілдің көгіне бұлт жиылғанша – ,

деген жыр жолдарына түсінік беріп жату артық. Әйткенмен Әділғазының мына өлеңінен табиғат пен ақын мінезі ұқсас дегенді ұққандай болдык.

Өмірдің өзі ақ пен қараның қатар өріс алуынан тұратыны айқын. Бұл ретте ақынның ащы мен тәттіні, жақсы мен жаманды ой елегінен өткізіп барып ой түйетіні түсінікті. Құрғақ сөзде құн болмайды. Сондықтан ақын өлеңінің өзіне кезек берелік:

Ащы шындық, тәтті өтірік екеуінің тұнбасын,

Қаталап кеп сіміргенмен сырласым,

Аш өзекке бұл да сын!

Ал өмірдің көп екен ғой бұрмасы,

Көздің жасы құрғасын.

Арман қалар адыра, адасып ақ түтекте,

Жаның жылап тұрғасын.

деген жып-жылы жыр жолдары оқушыны ойға жетелейтіні, өмірдің өкініші, өзекті қарып өтетіні бірден байқалады. Махаббат тақырыбына қалам тартпаған ақын аз шығар. Жар көзінің жарқылы, жалт етіп көрініп сарқылмас сағынышқа айналған арман ақын жырының өзегі болып өрілсе, өкініш не?

Ақын өлеңдеріндегі тәкаппар сезіммен тәтті мұң қатар қабысып, өлең боп өрілгенде санаңа салмақ салады екен. Бұған:

Ерте үздім көк-жасыл жапырақты,

Көз жасына қалдым ба ерке қыздың?!

деген жыр жолдары дәлел бола алады. Жүректі шымырлататын шынайы сезімге құрылған көңіл-күй, махаббат жырлары жинақта аз емес. Олардың бәрін бас-басына талдап-таразылап жатуды артық санадық.

Алыстап кеткен арманға өкініп, алдағы өмірге алаңдау ақын өлеңдерінен өрнек тапқанын танығандай болдық.

Шұбырған көш-керуен жылдарым-ай,

Жамауға жыртық көңіл жүр жарымай.

Жарым-жарты, өң мен түс жалғанда бұл,

Жартаспын таудай толқын ұрған ұдай.

деген жырлардан жоғарыда айтқан ойымызды оқырман өзі ажыратпай алар деп сенеміз. Ақын өлеңдерінің көбі сырт қарағанда қарапайым болғанымен іші нұрға-сырға толы болып келетіні біз келтірген мысалдардан анық аңғарылады.

Ойы ұшқыр, қаламы қарымды ақынның жаңа кітабында біз тани алмаған тағы басқа да тартымды өлеңдер көп болуы мүмкін. Сондықтан «Мың естігеннен, бір көрген артық» демекші, ойлы өлеңнің отына жылынғысы келген оқырман осы кітапты тауып алып оқиды деген сенімдеміз.

Мінуар ӘКІМХАНОВ.

«Атамекен»,

№13-14 /198/,

28.07.1999 ж.

* * *

... Сондай таза ғана бір сәттік көңіл-күй ауанын мен Әділғазының «Көктеп кеткен жоқ па екен көк мұнара» топтамасына енген өлеңдерінен де аңғардым. Мұнда да керек тұсында көсіле сілтей алар асау бір арынның еркін сілтесі байқалар еді. Ой да бар, сезім де сені жетелеп ала жөнеледі.

Мен сенбіден секемденіп,

Жексенбіден жерінгем,

Күтіп тұрды бөтен көлік,

Көз ұшынан көрінген... – деп түйеді ол бір ойын.

Сәкен ИМАНАСОВ,

«Қазақ әдебиеті»,

15.10.1999 ж.

МАЗМҰНЫ

БІРІНШІ БӨЛІМ

Поэмалар

Қара жартас хикаясы. Поэма...

Ақ тұма. Поэма...

Шер-шемен.Поэма...
Жанартау. Поэма...
Желтоқсан жаңғырығы. Поэма...
Қожагелді батыр. Поэма...

ЕКІНШІ БӨЛІМ

Елтаңба...

«Көңіліме қарама, қабағыма...»...

«Мамыр келді,...»...

Ұлт мұраты...

«Уыстан шықты уақыт қалай ғана»...

«Азапқа да тек қазақ шыдайды анық»...

«Бұзып ағар бұйра жал су арнаны...»...

«Күннің қызыл арайын жия батқан»...

«Бір сауалға жауап жоқ миындағы»...

«Күн шапағы түседі шың басына...»...

«Адамды алдандырар асыл үміт»...

Ән ғұмыр...

«Көз алмай терезеден жарық жанған...»...

«Түбінде бір келер деп түс болжадым...»...

«Шақыруды құп алып»...

«Кімге айтасың, ішіндегі зарыңды...»...

«Бар еді менде, шіркін, достар қандай...»...

«Абыржудан қайран не, әбігерден...»...

«Тұла бойым өр намыс, таласар кім...»...

«Тағдыр жолы шиырлы, шырғалаңды»...

«Қос арғымақ алсаң да жетегіңе...»...

«Сыр тартқанда ғасырлар қойнауынан...»...

Ардақ тұтты ауылдың мұғалімін...

Ұлттың ұлы...

Құстар қайда?...

Қазақша оқыт балаңды!...

Алтайдың ақиығы...

«Сол бір сезім-ай лаулаған...»...

«Арайланған ақ таң, жарық күнім»...

«Көкжиек кең көрінсе де керілген»...

«Ығысып жасы кіші берген орын»...

«Бұрады көңіл шіркін күнгеіге көп»...

«Қазақ малын жинайды арнап тойға»...

«Ауылда артық көрер ат-арбаны»...

Жақсы жар...

«Аз болса да, көп болса да тағылым...»...

«Ай, жыл емес, артымда ғасыр қалып...»...

«Апармады жол қайда...»...

«Жаңбыр жуды тереземді, құрғатпай...»...

«Жігерімді әлі талай жанырмын»...

«Тағдырды адам өзі таңдамайды»...

«Айға қарап оқыдым дұға қанша»...

«Таныс дауыс, елендеп...»...

«Көнгенбіз сағыныштан сарғаюға»...

«Қарашы, өткен жолдың бұралаңын»...

«Жиі-жиі тартады оң қабағым»...

«Жаны сұлу жандарды дос көргенмін»...

«Өмірде таптым тосын ырғақ барын»...

«Қу соқпақ апарады, сірә, қайда»...

«Аунағанша тіршілік арбасынан»...
 «Бақтағы бұлбұл басқа, қарға басқа...»...
 «Әнімен желпіп самалды...»...
 «Көңіліңе қараймын, қабағыңа...»...

«Уақыт зулап, ұруда барабанын...»...
 «Құшаққа сыйғыза алмай жалғанды кең...»...
 Ағаға хат...
 «Желпімейді самалымен жаз ұдай»...
 «Бұрынғыдай базар ма...»...
 «Апыр-ай, кеше қандай, бүгін қандай...»...
 «Күй кернеп домбыраның тұр сағағын...»...
 «Шөпті басып, қаншама, қарды басып»...
 «Бүгін менің ұйқым шала, күлкім кем»...
 «Көп беремін деп едім, аз аламын»...
 «Сырынды дос ұқпайды...»...
 «Бір сәуле қайта жанды, өшіп барып...»...
 «Тұмшалап мұнар қалың, мұнар қалың...»...
 «Тап-таза, мөп-мөлдір, тым ұяң ең...»...
 Тіл тағдыры...
 Еркін, сенің сертің ән...
 «Ойыпты тереземе қырау өрнек...»...
 «Табасың алтын кілтін қай керектің...»...
 «Кей пенде үміт шоғын кеш үрлейді...»...
 «Баққұмармын демеймін, таққұмармын...»...
 «Бап талғауы да мүмкін, бақ талғауы...»...
 «Тұман қала...»...
 «Өрік қандай – үлжіген...»...
 «Тағы да торықтым, торықтым...»...
 «Кеңсайға» кеше бардым, бүгін бардым...»...
 «Баурайды ырғағымен, тылсымымен»...
 «Күнмен бірге шығамын да батамын»...
 «Сен – жұмбақсың»...
 «Сергелдең үстінде сырласпан, кеңеспен»...
 «От болып лаулап оянып келе жатыр Күн»...
 «Сезімді сырсандыққа құлыптадым»...
 «Кежегем кейін тартып кейде менің...»...
 Шар – Арман...
 Ашыну һәм ашығу...
 «Бал араға берер шырын, нәрін гүл...»...
 «Жүрек сазып тыңдаймын құстар әнін»...
 «Ол да кетті...»...
 «Өткен өмір, өңім емес, түсімдей...»...
 «Жайлауға бардық Мұрат ертіп бізді...»...
 «Көңілдің көп қызықтан қалғаны шын...»...
 «Көп кісінің ішінде көрдім биік...»...
 Тірі өлік...
 «Өтеді өткелектен небір пенде...»...
 «Ғасырдан ғасырларға баратын іс...»...
 «Төбемде будақ-будақ ой көшеді...»...
 «Талай рет түңілдім...»...
 «Арманшыл деп аяйды ақындарды...»...
 «Бәлкім, бұл елес шығар, түсім шығар...»...

ҮШІНШІ БӨЛІМ

Күлтегіннің көк тасы...
Тәуелсіздік толғауы...
Жүз жасаған жүрек...
Наурыздың нұры...
«Жанықтым ба, жалықтым ба...»...
«Би алаңы жарық қандай...»...
«Адамдардың арасын сөз бұзады...»...
«Мен Абайға дейін ұзақ жол шектім...»...
«Абай алыс...»...
«Абай менің мұнымды қайдан білген...»...
«Ғашықтықтың Абайша зарын ұқтым...»...
«Жапалақтап қар жауды...»...
«Кезектесіп келеді...»...
«Өзара өштеспеуді білмейтінін»...
«Сен қайтер едің мұндайда...»...
«Жанашырың жаныңа жара салып...»...
«Бозаруын қарашы, бозаруын...»...
«Ат қойдым немереме Зарина деп...»...
«Өзенді бұрар кейде арна басқа...»...
«Бәрі таныс...»...
«Жаркентке жас та келген, кәрі келген...»...
«Ыстық маусым шілде мен тамыз деймін...»...
«Табысқанмын Мұңмен және Елеспен...»...
Есе кеткен...
Қазақ мұңы...
«Құлағыма жеткен талып қай сыбыр...»...
«Жеткізбейді саған мына жол бұлғақ...»...
«Теңемегем өзімді қара нарға...»...
«Былай жүрсең, арба сынар...»...
«Қыстың соңғы айында...»...
«Көрінеді көп адам көзге дана...»...
«Өткен күннен не қалады ескірмей...»...
«Бөлшектендім...»...
«Қар жауады»...
Жол жыры...
«Неге өлең жазбай кеттің?» дегендей...»...
«Ерте тұрып, сәріден...»...
«Өмір екен...»...
Махаббат ...
«Оңаша ойлардан алам нәр...»...
Тәуелсіздік туы...
«Астанаға апарады жол қанша...» ...
Алматыда һәм Астанада...
Наркескен...

Жаны жаз аға – Өз-аға...
«Заринам «Ата» депті...»...
Анажүрек...
«Темір емес төзімім мен шыдамым...»...
«Жан екен жанарының нұры тайған...»...
«Аспанында Ай жүзген түн бар екен...»...
«Бөліне берер ой, сана...»...
«Көңілімде бір нала бар...»...
«Тағдыр ма бақ ұсынған, тақ ұсынған...»...
«Әнші бақтың таңдайын ән құрғатып...»...

«Сезімдерді тұтатып ең көмескі...»...
Тамшылар...
Жарық түсіп тұратын жолыңызға...
Өзегі жалын өр намыс...
Топан су. Тасқын . 2010...
Табиғатым...
Алмату – Алмалық – Алматы...
Қазақтың серті – Көк Туы...
Өскемен – Семей...
Қайран, Қасым!..
Алтын қалам...
Көктайғақта...
«Перзенттік парыз. »...
«Төбеден жаңбыр болып жаусын шаттық...»...
«Мынау шеткі зәулім үйге қарашы...»...
«Қымтап, орап тастады қаңтар қары...»...
«Сары күз...»...
«Оңаша қал демексің...»...
Жегі ой...
«Қайтсем екен. »...
«Жаурап-тоңып, жаурап-тоңып...»...
«Іргеде тұрар уайым...»...
«Тұрсақ та біз бойында бір көшенің...»...
«Жылды жаптым...»...
«Ақ шыңнан асуды жобалап...»...
«Ұмыттық қой сауап пенен обалды...»...
«Жалғызбын...»...
«Ор басында»...
«Жетінші Алтын.. »...
«Көк-жасылға малынып тұр...»...
Бес күндік жалған...
Шарждар шеруінде...
«Бұл қалада таныстарым...»...
Сұрапыл...
Жыраулар рухы...
Қожаберген жырау. «Елім-ай!»...
«Мынау ғажап дүние»...
Болат ініме базына хат.....
«Теріскейдің» әсерімен...
Мен бір алыс сапарды аңсаулымын...